

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара
іс-қимылды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации по организации межведомственного
взаимодействия по вопросам инклюзивного образования**

**Нур-Султан
2022**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 13 маусымдағы № 7 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 13 июня 2022 года)

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 187 б.

Методические рекомендации по организации межведомственного взаимодействия по вопросам инклюзивного образования – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2022. – 187 с.

Әдістемелік құралда еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің әкімшілігіне, әдіскерлері мен педагогтеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады. Берілген құрал білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына мектеп ортасында «Баршаға арналған білім» қағидатын іске асыруда пәрменді практикалық көмек көрсетуі тиіс.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігіне, еліміздің педагогтеріне, сондай-ақ білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В методическом пособии администрации общеобразовательных школ, методистам, педагогам страны предлагаются методические рекомендации по организации межведомственного взаимодействия по вопросам инклюзивного образования. Пособие должно оказать действенную практическую помощь администрации и педагогическому коллективу организации образования в реализации принципа «образование для всех» в школьной среде.

Методические рекомендации предназначены администрации общеобразовательных школ, педагогам страны, а также специалистам отделов и управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022
Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2022

Кіріспе

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың және мүгедек балалардың білім алуы олардың табысты әлеуметтенуінің, кәсіби және әлеуметтік қызметте өз қабілеттерін тиімді іске асырудың негізгі шарты болып табылады. Мемлекет пен қоғамның алдында тұрған осындай балаларға қатысты негізгі міндет – олардың қоғамда одан әрі оңалуы және қоғамға бейімделуі мақсатында білім беру және арнайы әлеуметтік қызметтерді алуға жағдай жасау және көмек көрсету.

Қазақстан қазіргі уақытта шынайы инклюзивті білім беруді жетілдіру жолында. Бұл жолда отандық білім берудің жүйелі проблемаларын еңсеру қажет. Білім беру саласындағы инновациялық процестер ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына қосуға бағытталған. Инклюзивті білім беру тек білім алу құқығын берумен шектелмейді, мемлекет білім алушыларды экономиканың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін сапалы біліммен қамтамасыз етуі керек.

Инклюзивті білім беруді іске қосу процестері кешенді сипатқа ие және оларға мемлекеттік құрылымдардың, ата-аналар қоғамдастығының, отбасының, білім беру ұйымдары мен органдарының, сондай-ақ үкіметтік емес сектордың қатысуын көздейді. Бұл процестердің маңызды кезеңінде жалпы білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру көзделуі тиіс.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың кешенді өзара іс-қимылы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өз-өзіне қызмет көрсету, еңбек ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін бейімделуінің жеткілікті деңгейіне; өзін қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде сезіну үшін мемлекеттің мәдениеті мен экономикасының дамуына қолдан келгенше үлес қосуына қол жеткізуге болады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуы – олардың табысты әлеуметтенуінің, қоғамға толыққанды қосылуын қамтамасыз етудің, кәсіби және әлеуметтік қызметте өз қабілеттерін тиімді іске асырудың негізгі және ажырамас шарттарының бірі.

Осы ұсынымдарды әзірлеу барысында деректер жинау негізінде нормативтік құқықтық қамтамасыз етудің ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді, балалардың сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру кезіндегі проблемалар тізбесі жүйеленді, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Берілген әдістемелік ұсынымдар инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды жүйелеу мақсатында жалпы білім беретін мектептердің әкімшіліктеріне, еліміздің әдіскерлеріне, педагогтеріне, мемлекеттік органдардың өкілдеріне ұсынылады.

1 Инклюзивті білім беру артықшылығының әлеуметтік-экономикалық негіздері

1994 жылы ЮНЕСКО-ның Саламанка декларациясы қабылданған сәттен бастап инклюзивті білім беру біртіндеп білім беру саясаты төңірегіндегі халықаралық пікірталастардың назарын өзіне аудартуда. Инклюзивті білім берудің білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың академиялық және тұлғалық нәтижелеріне оң әсерінің дәлелдері болғанымен, аталмыш реформаның экономикалық тұрақтылығы жөнінде ақпарат шектеулі.

Осыған байланысты ағымдағы жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) инклюзивті білім берудің әлеуметтік-экономикалық негіздері бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылды [1]. Алдағы бөлімде аталмыш зерттеудің негізгі тұстары келтіріледі.

Жоғарыда атап өтілгендей, инклюзивті білім беру соңғы бірнеше онжылдықта білім беру теориясы дискурсында негізгі концепцияға айналып келеді. Расымен, әртүрлі білім беру жүйелері мүмкіндіктері мен қажеттіліктері әртүрлі білім алушыларды бір білім беру ортасына кіріктіруге бағытталған саяси реформалар мен өзгерістерді жүзеге асыруда. Білім берудегі инклюзия білім беру жүйесіндегі шектеуші немесе сегрегациялық ерекшеліктерді болдырмауға бағытталған, сондай-ақ оның білім берудегі интеграциядан айырмашылығы әлдеқайда көп. Инклюзивті білім беру – жеке ерекшеліктеріне қарамастан барлық білім алушылардың білім алуы мен жетістікке жетуі жолында кедергілерді болдырмауға бағытталған процесс. Инклюзивті білім берудің мәніне сәйкес, білім алушы жүйеге емес, керісінше, жүйе білім алушыға сәйкес келуі тиіс. Себебі білім беру процесіне қосылмау білім алушыға немесе оның ерекшеліктеріне емес, жүйенің өзіне тікелей байланысты болады.

Дегенмен инклюзивті білім беру реформаларының тиімділігі немесе тиімсіздігіне қатысты зерттеулер кемде-кем. Ал мұндай ақпараттың, керісінше, кез келген елдің Үкіметі мен мүдделі тараптарына елдің дамуы үшін қажетті тиімді әрі тұрақты шараларды жүзеге асыруда құнды болары сөзсіз. Мысалы, инклюзивті емес білім беру жүйесіндегі әртүрлі білім алушылардың төмен үлгерімі нәтижесіндегі жеке және әлеуметтік шығындарды қарастыру мүмкін болар еді. Себебі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты дискриминацияның әртүрлі формаларынан болатын шығын жеке ғана емес, қоғам деңгейіндегі сипатқа ие.

ЭЫДҰ-ның 2006 жылғы көрсеткіштеріне сәйкес [2], білім беру бірқатар жанама пайда әкеледі және оның экономикалық тиімділігі де зор. Мысалы, білім берудің жоғары деңгейі денсаулықтың, әлеуметтік өзара байланыстың кейбір аспектілерінің жақсаруымен және саяси өмірге араласумен байланысты.

ЭЫДҰ-ның жүргізген зерттеуіне сәйкес [1], 1960 жылдардан бастап экономикалық әдебиетте білім берудің елдің кіріс деңгейін, атап айтсақ, жан басына ЖІӨ-нің (Жалпы ішкі өнімнің) жыл сайынғы өсімін арттырудағы рөлі зерделеніп келеді. Жеке тұлғаларға білім беру, білік және дағды қалыптастыру, яғни адами капиталды байыта түсу олардың өнімділігі мен еңбекке қабілеттілігін

арттырады. Бұл өз кезегінде елдің жалпы кірісі мен даму деңгейін жоғарылатады. Сонымен қатар жеке экономикалық емес нәтижелердің өзі де қоғамға келесідей жалпы әсер етеді:

- зорлық-зомбылық пен қылмыс деңгейін төмендетеді;
- денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыру жүйелеріне кететін шығындарды азайтады (мысалы, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы және т.б.);
- сондай-ақ инновацияларға ықпал етеді.

Жеке тұлғалардың қабілеттілігін арттырудың тұлғалық жетістіктермен қатар, экономикалық тиімділігі де жоғары. Бұл ұлттық денсаулық сақтау мен әлеуметтік-саяси шығындарды үнемдеуге де қатысты. Мысалы, саяси өмірге белсенді қатысу және топтар арасындағы позитивті қатынастардың қалыптасуы.

Барлық білім алушыларды білім беру ұйымдарына тартудың маңыздылығы адам құқықтарынан бастап, білім беру, тұлғалық және қоғам деңгейіндегі пайданы қамтиды. Инклюзивті білім берудің барлық білім алушылардың сапалы білім алуын арттыруда септігі тигізетіндігі дәлелденді. Себебі ол әртүрлі қажеттіліктері бар барлық білім алушылардың оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне бағдарланған және бағытталған. Инклюзивті білім беруді тыңғылықты жоспарлау білім алушылардың үлгерімінің артуына, әлеуметтік-экономикалық өсуіне, өзін-өзі сыйлауына және қатарлас достарының мойындауына түрткі болады. Сонымен қатар әртүрлі қажеттіліктері бар білім алушыларды білім алуға тарту мектепте және қоғамның стигматизация, стереотип, дискриминацияға қарсы күресінде оң септігін тигізетіні анық.

Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, білім берудегі теңдік пен инклюзивтілік жалпы өркендеу мен тұрақты даму үшін маңызды [3]. Білім берудегі әртүрлілік елдің ішінде де, елдер арасында да кіріс теңсіздігінің басты себептерінің бірі болып есептеледі. Бастапқы білімдері болмаған халық ұлттық кірістің төменгі 40%-ында орналасады және экономиканың жаһандануы жағдайында олардың табысқа жетуі екіталай. Әлемдік даму жөніндегі Дүниежүзілік банктің 2012 жылғы баяндамасында көрсетілгендей, инклюзивті білім беру әділ қоғамды қалыптастырудың қуатты тетіктерінің бірі болып табылады [4].

Сондай-ақ инклюзивті білім беру балаларға бір-бірінің қабілеттерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін тани түсуге мүмкіндік береді. Бұл процесс маңызды достық қарым-қатынасты нығайту негізінде әлеуметтік өзара байланысты күшейтуге септігін тигізеді. Жаһандана түскен әлемде инклюзивті білім беру азаматтардың бір-біріне сенімін нығайта түседі.

ЭЫДҰ зерттеулеріне сәйкес [1], мемлекеттердің үкіметтері білім беру жүйесіндегі қаржылық тұрақтылыққа аса алаңдаушылық білдіреді. Ерекше қажеттіліктер және инклюзивті білім беру бойынша Еуропа агенттігінің деректеріне сәйкес [5], инклюзивті білім беруді қаржыландырудың басты себептерінің бірі білім берудегі шектеу стратегияларының алдын алу: мұндай шектеулер білім алушылардың сапалы білім беруге құқықтарын тежеп, сәйкесінше білім беруге шығындардың артуына алып келеді.

Барша балаларды білім беруге, сәйкесінше қоғамға қосу нәтижесіндегі әлеуетті тиімділікті бағалау қиын. Бұл білім алушылар әлеуетінің ағымдағы

шығындарын бағалау қиындықтарымен және сәйкесінше бұл деректерге қолжетімділіктің шектелуімен түсіндіріледі. Бұл академиялық топтың инклюзивті білім беруден келіп түсетін әлеуетті пайданы жан-жақты бағалауын қажет етеді. ЭЫДҰ елдері үлгерімі төмен білім алушыларының академиялық нәтижелерін жақсарту есебінде қол жеткізетін пайданың базалық бағалары бар.

Мысалы, 2010 жылы ЭЫДҰ өзіне мүше мемлекеттердің халықтарының танымдық дағдыларын жақсарту есебінде айтарлықтай экономикалық кіріс түсетінін анықтады. ЭЫДҰ деректеріне сәйкес, барлық елдердің PISA (Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы) орташа балын келесі 20 жыл ішінде 25 тармаққа жоғарылату ЭЫДҰ ЖІӨ-нің 115 трлн АҚШ долларына дейін (94,7 трлн еуро) артуына алып келеді.

Бұдан да ірі мақсаттар, мысалға, ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттердің барлық білім алушыларының тілді меңгеруін минималды деңгейге жеткізу (PISA бойынша – 400 балл), ЖІӨ-нің 200 трлн АҚШ долларына дейін (164,78 трлн еуро) артуына алып келер еді. ЭЫДҰ мүше мемлекеттердің барлығын 2009 жылы тиімді білім беру жүйесі көрсеткіштеріне келтіру (Финляндия) 260 трлн АҚШ доллары (214,21 трлн еуро) көлеміндегі пайдаға алып келер еді [6]. Бұл топтарды нақты қолдау тиімділігі төмен елдердің орташа нәтижелерін, сәйкесінше ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттерге келетін пайданы арттыруға септігін тигізеді.

ЭЫДҰ деректеріне сәйкес, кірістер мен шығындардың толыққанды экономикалық анализін жүргізу қиын. Себебі пайданы сандық бағалау мүмкін емес және бұл көрсеткіш ұрпақтарға таралады [1].

Десе де, атқарушы органдар мен білім беру ұйымдары есте сақтауы тиіс нәрсе – инклюзивті білім беруге көшу шығындарды азайтуға бағытталған шара емес. Инклюзивті білім беру моделін енгізу үшін қажетті ресурстардың қатарына мектеп педагогтері мен қызметкерлерін даярлау, инфрақұрылымды бейімдеу, қосалқы жабдықтарды сатып алу, оқу бағдарламаларын бейімдеу кіреді. UNESCO деректеріне сәйкес [7], мұндай инвестициялардың тиімділігі жоғары, өйткені олар параллель жүйелерді іске қосуға кететін шығындарды азайта түседі. Себебі әртүрлі жүйелер әртүрлі жағдайды қажет етеді. Инклюзивті білім беруді қолдаудың арнайы білім беруге кететін шығындарға қарағанда тиімдірек екендігі әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты әдебиеттерде дәлелденген [8].

Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, инклюзивтілік әдетте көп қаржыны қажет ететін, тиімсіз, тұрақсыз, тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана қатысты модель ретінде түсінілгенімен, инклюзивті білім беру модельдері сегрегацияланған білім беру модельдеріне қарағанда әлдеқайда тиімдірек [9]. Академиялық топтарда 1990 жылдардан бастап 2000 жылдардың басына дейінгі аралықта жасалған зерттеулерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға инклюзивті жағдай жасауға кететін шығындар көлемі қарастырылды.

Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенетін болсақ [10], инклюзивті жағдайда білім беретін мектептер арнайы мектептермен салыстырғанда шығындарды азайтады. Бүгінгі таңда көптеген елдер білім берудің жеке жүйелерінің

басқармаларын, ұйымдастырушылық құрылымдарын және қызметтерін басқару тиімсіздігін алға тартуда [11]. ЮНЕСКО деректеріне сүйенетін болсақ [11], мүдделі тараптар оқшауланған топтарды негізгі білім беру жүйесіне қосуда көп қаржыны қажет етеді деп ойлағанымен, барлық білім алушыларды қамту болмашы түзетулерді ғана қажет етеді.

ЮНЕСКО зерттеулеріне сәйкес [7], мұндай инвестициялар тиімді болар еді, себебі қаражатты тиімді пайдалану мүмкін болар еді, өйткені олар параллельді жүйелерді іске қосуға кететін артық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беруді қолдаудың арнайы білім беруге кететін шығындарға қарағанда тиімдірек екендігі әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты әдебиеттерде дәлелденген [8].

Жалпы, ЭЫДҰ-ның осыған дейінгі жұмыстарында инклюзивті білім беру сегрегацияланған білімге қарағанда тиімдірек деп танылды, себебі арнайы мектептерді қамтамасыз ету мектептерге бөлінетін қаржыландыру негізінде жалпы білім беретін мектептерді қамтамасыз етумен салыстырғанда қымбатқа түседі [12]. Көптеген елдер бүгінгі таңда жеке білім беру жүйелеріне арналған бірнеше басқару жүйелерін, ұйымдық құрылымдар мен қызметтерді басқарудың тиімсіздігін назарға алуда [11].

PISA нәтижелері елдің жоғары көрсеткіштері мен олардың білім алушыларының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен білім беру нәтижелері арасындағы өзара байланыстың әлсіз екендігін дәйекті түрде көрсетеді. Кейбір білім беру жүйелері орташа үлгерімнің жоғары деңгейіне де, білім берудегі теңдікке де қол жеткізе алады [13]. PISA-ның соңғы басылымының (2018) нәтижелеріне сәйкес, оқу бойынша ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткішінен жоғары балл жинаған 25 мемлекеттің 11-інде білім алушылардың үлгерімі мен әлеуметтік-экономикалық мәртебесі арасындағы өзара байланыстың күші ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен айтарлықтай төмен [14].

Аустралия, Канада, Дания, Эстония, Финляндия, Гонконг (Қытай), Жапония, Корея, Макао (Қытай), Норвегия және Ұлыбританиядағы білім беру жүйелері оқу сауаттылығы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізсе, әлеуметтік-экономикалық мәртебе орташа деңгейге қарағанда төменірек үлгерімді болжады. Бұл нәтижелер білім беру жүйесіндегі әділеттілікке салынған инвестициялар халықаралық тесттердегі үлгерімнің жоғарылауына ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Осылайша, ЭЫДҰ жүргізген зерттеуге сәйкес [1], мемлекеттер шығындарды азайтуға бағытталған шараларға назар аударудан бұрын, білім беруді экономикалық тұрғыда тиімді етуге қажетті ресурстарды оңтайлы пайдалану және шығындарды барынша азайту мәселесін қарастыруы тиіс. Қосымша оқу жылдарын қамтамасыз етуге жұмсалатын ресурстар оқуда қиындықтарға кезігетін білім алушыларды дәл сол оқу жылы қосымша қолдау секілді алдын алу шараларына инвестициялаған жөн [11].

Сонымен қатар екінші оқу жылына қалдыру, әдетте, тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан білім алушылар арасында жиі кездеседі. PISA 2018-ге қатысқан барлық елдерде дерлік әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан нашар мектептерде оқитындар, қолайлы мектептердегі білім алушыларға қарағанда, екі

топ та оқу сауаттылығы бойынша бірдей балл жинағандарына қарамастан, сол сыныпта қайта оқуға қалдыру ықтималдығы жоғары [15]. ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттер бойынша орташа көрсеткішке сәйкес, тұрмысы нашар отбасыдан шыққан білім алушы оқу сауаттылығы бойынша PISA тестінде бірдей балл жинаған білім алушымен салыстырғанда оқу жылына екі есе жиірек қалдырылады. Бұл академиялық нәтижелерден бөлек – мінез-құлық, қатысу, білім алушылардың игілігі және т.б. секілді факторлардың мұғалім бағаны қойған кезде немесе мектептер баланы қайта оқу жылына қалдыру қажет пе деген шешімін шығарған уақытта назарға алынады [15].

Инклюзивті білім берудің кеңінен таралуының тағы бір себебі – кедейліктің қысқаруы секілді экономикалық аргументтің пайда болуы [16]. Экономикалық анализге балама ретінде инклюзивті емес жүйелердегі әртүрлі білім алушылар үлгерімінің төмен нәтижелері салдарынан жеке және қоғамдық шығындар тұрғысынан елдер мен қоғамдар үшін инклюзивті білімге көшудің артықшылықтарын атауға болады. Әртүрлі білім алушылардың барлық топтары білім берудегі проблемаларға тап болуға мәжбүр, бұлар олардың үлгерімін төмендетіп, әлеуетін шектейді. Шынында да, иммигрант білім алушылар, этникалық азшылықтар және т.б. осы секілді білім алушылардың әртүрлі топтары өздерінің ауқатты құрдастарымен салыстырғанда төмен үлгерімді көрсетеді. Сонымен қатар олар мектеп тәжірибесімен салыстырғанда әлеуметтік және эмоциялық игіліктерінің төмендігі жөнінде хабарлайды.

Атап өткеніміздей, әлемдегі дискриминация гендерге, географиялық орынға, әлеуметтік-экономикалық статусқа, мүгедектікке, этникалық ерекшеліктеріне, тілге, миграцияға, бас бостандығынан айырылуына, дінге және т.б. сенімдер мен көзқарастарға негізделе алады.

Өз кезегінде, білім беру саласындағы осы топтарды кемсітудің әртүрлі нысандары жеке шығындар ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік деңгейде де шығындарға да әкеледі.

Теңсіздік халықтың белгілі бір топтарының білім беру жетістіктеріне кедергі келтіруі мүмкін, олар жоғарыда айтылғандай, олардың өмір бойы жұмыспен қамтылуын, денсаулығы мен болашағын анықтай алады. Мысалы, географиялық сегрегация білім алушылардың нәтижелеріне қатты әсер етеді: зерттеулер ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен балалар мен жасөспірімдердің нәтижелері, оның ішінде мінез-құлық проблемалары, жасөспірімдер қылмысы, үлгерім және денсаулық проблемалары арасындағы байланысты анықтады [17].

Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін экономикалық және әлеуметтік салдардың ауқымы кең және білім алушылардың әртүрлі топтарына таралады. Әлеуметтік интеграция мектеп кезінде де, балалардың ересек өмірінің басында да инклюзивті білім берудің оң нәтижелерінің бірі болып саналады [18]. Бірінші жағдайда, бұл мектеп пен мектептен тыс іс-шараларға қатысу арқылы қысқа мерзімді әлеуметтік интеграция ретінде анықталады, ал екінші жағдайда бұл жұмыспен қамту және әлеуметтік өмірді басқару сияқты әлеуметтік интеграцияның ұзақ мерзімді түрлерін көрсетеді.

Бұл шарттар сондай-ақ мүгедектігі және бұзушылықтары жоқ білім алушыларға да пайдалы. Себебі ерекше білім беруді қажет ететін балалармен бірлесіп сабақ оқу олардың әлеуметтік оң пікірлері мен ұстанымдарының қалыптасуына түрткі болады [19].

Инклюзивті білім беру саласындағы маман Эми Фаркас өз зерттеулерінде инклюзивті білім беруді іске асырудың келесі маңызды себептерін атап өтті [20]:

- инклюзивті білім беру жалпы оқу нәтижелерінің жақсаруына алып келеді;
- инклюзивті білім беру ортасындағы барлық балалар әлеуметтік тұрғыдан пайда көреді;
- инклюзивті білім беру экономикалық тұрғыда тиімді болады.

Автор инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың үш маңызды артықшылығын атап өтті:

Барлық білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсарту. Оқытуды жоспарлау, жүзеге асыру және бағалау тәсілдеріне елеулі өзгерістер енгізу негізінде инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету барша білім алушылар үшін артықшылықтарға ие. Жалпы білім беретін мектептерге қосылған ерекше білім беруді қажет ететін балаларда білім беру сапасының жақсаруы байқалады, өйткені ол балаға көбірек бағдарланған және барлық балалар үшін, оның ішінде әртүрлі мүмкіндіктері бар балалар үшін жақсы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, ерекше білім беруді қажет ететін балалар бөлек сыныптарда білім алатын мүмкіндіктері шектеулі құрдастарына қарағанда жалпы білім беретін мектептерде академиялық нәтижелер бойынша жақсы жетістіктерге жетеді және мінез-құлықтары жақсара түседі. Сонымен қатар педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беруге қосу бойынша іс-шараларды іске асыруда біліктіліктерін арттырғанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту деңгейі мен стандарты жоғарылайды, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері жоқ білім алушылардың да оқу деңгейі артады.

Барлық балалар, бірақ, ең алдымен, ерекше білім беруді қажет ететін балалар көп пайда көреді, өйткені әр бала өз жасындағы басқа білім алушылармен бірге білім ала отырып, жеке мақсаттарға жету үшін жұмыс істейді. Жалпы, инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы мектептерде қолжетімді бағдарламаға қарағанда кеңірек оқу бағдарламасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Инклюзивті сыныптар, әдетте, арнайы сыныптарға қарағанда оқуға көбірек көңіл бөледі. Мектеп тұрғындарының ауқымын кеңейту арқылы оқытушылар, әкімшілер және барлық мектеп қызметкерлері инклюзивті білім беруден көп пайда көреді. Барлық білім алушылар үшін инклюзивті мектеп ересектер бір-бірінен және білім алушылардан үйренетін неғұрлым инклюзивті қоғам ретінде дамиды. Барлық балалардың мүмкіндіктерін жақсы түсіне отырып, мектеп қызметкерлері жоғары үміт қоя отырып, сапалы оқытуды қамтамасыз етеді, осылайша өзін-өзі қалыпқа келтіретін жетістік циклін құрады.

Барлық балаларға бірдей пайдалы болу. Инклюзивті білім барлық балалардың бірге өмір сүруіне, білім алуына, бірігіп ойнауына кепілдік береді. Бұл барлық балаларға бір-бірінің қабілеттері, таланттары, сондай-ақ бір-бірінің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы білуге және оларды қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыруға және олардың бір-бірімен және айналасындағы әлеммен қарым-қатынас жасау қабілетіне сенімділік беретін достық қарым-қатынасты дамытуына мүмкіндік береді. Барлық балалар бірге оқыған кезде мектептерде және жалпы қоғамда мінез-құлықтың жағымды өзгерістері байқалады, бұл стигматизацияны азайтуға және мүгедек балалардың әлеуметтік ортаға қосылуына мүмкіндік береді.

Зерттеу көрсеткендей, инклюзивті ортада орташа және ауыр ақыл-ой бұзылыстары бар білім алушылар бөлек сыныптарда білім алатын құрдастарымен салыстырғанда өз дербестігі мен әлеуметтік дағдыларын бағалау кезінде бірдей немесе одан да жоғары балл алуда. Барлық балалар толеранттылықты, айырмашылықтарды қабылдауды және әртүрлілікті құрметтеуді үйренуде. Сонымен қатар өз құрдастарымен бірге білім алатын ерекше білім беруді қажет ететін балалар өз қоғамының табысты мүшелері мүмкіндігіне ие болады.

Кедейлікті азайту: тиісті білімнің болмауы ерекше қажеттіліктері бар және қажеттіліктері жоқ барлық балалар үшін кедейлік пен әлеуметтік оқшаулану қаупінің негізгі факторы болып қала береді. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білімнің болмауына байланысты кедейлік қаупі ерекшеліктері жоқ балалармен салыстырғанда жоғары болуы мүмкін. Білім беру саласынан шығарылған ерекше білім беруді қажет ететін балалар ұзақ мерзімді және өмір бойғы кедейлікке ұшырауы ықтимал. Олар қоғам үшін және олардың отбасы мүшелері үшін экономикалық ауыртпалыққа айналары сөзсіз.

Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша, «мүгедектік» ұзақмерзімді кедейлікпен байланыстырылады. Себебі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тәжірибе мен білім – адами капиталды иелену мүмкіндігі екіталай, бұл оларға неғұрлым жоғары табыс алуға мүмкіндік берер еді. Белгілі болғандай, мүгедек адамдардың экономикаға қатыспауынан ЖІӨ шығыны 1,71 трлн. АҚШ долл. және 2,23 трлн. АҚШ долл. аралығын, жылына жалпы әлемдік ЖІӨ-нің 5,35 және 6,97 пайызын құрайды. Барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғам үшін ауыртпалық емес, салымшы ретінде тану маңызды. Ұзақ мерзімді перспективада инклюзивті білім беру сапасын қамтамасыз ету мемлекетке тәуелділікті төмендетіп, олардың экономикалық әлеуетіне ықпал етуі мүмкін.

Автордың зерттеуіне сәйкес [20], көптеген деректер инклюзивті мектептер арнайы мектептерге қарағанда экономикалық тұрғыдан және академиялық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді екенін көрсетеді. Америка Құрама Штаттарында жүргізілген зерттеу арнайы бағдарламалар жалпы білім беретін бағдарламаларға қарағанда 130 пайызға қымбат екендігін көрсетті. Егер мектеп бір білім алушыға 5000 АҚШ долларын жұмсаса, арнайы бағдарламалар үшін әр білім алушыға 11

500 АҚШ доллары жұмсалады. Тағы бір зерттеудің нәтижелері бойынша: мейлінше шектеулі, оқшауланған ортада оқитын білім алушыларға кететін білім алу құны соғұрлым жоғары болады.

ЮНЕСКО-ның деректеріне сүйенетін болсақ, «барлық білім алушыларға тиімді білім беруді көздейтін инклюзивті мектептер баршаға тиімді білім беруді қамтамасыз етудің пайдалы құралдары болып есептеледі» [20]. ЭЫДҰ-ның 1999 жылғы есебі сегрегацияланған жүйенің орташа құнын жалпы білім беретін сыныптарға ерекше қажеттіліктері бар балаларды қосқанға қарағанда жеті-тоғыз есе жоғары бағалады.

ЭЫДҰ-ның кейінгі зерттеулері жан басына шаққандағы арнайы білім беруге кететін шығындардың жалпы білім беретін мектептегі білімге қарағанда шамамен 2,5 есе жоғары екенін анықтады. Бұл негізінен жалақы есебінен болады, өйткені ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін мұғалім – білім алушы қатынасы тиімдірек. Инклюзивті мектептерде бұл көрсеткіш екі есе төмендейді, дегенмен елдер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Бұл зерттеу әртүрлі балалар топтарына мамандандырылған әртүрлі мектептердің күрделі жүйесін құрудан гөрі, барлық балаларды бірге оқытатын мектептерді құру және қолдау арзанырақ болатындығын көрсетеді.

Инклюзивті білім беру бойынша кеңесші Кроуфорд Дедманның пікірінше [21], инклюзивті білім беруді қалай қаржыландырылатынын талқыламай, оны жүзеге асыруға ықпал ету шаралары туралы айту қиын. Көптеген елдерде ұлттық бюджет шектеулі, дамуды ресми қолдау мүмкін болмайды, ал ата-аналар көбінесе тікелей және жанама білім шығындарын төлей алмайды. Инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыру үшін барлық елдер ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім беру қызметтерін қаржыландыруды және қолдауды талап етеді. Бұл проблема дамыған білім беру жүйелері бар өңірлерге (Орталық және Шығыс Еуропа және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ОШЕ/ТМД) елдеріндегідей арнайы білім берудің параллель жүйелерімен), сондай-ақ аз дамыған білім беру жүйелері бар дамушы өңірлерге (яғни Африка, Азия бөліктеріне) (параллельді арнайы білім беру жүйелерінсіз) қатысты.

Автордың пікірінше [21], инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қаржыландыру көптеген үкіметтер үшін маңызды мәселе болып табылады, бұл сегрегативті білім беру жүйесін қолдаудан қымбат емес. Бүгінгі таңда көп елдер бірнеше басқару жүйелерінің, ұйымдық құрылымдардың, қызметтердің және арнайы мектептердің тиімсіздігін түсініп келеді. Сонымен қатар инклюзияның сегрегативті білім беру жүйелеріне қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсететін дәлелдер саны артып келеді. ЭЫДҰ 1994 жылғы есебінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды сегрегативті орналастыруға арналған шығындар жалпы білім беру сыныптарына ерекше білім беруді қажет ететін балаларды орналастыруға арналған шығындарға қарағанда орта есеппен жеті-тоғыз есе жоғары деп бағалады.

Автордың пікірінше [21], білім алушыларды білім беру процесіне қосуды жеңілдету шаралары әркез қымбат болмайды. Ресурстары шектеулі елдерде инклюзивті білім беруді дамытудың бірнеше экономикалық тиімді шаралары жасалды. Оларға келесілер жатады:

- ерте жастағы және әртүрлі мүмкіндіктері бар балалар үшін сыныптар;
- сауатты бірінші кезекте ана тілінде ашу;
- кәсіби даму үшін «оқытушыларға арналған оқытушылар» моделі;
- болашақ педагогтердің оқу процесінде мектеп білім алушыларымен байланысы;

- арнайы мектептерді қарапайым мектептерде білім мен қолдау көрсететін ресурстық орталықтарға айналдыру;

- ата-ана әлеуетін арттыру және қоғам ресурстарын тарту.

Білім беруді қаржыландыру реформалары Орталық-Шығыс Еуропа (ОШЕ) / Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінің көпшілігінде орын алды. Соған қарамастан, тиісті қаржыландыру ең алдымен оған мұқтаж білім алушыларға бағытталғанын қамтамасыз ету тетіктері білім беру жүйесінің қаржылық тиімділігін жетілдіруді және арттыруды талап етеді.

«Әрекет етуге шақыру. Бүгінгі таңдағы білім берудегі теңдік және әділеттілік: барлық балаларды сапалы оқытуға қосу» баяндамасында үкіметтерге ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоса алғанда, қолайсыз өмірлік жағдайдағы балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басқару жүйелері мен қаржыландыру тетіктерін реформалауда шаралар қабылдау қажеттілігі анықталды. Сапа мен инклюзивтілікке салынған инвестицияларды қолданыстағы бюджеттердің тиімділігін арттыру арқылы өтеуге болады [20].

ЭЫДҰ-ның кейінгі зерттеулері жан басына шаққандағы арнайы білім беру шығындары әдеттегі білімге қарағанда екі жарым есе көп екенін анықтады. Бұл негізінен жалақыдан туындайды, өйткені педагог/білім алушы қатынасы ерекше қажеттіліктері бар білім алушы үшін қолайлы.

Айта кететін жайт, сапалы білім беру әр баланың құқығы болып табылады. Бала құқықтары туралы конвенция (БҚК) және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (МҚК) баршаны сапалы біліммен қамтамасыз ету саласында нақты ұстанымды және әрбір баланың әлеуетін дамыту үшін қажетті қолдау көрсетудің маңыздылығын білдіреді. БҚК мен МҚК-ға, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің миссиясына сәйкес инклюзивті білім беру әрбір балаға инклюзивті сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін ЮНИСЕФ қолданатын тәсіл болып табылады. Саламанка декларациясында анықталғандай, инклюзивті білім беру «Баршаға арналған мектептер» бағытында жұмыс істеу қажеттілігін мойындауға ықпал етеді, олар барлығын қамтиды, айырмашылықтарды атап өтеді, оқуды қолдайды және жеке қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Инклюзивті білім беруді қалай қаржыландыратынын талқыламай, оны жүзеге асыруға ықпал ету шаралары туралы сөз қозғау қиын. Көптеген елдерде ұлттық бюджеттер жиі шектеулі сипатқа ие, дамуға ресми қолдау жоқ, ал ата-аналар көбінесе тікелей және қосымша білім шығындарын төлей алмайды. Инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыру үшін барлық елдер ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім беру қызметтерін қаржыландыруды және қолдауды талап етеді. Бұл проблема дамыған білім беру жүйелері бар өңірлерге (ОШЕ және ТМД елдеріндегідей арнайы білім берудің параллель жүйелерімен), сондай-ақ аз дамыған білім беру жүйелері бар дамушы

аймақтарға (яғни Африка, Азия бөліктері) қатысты (параллельді арнайы білім беру жүйелерінсіз).

Анығы, жергілікті және/немесе ұлттық билік органдары қабылдаған қаржыландыру әдістері, арналары мен өлшемдері инклюзивті білім беру процесіне ықпал етуі немесе кедергі келтіруі мүмкін.

Тони Буттың ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы жұмысына жасаған талдауында қаржыландыруды қолдайтын құрылымдар жөнінде қызықты ескертулер жасалды:

- 17 елде инклюзивті білім беру саясатын зерттей келе, инклюзивті білім беруді қолдайтын елдер – орталықтандырылған жүйесі жоқ елдер, ерекше қажеттіліктерге арналған бюджеттер орталық деңгейде аймақтық мекемелерге (муниципалитеттерге, аудандарға және/немесе мектеп кластерлеріне) беріледі деген қорытындыға келді

Жеке жағдайларға қаражат бөлу жалпы білім беретін мектептер үшін қолжетімді қаражат көлеміне тікелей әсер еткенде және мектептің қолдау орталықтары қаражат бөлуде шешуші рөл атқарғанда тиімді болады.

ЭЫДҰ зерттеулерінде айтылып өткендей, [1] бүкіл әлемде дискриминация географиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайға, мүгедектікке, этникалық топқа, тілге, көші-қонға, қоныс аударуға, бас бостандығынан айыруға, гендерлік сәйкестілікке және өз болмысыңды көрсетуге, дінге және басқа нанымдар мен көзқарастарға негізделуі мүмкін. Өз кезегінде, білім беру саласындағы осы топтарды кемсітудің әртүрлі нысандары жеке шығындарға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік деңгейде де шығындарға алып келеді. Теңсіздік халықтың белгілі бір топтарының білім алуына кедергі келтіруі мүмкін, бұл жоғарыда айтылғандай, олардың өмір бойы жұмыспен қамтылуын, денсаулығы мен нәтижелерін анықтай алады.

Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін экономикалық және әлеуметтік салдардың ауқымы кең және білім алушылардың әртүрлі топтарына таралады. Әлеуметтік интеграция мектеп жылдарында да, балалар ересек бола бастаған кезде де инклюзивті білім берудің оң нәтижелерінің бірі болып саналады. Бірінші жағдайда, бұл мектеп және мектептен тыс іс-шараларға қатысу арқылы қысқа мерзімді әлеуметтік интеграция ретінде анықталады, ал екінші жағдайда бұл жұмыспен қамту және әлеуметтік өмірді басқару секілді әлеуметтік интеграцияның ұзақ мерзімді формаларын көрсетеді (Еуропалық ерекше қажеттіліктер және инклюзивті білім беру агенттігі, 2018 [22]).

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың үлгерімі инклюзивті емес жағдайларға қарағанда инклюзивті жағдайда жақсы болатындығы жөнінде жоғарыда айтылды. Зерттеулер сонымен қатар инклюзивті білім беру аясында қатысу және қолдау ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін жоғары оқу орындарына түсу ықтималдығын арттыруы мүмкін екенін көрсетеді (Еуропалық ерекше қажеттіліктер және инклюзивті білім беру агенттігі, 2018 [22]).

Бұл жағдайлар мүгедектігі немесе бұзушылықтары жоқ білім алушылар үшін де пайдалы, өйткені ерекше білім беруді қажет ететін білім алушымен бірге сабаққа қатысу олардың әлеуметтік көзқарастарына байланысты оң нәтижелер

беруі мүмкін. Сол себепті ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды білім алуға тарта отырып, жастар үнемі танысу мен тәжірибе арқылы олардан өзгеше адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады. Бұл өзара әрекеттесу қазіргі мектеп ортасындағы қанағаттану мен әлеуметтік тиімділік сезімімен байланысты болуы мүмкін және колледжде, қоғамдастықта және жұмыс орнында болашақ әлеуметтік өзара әрекеттесу мен әлеуметтік бейімделуді анықтайды.

Болжанғандай, топтар арасындағы байланыстардың күшеюі топтар арасындағы дұшпандықтың, алалаушылықтың және дискриминацияның төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл әртүрліліктің барлық түрлеріне қатысты болуы мүмкін. Сондай-ақ әртүрлі құрдастар арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін контекст қазіргі заманғы әртүрлі және халықаралық жұмыс орындарында маңызды артықшылық болып табылатын күшті әлеуметтік дағдыларды дамыта алады.

Ғалымдардың толық инклюзивті жүйенің жағымсыз әсерлері туралы кейбір алаңдаушылықтарына қарамастан [23], барлық білім алушылар инклюзивті мектеп жүйесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатындығы туралы дәлелдер бар [22].

PISA 2018 нәтижелері бойынша Канадада білім алушылар математика, оқу сауаттылығы және жаратылыстану ғылымдары бойынша ЭЫДҰ мемлекеттерінің орташа деңгейінен жоғары балл жинады, ал білім алушылардың 86%-ы оқуды меңгерудің кем дегенде 2-ші деңгейіне жетті, бұл ЭЫДҰ елдері бойынша орташа деңгейден едәуір жоғары (77%). Бұл нәтижелер білім алушылардың жоғары деңгейдегі үлгерімі тұрақты және инклюзивті мектеп жүйесінде мүмкін деген пікірді растайды. Мектепке кірігудің тағы бір маңызды аспектісі – білім алушылардың игілігі мен психикалық денсаулығы.

Жоғарыда біз инклюзивті білім берудің академиялық, әлеуметтік және экономикалық секілді 3 негізгі артықшылығы негізделген зерттеу туралы сөз қозғадық. Егер олардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқталатын болсақ, академиялық балдарға білім алушылардың орташа балдары (GPA), сынақ балдары, орта мектепті бітіру көрсеткіші, жоғары оқу орындарына түсу және оқуды аяқтау көрсеткіштері, сондай-ақ қатысу, сабаққа қатысу және ерте оқудан шығу деңгейлері кіреді. Керісінше, әлеуметтік интеграцияны, достықты дамытуды және өзін қатысты сезіну сезімін, сондай-ақ қысым көрсету тәжірибесін, қауіп, кемсіту, қорқыту және зорлық-зомбылықты қамтиды. Экономикалық басымдықтар жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейін, жалақыны, әлеуметтік жәрдемақыларға тәуелділікті, психикалық және физикалық денсаулықты қамтиды (1-суретті қараңыз).



1-сурет. Инклюзивті білім берудің артықшылықтары

ЭЫДҰ жүргізген зерттеуге сәйкес [1], ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада, әсіресе олардың нақты білім беру қажеттіліктері дұрыс емес немесе жеткіліксіз болған кезде зардап шегеді.

ЮНИСЕФ-тің бағалауы бойынша, бүкіл әлемде бұзылыстары немесе мүгедектігі бар 93 миллион баланың 50%-ы мектепке бармайды [24]. Сонымен қатар 2011 жылғы мүгедектік туралы дүниежүзілік есепте мүгедек балалардың мүгедектігі жоқ құрдастарына қарағанда мектепке бару ықтималдығы аз және мектептерде болу және мансаптық өсу деңгейі төмен екендігі айтылған. Білім беруді аяқтаудағы алшақтық барлық жас топтарында табысы төмен және жоғары елдердің барлығында байқалады, дегенмен бұл тенденция кедей елдерде айқын көрінеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың орта есеппен білім беру мәртебесі төмен және тиісінше жұмысқа орналасу ықтималдығы аз. Бұл әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға тән. Атап айтсақ, мүмкіндігі шектеулі білім алушылар әлі де мектепке қабылданбайтын елдерде ата-аналар тұрақты түрде қамқоршы болуы тиіс. Сонымен қатар инклюзивті білім беру аясында білім алу және қолдау ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жоғары оқу орындарына түсу ықтималдығын арттырады.

Мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар өздерінің құрдастарымен салыстырғанда тәртіптік сипаттағы проблемаларға жиі кезігіп жатады. Мысалы, аустралиялық корольдіктің ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қатысты зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, немқұрайлылыққа және қанауға қарсы комиссиясы ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар ерекше қажеттіліктері жоқ білім алушыларға қарағанда сабақтан шеттетіліп, мектептен жиірек шығарылады деп есептейді [25].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар ерекше қажеттіліктері жоқ құрдастарымен салыстырғанда жәбірлену фактілеріне жиі кезігеді. Зерттеушілер жүргізген сауалнама көрсеткендей, мүгедектігі жоқ респонденттермен (15%) салыстырғанда өткен он екі айда (19%) мүгедектігі бар жастар (43%) екі есе көп жағдайда жәбірленген. Қорлауға физикалық қорлау (мысалы, жұдырықпен ұру) және кибершабуыл (мысалы, қорлау туралы хабарламалар, фотосуреттер немесе түсініктемелер) кірді [25].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың міндетті білім беру шеңберіндегі құрдастарымен достық қарым-қатынасына келетін болсақ, нақты деректер инклюзивті жағдайдағы әлеуметтік өзара байланыстың достық пен басқа да әлеуметтік дағдылар мен мінез-құлық модельдерін дамытудың қажетті шарты болып табылатындығын айғақтайды. Кейбір зерттеулер инклюзивті білім беру достық қарым-қатынасты, әлеуметтік және қарым-қатынас дағдыларын, қолдау желілерін, меншік сезімін және жағымды мінез-құлық нәтижелерін дамытуға ықпал ететін әлеуметтік өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді деп болжайды.

Сонымен қатар білім адамдарға өз пікірлерін білдіру үшін дағдылар, тәжірибе мен мүмкіндіктер беретіндіктен, инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін саяси өмір мен әлеуметтік әділеттілікке қатысуды кеңейтудің алғашқы қадамы болуы мүмкін. Осылайша, инклюзивті білім жеке адамдар мен отбасылардың әл-ауқатын жақсартып алады, сондай-ақ әртүрлілікті кеңінен тануға және толерантты, әділ және ұйымшыл қоғамдардың дамуына ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру жағдайлары ерекше білім беру қажеттілігінсіз білім алушылардың әлеуметтік нәтижелеріне оң әсер етуі мүмкін. Зерттеулердің өсіп келе жатқан саны ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен байланыс кез келген теріс немесе біржақты қатынастарды неғұрлым тиімді өзгертетінін көрсетеді. Бұл деректер инклюзивті бастамаларды мүмкіндігінше ертерек бастаудың маңыздылығын көрсетеді.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес [26] Мичиган, АҚШ-тағы инклюзивті жағдайдағы мүгедектігі жоқ бастауыш сынып білім алушылары орта сыныптағы білім алушыларға қарағанда ерекше қажеттіліктері бар құрдастарымен жағымды және интербелсенді болды. Бастауыш сынып білім алушыларының 80%-ы өз сыныптарында ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалайтындықтарын, 90%-дан 100%-ға дейін, олармен үнемі сөйлесіп, ойнайтындықтарын және 65%-дан 70%-ға дейін бос уақыттарын өткізетіндерін және оларды дос деп санайтындарын айтты.

Алайда көптеген елдерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар негізгі ортадан оқшау қалатындықтан, қоғам мүшелерінің көпшілігі мүгедек балалармен аз қарым-қатынаста болды, сондықтан әртүрлілік туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндігі болмады.

Мүгедек балалары бар отбасылар еңбекпен қамтуға мүмкіндіктерінің шектелуіне, білім деңгейінің төмендігіне, отбасы мүшесіне күтім жасауына байланысты аз жалақы алады. Олардың жалпы ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың қатарластарына қарағанда өмірлік нәтижелері төмен болады, және бұл жеке және әлеуметтік шығындарға алып келеді. Психикалық бұзылыстар, физикалық кемшіліктер немесе оқуға қабілетсіздік салдарынан болған негізгі шығындарды келесі санаттар бойынша жалпылауға болады [27]:

- медициналық қызмет көрсетуге кететін шығындар;
- терапиялық шығындар;
- арнайы білім беруге кететін шығындар;
- өндірістік шығындар;

- бейресми күтімге кететін шығындар және күтім жасайтын отбасы мүшелері өнімділігінің төмендеуі;

- өмір сүруге, күтімге кететін және жеке шығындар.

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар әлеуметтік субсидияларға тәуелділер мен жұмыссыздар қатарында үйлесімсіз көрсетілген. Мысалы, назар жетіспеушілігі және гиперактивтіліктің бұзылуы синдромы бар адамдардың қатарластарына қарағанда жалақысы аз болады, әрі АҚШ-та еңбек өнімділігінің төмендеуіне байланысты жыл сайынғы шығындар 67-116 млрд АҚШ долларын құрайды (55,3-95,8 млрд еуро).

Психикалық бұзылыстары бар адамдардың уақытынан бұрын өмірден өту қаупі жоғарырақ. Бұл, әсіресе, әлемдегі жастар арасындағы өлімнің кең таралуы бойынша екінші орындағы суицидтік іс-әрекеттермен түсіндіріледі. 2015 жылы жүргізілген зерттеуге сүйенетін болсақ, АҚШ-та аутизм жылына 268 млрд АҚШ долларын қажет етеді және бұл сан 616 млрд АҚШ долларына дейін (221-ден 508,6 млрд еуроға дейін) арту ықтималдығы жоғары. Десе де, авторлардың пікірінше, аутизмі бар балаларға мінез-құлықтық араласу 2025 жылға қарай жас адамдарға кететін шығындарды екі есе қысқарта алады, бұл аутизмді емдеуге кететін шығынның 28 млрд АҚШ долларына (23,1 млрд еуро) төмендейтінін білдіреді.

Сондай-ақ психикалық бұзушылықтар мен қылмыс арасында корреляция бар, бұл бұзушылықтардың тұтқындар арасында таралуымен куәландырылады. Сонымен қатар мүгедектердің көбі әділет жүйесінде кездесіп жатады. Мысалы, Аустралия Заң кеңесінің 2019 жылғы сот төрелігі жобасы туралы есебінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың жәбірленушілер ретінде де, құқық бұзушылар ретінде де қылмыстық сот төрелігі жүйесімен өзара байланысы өте жоғары екендігі, әрі көбіне мүмкіндігі шектеулі әйел адамдар қылмыс пен құқық бұзушылыққа бейім екені белгіленді.

Сонымен қатар, зерттеушілердің пікірінше, құқықтық проблемалар көбінесе денсаулыққа қатысты мәселелер, жұмыссыздық, әлеуметтік оқшаулау немесе үйдің болмауы секілді құқықтық емес қажеттіліктермен байланысты. Сол секілді, мысалға, зерттеу есептеріне сәйкес, Аустралияның түрмесіне түсетіндердің жартысына жуығы мүгедектікке, әсіресе танымдық немесе психоәлеуметтік бұзушылықтарға ие екендігі көрсетілген [28].

Жоғарыда аталған барлық себептер бойынша инклюзивті білім алуға ықпал ету жеке, отбасылық, қоғамдық және мемлекеттік деңгейлерде елеулі қаржылық және әлеуметтік пайда әкелуі мүмкін. Шынында да, инклюзивті білім беру ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге сеп болады. Мысалы, кейбір ұзақ мерзімді зерттеулер Норвегияда жұмыспен қамту негізінде экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу ықтималдығы инклюзивті жағдайда білім алған жастар үшін арнайы сыныптарда оқығандармен салыстырғанда шамамен екі есе жоғары екенін көрсетті [29].

Бұл талдау арнайы немесе оқшауланған білім беру ұйымдарына орналасу құзыреттердің аз деңгейіне ие болу қаупін ғана емес, арнайы білім беру ұйымдарын тастап кететін білім алушылардың төмен кәсіби перспективаларына байланысты қауіп туындатуда. Зерттеушілердің еңбектерінде тағы бір мысал

келтірілген, оған сәйкес жеке емес, инклюзивті ортада білім алу орта мектепті бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады [30].

Сонымен қатар, ғалымдардың пікірінше, мектеп бітіргеннен кейін мүгедектігі бар адамдар үшін ақы төленетін қоғамдық жұмысты анықтайтын ең күшті факторлардың бірі – мектеп уақытында өз құрдастарымен тең дәрежеде білім алуы [20].

Табысы орташа елдердің нақты мысалдары мұндай артықшылықтарды сандық бағалау тұрғысынан қосымша ақпарат береді. Біріншіден, Филиппинде жүргізілген зерттеу мектеп білімінің жоғарылауы мүмкіндігі шектеулі адамдар арасындағы жоғары кірістерге байланысты екенін, бұл білім беру негізіндегі экономикалық қайтарымның 25%-дан асуын қамтамасыз етеді [31]. Ал Қытайда, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған мектепте әрбір қосымша оқу жылы ауылдық жерлерде шамамен 5% және қалалық жерлерде 8% жалақы өсуіне әкелді деп бағаланады [32] (2-суретті қараңыз).



2-сурет. ЮНЕСКО-ның инклюзивті білім беру саласындағы саясатының басшылыққа алынатын қағидалары [33]

Білім берудегі инклюзивтілік тұрақты, әділ және инклюзивті қоғам құрудың негізгі шарты болып табылады. Бұл – қандай адамдар мен балалардың тартылғанына қарамастан қайырымдылық емес, әлеуметтік әділеттіліктің көрінісі [7]. Білім берудегі инклюзивтілік білім беру саласында және одан тыс жерлерде өздерінің әлеуетін іске асыру үшін ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру туралы дискурс ретінде басталғанымен, инклюзивті білім беруге деген ұмтылыс одан әрі

жалғасуда. Барлық білім алушыларға жетістікке жетуге және олардың мектеп пен қоғамның бір мүшесі екендігін сезінуге көмектесетін оқыту әдістері мен қолдау тетіктері қажет.

Сондай-ақ инклюзивті білім беру бойынша сыншылар инклюзивті білім беру экономикалық тұрғыдан өміршең емес және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беретін мектептерге біріктірудің құны сегрегативті білім беру жүйесін ұстанудан қымбат екенін алға тартады [15].

Бұл тақырыптағы одан кейінгі дәлелдер мен зерттеулер көрсеткендей, инклюзия сегрегативті білім беру жүйесін ұстанудан әлдеқайда тиімдірек. Елдер басқарудың, қызметтердің және арнайы мектептердің бірнеше жүйесін қолдаудың тиімсіздігін түсінуде.

Әлемнің көптеген елдері мен аймақтарында инклюзивті білім беру саясатын қабылдау бағытында белгілі бір оң өзгерістерге қарамастан, әдетте бюджет пен қаржылық шеңберлер инклюзивті білім беруді қолдайды деуге келмейді. Мысалы, ОШЕ/ТМД елдерінде бірқатар үкіметтер инклюзивті білім беруді өздерінің білім беру саласындағы ұлттық жоспарлары мен стратегиялық есептеріне енгізу міндеттемесін өз мойнына алды. Олардың ішінде: Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Босния және Герцеговина, Грузия, Косово, бұрынғы Югославия Македония Республикасы және Сербия. Алайда, бюджеттік қолдау, іс-қимыл шеңбері, көрсеткіштер мен іске асыру міндеттемелері енгізілмеген, ал инклюзивті білім беру көбінесе білім берудің жалпы жоспарына сәйкес келмейді. Мысалы, ОШЕ/ТМД-да Босния мен Герцеговина және Грузия аймақтағы инклюзивті білім берудің стратегиялық жоспарлары бар, қаржылық қолдау саясатын жүзеге асыратын жалғыз елдер.

Көптеген елдерде ЮНИСЕФ ұлттық комитеттерімен бірге саясат және қаржы құрылымдары инклюзивті білім беруді қолдайды. Мысалы, Аустралияда Жаңа Оңтүстік Уэльстің заң шығарушы кеңесі (NSW) әзірлеген 2010 жылғы баяндамада жалпы білім беретін мектептердегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдау сипатталған, ол мектепте оқытуды қолдау тобын, оқытуға көмек көрсету бағдарламасын, интеграцияны қаржыландыруды қолдау бағдарламасын, мектепте оқуды қолдауды үйлестірушіні және мектепте оқуды қолдау бағдарламасын қамтиды. Аталғандардың рөлі – ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиісті қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін педагогке оқу жоспары мен қоршаған ортаны бейімдеуге және өзгертуге көмектесу.

Инклюзивті білім беруді қаржыландыруға инклюзияны түсіну саясаты әсер етті. Бастапқы нүкте ретінде интеграция (жалпы білім беретін сыныптар мен мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың физикалық қатысуы) және инклюзия (оқу процесіне, мәдениет пен қоғамдастыққа қатысуды арттыру және білім беру жүйесінен шығаруды азайту негізінде барлық білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін есепке алу және қанағаттандыру процесі) ұғымдарын ажырату маңызды. Бұл айырмашылықтар инклюзивті білім беруді мемлекеттік қолдаудың үйлеспейтін тәсілдеріне әкеледі. Бірнеше фактілер:

Бұрынғы Югославия Македония Республикасы, Украина және Ресей интеграция мен инклюзия арасында ешқандай айырмашылық қарастырмайды.

Интеграция туралы айтылғанына және олардың стратегияларына енгізілгеніне қарамастан, олардың іс-әрекеттері ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды мектепке қосу үшін ешқандай тәжірибені қолдамайды. Шын мәнінде, бұл елдердегі мүмкіндігі шектеулі балалардың көпшілігі жалпы білім беретін мектептерде білім алмайды және олардың орнына арнайы мекемелерде білім алады.

- Косово, Ресей, Сербия, Армения, Беларусь және Өзбекстан секілді кейбір елдерде арнайы мектептерді жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті білім беруді қолдаудың ресурстық орталықтарға айналдыру ниеті бар.

- Черногорияда жалпы білім беретін мектептер бойынша «саяхаттайтын» және ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту бойынша кеңес беретін мобильді топтар жұмыс істейді.

- Сербия жан басына шаққандағы қаржыландыру формуласын әзірлеуде қолданылатын инклюзивті білім беру саясатын іске асыру шығындарына зерттеу жүргізді.

- Арменияда Білім және ғылым министрлігі қазіргі уақытта бір өңірдегі білім алушылардың жалпы білім беру жүйесіне толық қосылуын сынақтан өткізуде.

Инклюзивті білім беру кейбір жоғары және орта табысты елдерде үлкен қолдау тарихына ие. Бұған айқын мысал – АҚШ. Мысалы, АҚШ-тан алынған деректер ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды инклюзивті орналастыруға қатысты ілгерілеуді (орта есеппен) көрсетеді.

Оқу күнінің 80 немесе одан да көп пайызын жалпы білім беретін сыныптарда өткізетін ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың саны АҚШ-та 1989-2005 жылдар аралығында 32 пайыздан 54 пайызға дейін өсті. соңғы 15 жыл ішінде осы деңгейде қалды (ерекше білім беруді қажет ететін қалған білім алушылар осы екі шектің арасында басқа санаттар қатарында қарастырылуда).

Инклюзивті білім берудің қарсыластары сегрегациялық білім беру жүйесіне қолдау көрсетуде, инклюзивті білім беру экономикалық тұрғыдан өміршең емес және бұл жүйе көп шығынды қажет етеді деген пікірді ұстанады. Қаржылық тапшылар және адами ресурстар – инклюзивті білім беруді кеңейту жолында жиі кезігетін кедергілер.

Жақын арада ОШЕ/ТМД аймағындағы инклюзивті білімге шолу Албания, Сербия, Молдова, Ресей және Украина инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға кедергі келтіретін негізгі факторлар ретінде жалпы білім беретін мектептерге қаржылық нұсқаулар мен шектеулі қаражаттың жоқтығын атап өтті. Аталған өңірлер үшін проблема арнайы мектептердің оқшауланған жүйелеріне дәстүрлі инвестицияларға және инклюзивті білім беруді барлығына қолжетімді ету үшін саяси ерік-жігердің болмауына негізделген [21].

Қаржыландыру Африканың бірқатар елдері үкіметтерінің инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы негізгі міндеті ретінде көрсетілді. Бұл елдерде жалпы білім беретін мектептердегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету үшін ресурстардың елеулі жетіспеушілігі – мектептердің болмауы немесе жағдайлардың жеткіліксіздігі, педагогтердің болмауы және/немесе

педагогтердің/қызметкерлердің жетіспеушілігі, мамандандырылған оқу материалдары мен жабдықтардың болмауы және т.б. басты тежеуші фактор болып табылады. Кейбір зерттеулер Намибия, Оңтүстік Африка, Замбия және Зимбабведе инклюзивті білім беруді енгізу қаржылық ресурстардың болмауына байланысты кейінге қалдырылғанын көрсетті [21].

Білім алушыларды біліммен (инклюзивті және басқа да) қамтамасыз ету жауапкершілігі мемлекеттің міндеті болғанымен, көптеген дамушы елдерде үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) үкіметті инклюзивті білім беруді қолдайтын жобаларды іске асыру үшін қаржылық қолдаумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО) дамушы елдердегі арнайы білім беруді зерттеуге шолуы көрсеткендей, олардың 26-ында ҰЕҰ қаржыландырудың негізгі көзі болып саналады, ал бірқатар басқа елдерде ҰЕҰ арнайы қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған шығындардың 40 пайызын қамтиды.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда табысқа жетелейтін осындай қолдаудың үлгісі Лаос Халық Демократиялық Республикасында іске асырылған жоба болып табылады. Save The Children ұйымы және Швецияның халықаралық даму және ынтымақтастық агенттігі 1993-2009 жылдар аралығында инклюзивті білім беру жобасына ұзақ мерзімді қаржыландыру мен техникалық қолдау көрсетті. Қызметтер 1993 жылы Вьентьян астанасында пилоттық мектеп ашылған кезде іске қосылды. Қазіргі уақытта 141 ауданда 3000-нан астам ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті білім беру және мамандандырылған қолдау көрсететін 539 мектеп бар.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қаржыландыру көптеген үкіметтер үшін маңызды мәселе болғанымен, ол сегрегативті білім беру жүйесін қолдаудан қымбат емес. Соңғы уақытта көптеген елдер бірнеше басқару жүйелерінің, ұйымдық құрылымдардың, қызметтердің және арнайы мектептердің тиімсіздігін түсініп келеді. Сонымен қатар инклюзияның сегрегативті білім беру жүйелеріне қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсететін дәлелдер саны артып келеді. Бірнеше фактілер:

ЭЫДҰ 1994 жылғы есебінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы сыныптарда оқытуға кететін шығын жалпы білім беретін сыныптарда оқытуға кететін шығындардан 7-9 есе жоғары деп бағалады.

- ЭЫДҰ соңғы зерттеулеріне сәйкес, жан басына шаққандағы арнайы білім беру шығындары әдеттегі білімге қарағанда екі жарым есе көп болды. Бұл негізінен жалақыдан туындайды, өйткені педагог/білім алушы қатынасы ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы үшін қолайлы.

- 2005 жылы Албаниядағы инклюзивті білім беруді бағалау жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған білім беру шығындары сол білім алушылардың арнайы мекемелердегі біліміне кететін орташа шығынның 6%-ын құрағанын көрсетті.

- 2009 жылы ЮНИСЕФ-тің Армениядағы елдік кеңсесі институцияландыру шығындарын зерттеу бойынша зерттеулер жүргізуді тапсырды, олар интернат

мекемелерінен қоғамдастық деңгейіндегі қызметтерге көшу қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де қаражатты үнемдейтінін анықтады.

- АҚШ-тың үш штатындағы (Калифорния, Иллинойс және Массачусетс) соңғы зерттеулер ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың академиялық нәтижелері арасындағы оң байланысты көрсетеді. Сонымен қатар деректерді салыстырған осы зерттеулердің екеуі (Калифорния және Иллинойс) білім алушылардың арнайы білім алуға қосылу, білім беру нәтижелері мен орташа шығындар арасындағы өзара байланысты таппады. Бұл деректер инклюзия ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін нәтижелерді жақсартудың үнемді және тиімді әдісі екенін көрсетеді. Бұл сонымен қатар шығындардың жалпы өсімінсіз жоғары деңгейге қол жеткізуге болатындығын болжайды [21].

Білім беруді қаржыландырудың орталықтандырылған саясаты мен тәсілдері инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды қолдау үшін қаржыландыру реформасын енгізуге негізгі кедергі болып қала береді.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жолында үкіметтердің көптеген проблемаларына қарамастан, прогресс көптеген аймақтардағы білім беруді қаржыландыруды орталықсыздандырудан кейін пайда болды.

Әдетте ресурстар деңгейі емес, сол ресурстарды бөлу мәселеге айналды [21].

БҰҰ баяндамасына сәйкес [33] шығындарға байланысты мәселелерді ескермей, инклюзивті білім беру жөнінде сөз қозғау қиын. Ұлттық бюджеттер көбінесе шектеулі сипатқа ие, даму мақсаттарына ресми көмек көрсетілмейді, ал ата-аналар көбінесе балаларының біліміне байланысты шығындарды тікелей немесе жанама түрде өтей алмайды. Білім алушылардың отбасылары ең маңызды нәрсені бірінші орынға қоюға мәжбүр болып жатады: отбасының басқа мүшелерімен бірге жұмыс істеуі үшін баланы мектепке жіберу немесе үйде қалдыру. Сол себепті инклюзивті білім беру үкімет, мекеме және ата-аналар үшін тым қымбат деп есептелуі мүмкін, дегенмен ТДМ мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет бағалау мөлшері жалпы әлемдік ауқымда өте қарапайым болып көрінеді (\$11 млрд.).

Сонымен қатар қаражаттың едәуір мөлшерін тиімдірек білім беру жүйесін құру арқылы табуға болады. Мемлекеттік қаражатты жұмсау жүзеге асырылатын институттық орта осы уақытқа дейін болған жағдайға қарағанда едәуір көп көңіл бөлуді талап етеді. Бұл шығындар мен пайдалардың, яғни білім беру мен алынған нәтижелердің жақсы арақатынасына қол жеткізу үшін қаражатты пайдалануды оңтайландыруды қамтиды. ЭЫДҰ елдерінде оқу процесінен дағдыларының төмен деңгейімен ерекшеленетін және жұмыссыздықтың жоғары деңгейі байқалатын білім алушылардың 5%-дан 40%-ға дейін шығарылады. Мектептен тыс қалған адамдар арасында теріс оқу тәжірибесі болған немесе үлгерімі нашар болғандықтан екінші жылға қалған білім алушылар көп.

Екінші жылға қалған білім алушыларға бөлінетін қаражатты баршаға білім беру сапасын жақсарту үшін жұмсаудың пайдасы көбірек болар еді, себебі екінші жылға қалу төмен нәтиже берумен қатар білім алушылардың өзін-өзі бағалауына теріс әсер етуі мүмкін. Егер қаражатты инвестициялаудың баламалы


тәсілдері туралы айтатын болсақ, екінші жылы білім беруге кететін қаржыны педагогтерді қайта даярлау, оқу материалдарын жеткізу, АКТ енгізу және білім беру процесі барысында қиындықтарға тап болған білім алушыларға қосымша қолдау көрсету секілді салаларға жұмсау мүмкін болар еді.

Сондай-ақ инклюзивті білім беруге ықпал ету шаралары міндетті түрде қымбат болуы қажет емес. Инклюзивті сапалы білім беруге қол жеткізуге бағытталған шығындар тұрғысынан тиімді бірқатар шаралар ресурстары шектеулі елдерде әзірленгенін ескеру қажет. Мұндай шараларға әртүрлі жастағы, әртүрлі қабілеттері бар балалар білім алатын оқу сыныптарын қалыптастыру; сауатты ана тілінде ашуға қол жеткізуге мүмкіндік жасау; нұсқаушыларды даярлауды көздейтін модельдерді кәсіби біліктілікті арттыру үшін пайдалану; педагогикалық оқу орындары білім алушыларының мектептермен байланысын орнату; өзара оқыту; арнайы мектептерді жалпы білім беретін мектептердің топтарына өз тәжірибесі мен білімін беретін және оларға қолдау көрсететін ресурстық орталықтарға айналдыру.

БҰҰ баяндамасына сәйкес [33] бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан білім алушылардың үлгерімін халықаралық бағалау (PISA) бойынша ЭЫДҰ жүзеге асыратын бағдарламаны талдау нәтижелерін қоса алғанда, үнемі кеңейтіліп отыратын зерттеулер білім сапасы білім беру шығыстарына тікелей тәуелді емес екенін көрсетеді. Егер сапаны оқу нәтижелері тұрғысынан бағалайтын болсақ, сапа басқа факторларға, оның ішінде сынып мөлшері немесе білім алушылар арасындағы айырмашылықтар секілді факторларға қарағанда оқыту сапасына көбірек тәуелді. Расында тиімділіктің ең жоғары деңгейлерін көрсететін мектеп жүйелерінің ерекшелігі – әртүрлі жолдармен білім беру және барлық білім алушыларға қолдау көрсету үшін жауапкершілікті өз мойындарына алуы.

Егер балалар ерте жастан білім ала бастаса, бұл одан әрі инклюзивті білім алуға негіз болады: когнитивтік психология мен нейробиологияға сәйкес, баланың дамуындағы кіші жас танымдық дағдыларды игеру тұрғысынан шешуші болып табылады. Сондықтан жақсы жоспарланған бағдарламалардың, оның ішінде тұрмысы нашар отбасыдан шыққан жағдайдағы балаларға арналған бағдарламалардың маңызы жоғары. Оларды білім алушылардың денсаулығын, гигиенаны және тамақтану бағдарламаларын қамтамасыз етудің тиімді бағдарламалары арқылы күшейтуге болады.

Ересек адам өмірінің қандай ағынмен жалғасуында алған білімінің маңызды рөл атқаратындығын жиі естисіз – алған білімінің жоғары деңгейі жалақының жоғары болуын қамтамасыз етеді, денсаулықты жақсартады және сәйкесінше ұзақ өмір сүруді қамтамасыз етеді. Осылайша, сәтсіз білім алудың ұзақ мерзімді әлеуметтік және қаржылық шығындары сөзсіз жоғары болады, өйткені қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысу дағдыларының болмауы денсаулық сақтау, материалдық қолдау көрсету, балалардың әл-ауқатына қамқорлық жасау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерінің жұмыс істеуі қажеттілігін білдіреді. 3-суретте мүгедектіктің салдарынан білім алмау нәтижесінде жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өндірістік шығындары көрсетілген [33].



3-сурет. Мүгедектік салдарынан ЖІӨ-нің аймақтық үлестегі шығындары

Ересек адамның белсенді және табысты келешектегі өмірі үшін білімге қаражат салудан бас тарту экономикалық тұрғыдан өте қымбат және иррационалды болып есептеледі.

Канадада жүргізілген зерттеулер еңбек нарығынан мүгедектерді алып тастаған жағдайда өндірістік шығындардың ЖІӨ-нің 7,7%-ына (55,8 млрд долл.) жететіндігін айғақтайды.

Сәйкесінше, адамдардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін – *білім алуға* жәрдемдесуге қомақты қаражат салынуы қажет.

Жоғарыда келтірілген диаграммада мүгедектік проблемасының нәтижесінде ЖІӨ-нің жалпы шығындарындағы аймақтардың орташа үлесі графикалық түрде көрсетілген; бұл мүгедектік проблемасының болуы нәтижесінде жаһандық ауқымда жоғалған ЖІӨ-нің 35,8%-ы Еуропа мен Орталық Азия елдеріне тиесілі екенін көрсетеді, одан кейін Солтүстік Америка елдері – 29,1% Шығыс Азия мен Тынық мұхиты елдері – 15,6%. Қалған төрт өңірдің үлесіне жалпы көрсеткіштің 10%-ынан азы тиесілі [33].

Осы зерттеулердің барлығынан бір қорытынды шығаруға болады: тәжірибе көрсеткендей, кез келген ел өз халқының дағдыларын жақсартта түсетін үлкен экономикалық пайдаға кенеле алады. Сонымен қатар ағымдағы ЖІӨ-ге қайта есептеуде көрсетілген пайда қысқа мерзімді бизнес-циклді басқару құнынан әлдеқайда жоғары. Бұл күш-жігер экономикалық құлдыраудың қазіргі мәселелерін шешуге бағытталмауы керек дегенді білдірмейді, бірақ білім беру секілді ұзақ мерзімді мәселелерді де назардан тыс қалдыруға болмайды [6].

Саяси-экономикалық проблемалардың елдің болашақтағы экономикасына нақты салдары болады, өйткені мектептердің білім алушылардың үлгерімін жақсартуы және олардың елдің жұмыс күшінің маңызды бөлігіне айналуы көп уақытты қажет етеді. Осылайша, кез келген ел болашақта пайдаға кенелуі үшін ауқымды өзгерістерді қазір бастауы шарт. Сонымен қатар өзгерістерді ауыр деп,

аяқсыз қалдырудың да елдің экономикасы үшін тиімсіз екенін естен шығармау қажет.

ЭЫДҰ зерттеулеріне сәйкес [6] 1980 жылдардың ортасынан бастап экономикалық өсім макроэкономикалық зерттеулерде басты орынға ие болуда. Зерттеулер теориялық жаңалықтармен, атап айтқанда өсудің жаңа теориясымен және өсудің эмпирикалық аспектілеріне жаңа көзқарастармен күшейе түсті. Бұл мәселені шешу үшін адами капитал – қызметкерлердің білімі мен дағдылары өте маңызды. ЭЫДҰ-ға мүше елдер арасындағы олардың соңғы макроэкономикалық көрсеткіштеріндегі елеулі айырмашылықтар да экономикалық өсу себептеріне қызығушылық тудырды.

Осы екі тәсілдің арасындағы айырмашылықтар жеке және мемлекеттік секторлардағы мектептердің білім берудегі айырмашылықтарына нұсқауы мүмкін, ол өз алдына түзету саяси шараларын қолдануды қажет етуі мүмкін. Мысалы, мектептегі үлгерім жоғарылаған соң, әр қызметкердің өнімділігі жоғарылағаннан қосымша түрде экономика деңгейі жоғарылайды да білім беру жеткіліксіз инвестиция құю тенденциясы пайда болады. Себебі адамдар мектепте білім беруді таңдау нәтижесінде орын алуы мүмкін экономикалық кірістерді назарға алмайды. Бұл тұрғыда белгілі бір ел үшін жеке көлденең деректері бар жалақы тендеулерін микроэкономикалық бағалау тек мектеп білімінің жеке тұлғаларға әсерін көрсетеді, ал еларалық деректері бар макроэкономикалық бағалауларда кең экономикалық салдарды көрсетуі керек.

Бұл қатынастарға деген қызығушылық жаһандану мен иммиграцияға байланысты әлеуметтік бірлестіктің бірқатар проблемаларына байланысты артуы мүмкін. Білім деңгейі мен физикалық және психикалық әл-ауқат арасындағы әртүрлі оң бірлестіктер туралы көп нәрсе белгілі болса да, осы артықшылықтардың нысандары, ауқымы және себеп-салдарлық сипаты туралы түпкілікті мәліметтер жоқ. Бұл қатынастардың қосымша дәлелі айтарлықтай саяси салдарға әкелуі мүмкін. Бұл, әсіресе, көптеген елдерде медициналық көмектің жалпы құны экономикалық өсу қарқынына қарағанда тез өсетінін ескере отырып, өзекті.

Кез келген ел үшін жан басына шаққандағы ЖІӨ өзгерістері үш нәтижеге бөлінеді: демографиялық, жұмыс күшін пайдалану және еңбек өнімділігі. Демографиялық әсер еңбекке қабілетті жастағы халықтың жалпы халық санына қатынасын білдіреді. Көптеген елдерде қолда бар жұмыс күшін пайдалануды жақсарту (яғни, еңбекке қабілетті жастағы жұмыспен қамтылған халық үлесінің ұлғаюы) өндіріс көлемінің жан басына шаққандағы шығынының төмендеуіне әлдеқайда әсер етті. Еңбек өнімділігінің өсуі (жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы ЖІӨ) ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінде 1994 жылдан 2004 жылға дейінгі кезеңде жан басына шаққандағы ЖІӨ өсуінің кемінде жартысын қамтамасыз етеді. Шынында да, бірқатар елдерде еңбек өнімділігінің өсуі жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің барлық өсімін қамтамасыз етті [2].

Көптеген эмпирикалық зерттеулер білім мен өнімділік арасындағы оң байланысты растады. Білімді қызметкерлер көбінесе өнімді болады, сонымен қатар әріптестерінің өнімділігін арттыра алады. Адами капиталдың жоғары қорлары физикалық капиталға инвестиция салуға ықпал етеді және жаңа

технологиялардың дамуы мен таралуын тездетеді, бұл өз кезегінде бір жұмысшының өнімділігіне әсер етеді. Білім берудің бірқатар жанама пайдасы да оң экономикалық салдарға әкелуі мүмкін. Мысалы, білім берудің жоғары деңгейі денсаулық жағдайының жақсаруымен және әлеуметтік келісім мен саяси өмірге қатысудың кейбір аспектілерінің жақсаруымен тығыз байланысты.

Білім берудің макроэкономикалық әсерін зерттеу әдіснамалық тұрғыдан әртүрлі және екі кең теориялық тәсілге негізделген. Бірінші, неоклассикалық тәсіл білім деңгейі мен ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді деңгейі арасындағы байланысты модельдейді. Көптеген зерттеулер осы дәстүрді ұстанады. Екінші тәсіл жаңа өсу теориясына негізделген және білім деңгейі мен ЖІӨ өсу қарқыны арасындағы байланысты модельдейді. Білім беру көлемінің ұлғаюы ең алдымен бітіру деңгейіне немесе оның өсу қарқынына әсер ете ме, жоқ па әлі белгісіз. Қайтарым мөлшеріне келетін болсақ, қолда бар зерттеулер неоклассикалық модельдерде орта білімнің бір жылға артуы жан басына шаққандағы өндіріс деңгейін 3-6% арттыратынын көрсетеді. Өсудің жаңа түрін зерттеу көрсеткендей, орта білімнің өсуі өндірістің өсу қарқынын шамамен 1% арттырады.

Әртүрлі тұжырымдамалық және әдіснамалық кедергілер білімнің экономикалық өсуге әсерін бағалауды қиындатады. Орталық сұрақ өсу қатынастарындағы себеп-салдарлық байланыстың бағытына байланысты: білім өсуге итермелейді ме әлде өсу адамдарды көбірек білім алуға итермелейді ме? Іс жүзінде себеп-салдарлық байланыс екі бағытта да жұмыс істеуі мүмкін.

Көптеген зерттеулер білімнің деннің саулығына оң әсері жөнінде дәлелдер келтіреді. Дегенмен оң себеп-салдарлық байланысты көрсететін әдіснамалық мәселелер де маңызды. Мысалы, физикалық және ақыл-ой қабілеттері, сонымен қатар ата-аналардың сипаттамалары білімнің жоғары деңгейіне және денсаулықтың жақсаруына әкелуі мүмкін. Яғни адамдардың уақытша қызығушылықтары осы не келер шаққа бағдарланғанына қарамастан, білім беруге де, денсаулық сақтауға да инвестицияларды анықтайды. Бір жағынан, деннің саулығы білім деңгейіне байланысты. Десе де, ересек адамдардың үлгеріміне денсаулық ықпалы аз.

Табыс пен жұмыспен қамтуға әсері

- білім жұмыссыздық пен экономикалық белсенділіктің ықтималдығын: физикалық және психикалық денсаулығының төмендігімен байланысты жағдайларды азайтады.

Білім деңгейі жоғары адамдар сонымен қатар олар қанағаттандыратын және физикалық қауіп-қатері аз кәсіптерде жұмыс істей алады. Білімді адамдар да жоғары жалақы мен кәсіби мәртебеге ие болады. Жоғары кірістер медициналық көмекке қолжетімділікті жеңілдетеді және қаржылық тұрақсыздықтан туындаған стресстен аулақ болуға көмектеседі. Жоғары білім деңгейіне байланысты жоғары жалақы денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін мінез-құлықтың мүмкін шығындарын арттырады. Америка Құрама Штаттарында білім берудің 60 жастан асқан ересектердің денсаулығына әсерінің жартысына жуығы экономикалық факторларға жауап береді деп есептелген.

Денсаулыққа байланысты мінез-құлыққа әсері

- денсаулыққа байланысты мінез-құлықтың өзгеруіне көптеген себептер түрткі болуы мүмкін, соның ішінде денсаулыққа қатысты проблемалар жөнінде хабардарлықты арттыру және тиісті ақпаратқа қолжетімділікті арттыру және оны түсіну (кейбір зерттеулер денсаулық туралы білім тұрақты болып қалса да, мектептегі білім денсаулыққа оң әсер етеді деп көрсетеді). Білім беру адамдарды болашаққа бағдарлай алады, осылайша олардың денсаулық сақтауға ұзақ мерзімді инвестицияларға деген ынталарын арттырады. Білім деңгейінің жоғарылауына байланысты мінез-құлық өзгерістерінің әсері денсаулық жағдайына байланысты өзгереді. Зерттеулер жоғары білім мен дұрыс тамақтану, темекі шегу мен шамадан тыс ішу жағдайлары, физикалық белсенділіктің жоғарылауы және қауіпсіздік белдіктерін жиі қолдану арасындағы оң байланысты анықтады.

Психосоциалдық салдары

- Білім адамдардың күнделікті өмірде кездесетін бірқатар стресстермен қалай күресетініне түрліше әсер етеді. Білім адамдардың өзін-өзі бағалауын, проблемаларды шешу және қарым-қатынас дағдыларын, жеке бақылау мен әлеуметтік белсенділікті арттыруы мүмкін, бұл қиындықтарға оң жауап беру қабілетін арттыруы мүмкін. Біріккен Корольдіктен алынған мәліметтер көрсеткендей, ерлер де, әйелдер де негізгі дағдылардың төмен деңгейі депрессиялық симптомдардың пайда болу мүмкіндігін екі есе арттырады.

Қорыта айтар болсақ, қолда бар деректер білімнің денсаулыққа әсер ету ауқымы өте маңызды екенін көрсетеді. ЭЫДҰ елдері халқының орташа жасы өсіп, көптеген елдерде медициналық шығындар ЖІӨ-нің өсіміне қарағанда тез артып келе жатқандықтан, мұндай дәлелдердің салдарына көп көңіл бөлуді қажет етілуі мүмкін: білімді адамдар профилактикалық көмекке көбірек инвестиция салады, медициналық қызметтердің кең спектрін тиімді пайдаланады және сәйкесінше денсаулықты жақсарту ықтималдығы жоғары болады.

2 Барлық балалар үшін сапалы білім беру қызметтерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстандағы ведомствоаралық өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды зерделеу өзектілігі

Сапалы және қолжетімді білім беру мемлекет басшысының Қазақстан халқының алдына қойған стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады: «Біздің біліміміз қолжетімді және инклюзивті болуы тиіс» [34]. Бұл мақсат адам құқықтары, білім беру, жеке тұлға, әлеуметтік-экономикалық артықшылықтар секілді маңызды аспектілерді қамтитын инклюзивті білім берудің оң әсерін ескере отырып, бүгінгі таңда ерекше өзекті болып табылады [1].

Қазақстан Республикасы балалардың білім алу құқығын еліміздің Ата Заңы – Конституцияда бекіте отырып, балалардың құқықтары мен мүдделерін реттейтін бірқатар халықаралық құжаттарды ратификациялады, олардың ішінде келесі нормативтік құжаттарды атап өте аламыз: «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы, «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы, «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенция және т.б. [35]. Тәуелсіздік жылдарында елімізде балалардың сапалы білім алуға тең қолжетімділік үшін жағдай жасау жөнінде өзіндік нормативтік база қалыптастырылды.

БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің 17 тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізудегі жалпы прогресін өлшейтін тұрақты даму мақсаттарының жаһандық рейтингінің қорытындысы бойынша Қазақстан 166 елдің арасында 65-орынды иеленді [36]. Сонымен қатар кедейлікті жою, салауатты өмір салтын және таза судың болуын қамтамасыз етуде оң динамикаға қол жеткізе отырып, Қазақстанда ашаршылықты жою, теңсіздік деңгейін төмендету және сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бүгінгі күні өзекті болып қалуда. №4 мақсатқа қол жеткізуге келетін болсақ, «сапалы білім беруді қамтамасыз ету» мақсаты орташа деңгейде жақсарып жатқандығы атап өтілді [36]. Толықтырып өтетін болсақ, барлық стейкхолдерлердің, білім беру процесіне қатысушылардың назарын мынадай көрсеткіштерге аудару қажет: «бастауыш білім берумен қамту» (86,9 б.), орта мектепті бітіргендердің пайызы (113,6 б.), 15-24 жастағы халықтың сауаттылық деңгейі (99,9 б.)

Білім берудің қолжетімділігіне келетін болсақ, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қызмет көрсетуді сапалы ету мәселелері өзекті болып қалуда. Мысалға, мектепке дейінгі білім беру саласында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 66%-ында кедергісіз қолжетімділік жасалғанына қарамастан, білікті кадрлардың тапшылығына, үй-жайларды қазіргі заманғы даму жабдықтарымен жарақтандыруға және оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етуге, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен жеткіліксіз қамтуға байланысты мәселелер байқалуда [36].

Еліміздегі мектептердің көпшілігінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін жағдайлар жеткілікті жасалмаған

Орта білім беру жүйесінде балалардың инклюзивті білім алу құқығын қамтамасыз ету бойынша бірқатар мәселелер де шешілмеген күйінде қалып отыр. Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер саны

ұлғаюының оң динамикасына қарамастан (2018 ж. – 60 %, 2019 ж. – 64,9 %, 2020 ж. – 74,9 %), білім беру басқармаларының басшылары, жалпы білім беретін мектептердің директорлары ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру процесіне тиімді қосу үшін жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс бойынша педагогтерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелерін шешу, мектептерді білікті мамандармен қамтамасыз ету (педагог-дефектологтар, логопедтер, педагог-ассистенттер), материалдық-техникалық базаны нығайту және арнайы әдебиеттермен қамтамасыз ету қажет [36].

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың білім сапасын арттыру, балалардың құқықтарын қорғау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі 2021 жылы «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасын (бұдан әрі – Ұлттық жоба) әзірледі [37]. Осы мақсатқа, сондай-ақ 2025 жылға дейін оны іске асыру үшін қойылған бес негізгі міндетке қол жеткізу орталық мемлекеттік органдардың (ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі) және жергілікті атқарушы органдардың мақсатты жүйелі жұмысын тұспалдайтынын атап өту қажет.

Жоғарыда аталған іс-шаралар жоспары мен ұлттық жобаны іске асыру үшін, балалардың әл-ауқатын және әртүрлі салаларда балаларға жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалауды жүргізу мақсатында ағымдағы жылы балалардың әл-ауқатының индексі бекітілді [40]. Индекстің қорытынды мәніне табысты қол жеткізу орталық мемлекеттік органдардың (Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Ішкі істер, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросының) және жергілікті атқарушы органдардың бірлескен үйлестірілген іс-қимылын талап етеді.

Қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері өз өзектілігін жоғалтпауда

саясатты іске асыруда олардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ білім алу мәселелері: балалардың құқықтарын қорғауды реттейтін қолданыстағы

тетіктердің тиімділігінің жеткіліксіздігі, кедейлікпен, отбасылық жайсыздықпен, қатыгездікпен қараумен, зорлық-зомбылықпен, буллингпен, өзін-өзі өлтіру, мінез-құлық, балалар мүгедектігімен байланысты проблемалар ерекше маңызға ие болуда. [35].

Сарапшылардың пайымдауынша, құқықтарын қорғауды қажет ететін балалардың ең осал санатының бірі – денсаулығына байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалар – даму мүмкіндіктері шектеулі балалар [35]. Балалар құқықтарының жағдайы туралы баяндамада [35] атап өтілгендей, балалардың осы тобының проблемаларын шешу үшін балалар мүгедектігінің алдын алу мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту қажет, атап айтар болсақ: балалардың психофизикалық денсаулығының ерте скринингін жақсарту, уақытылы түзету-дамытушылық қолдау көрсету және оңалту, мүгедектіктің «медициналық» моделінен әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу, қоғамда инклюзивті мәдениетті, инклюзивті практика мен саясатты қалыптастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы Конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы мерзімді баяндаманы әзірлеу шеңберінде жүргізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелері [41] балалар құқықтарының орындалмау себептері көбінесе: формальды тәсіл, бюрократия, балалар құқықтарының бұзылу фактілерін жасыру, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылының болмауы, балалардың құқықтарын оның ішінде, қоғамдық ұйымдармен мемлекеттік шығыстарды оңтайландырудан туындаған мемлекеттік органдарды қайта құрылымдау. Жалпы білім беретін мектептердің педагогтерімен сұхбат нәтижелері жүйелі ведомствоаралық өзара іс-қимылға негізделген балалардың құқықтарын қорғау жүйесін құру қажеттілігін көрсетеді [41, 74 б.].

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру орталығы жүргізген жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді енгізу үшін мектеп әкімшілігінің, педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайын еместігінен, арнайы педагогтердің тапшылығынан және материалдық-техникалық жарактандырудың әлсіздігінен жеткіліксіз жағдайлар жасалғанын көрсетті [42]. Сарапшылар атап өткендей, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау бойынша тиімді жұмыс құру үшін мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (бұдан әрі – ППҚҚ), сынып жетекшілері мен ППҚҚ мүшелері арасындағы ведомствоішілік өзара іс-қимылды ғана емес, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің, ППҚҚ мамандарының ППТК мамандарымен балалармен жұмыс бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылын күшейту қажет [42].

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, сондай-ақ ЮНЕСКО [43, 44] ұсынған инклюзивті білім беруді дамытудың халықаралық тәсілдерін назарға ала отырып, Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік

саясатты тиімді іске асыру үшін ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселелерін зерделеу, проблемалық мәселелерді анықтау, шешу жолдарын іздестіру қажет деген қорытынды жасауға болады.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы ведомствоаралық өзара байланысты ғылыми-әдіснамалық негіздеу

ЮНЕСКО мәліметтері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл [43] әлеуметтік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік саясатты табысты іске асыру факторларының бірі болып табылады. ЮНЕСКО ұсынған 2030 жылға қарай тең білім беруге қолжетімділіктің тұжырымдамалық негізі инклюзияны енгізу үшін қажетті төрт компоненттен тұрады: инклюзия мен теңдік тұжырымдамаларын ұлттық және өңірлік деңгейлерде қолданыстағы заңнамаға енгізу; инклюзияны енгізу қағидаттарын көрсететін нақты ұлттық саясат және педагогтер тап болуы мүмкін кедергілерді болжау; қауіп-қатер аймағындағы балалар үшін қажетті құрылымдар мен ұйымдарды құру; әрбір білім алушының құқықтарын сақтау мақсатында арнайы ұйымдардың педагогтері мен жалпы білім беретін мектептердің педагогтері арасындағы өзара іс-қимыл жасау [43].

Дамыған елдердің халықаралық тәжірибесі инклюзивті білім беруді дамытуда ведомствоаралық тәсілді пайдаланудың тиімді мысалдарын көрсетеді. Ведомствоаралық тәсілді қолданудың практикалық мысалы «әр баланың құқықтарын қамтамасыз ету» (getting it Right For Every Child) өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен отбасыларға кешенді қолдау көрсетудің үйлестірілген жүйесі болып табылады, оның негізгі қағидаты «баланы бір қызметтен екінші қызметке ауыстырудан гөрі әрбір балаға көмек көрсетудің маңыздылығын қабылдау» болып табылады [45, 841-бет].

Посткеңестік кеңістік елдерінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды пайдалану

Ведомствоаралық тәсіл әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеуде өзекті болып табылады

тәжірибесі қызығушылық тудырады. Мысалы, Алехина мен Фальковская ведомствоаралық өзара іс-қимылды психологиялық қызметтің табысты факторларының бірі ретінде қарастырады, білім беру

қызметтерін сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу кезінде қолданылатын мемлекеттік органдардың жұмысында ведомствоаралық тәсілді қолдануға мысал келтіреді [46]. Авторлар билік органдарының жұмысында ведомствоаралық тәсілдің келесі анықтамасын қолданады: «бұл әлеуметтік және білім беру қызметтерін ұйымдастырудың, сапасы мен тиімділігінің маңызды әдіснамалық принципі» [46, 117-бет].

Ғалымдардың пікірінше, ведомствоаралық өзара іс-қимылдың негізгі артықшылықтары келесілер болып табылады: ведомстволық бытыраңқылықты еңсеру, басқарушылық қайталауды болдырмау, бірыңғай ақпараттық өріс негізінде жұмыстың тиімді технологияларын құру және бірлескен күш-жігерді үйлестіру [46]. Авторлар Сухарев енгізген ведомствоаралық өзара іс-қимыл анықтамасын қолданады, оны тек бірлескен қызмет ретінде ғана емес, әлеуметтік серіктестік қағидаттарына негізделген «ортақ мақсаттарға жету жолындағы іс-

әрекет» ретінде қарастырады [47, 6-бет]. Осы қағидаттың арқасында бірлескен мүдделер мен мүмкіндіктерді келісу процесі жүріп жатыр, проблемалық мәселелерді шешудің неғұрлым тиімді тәсілдері әзірленуде [47].

Сухарев ұсынған «ведомствоаралық өзара іс-қимыл» анықтамасын қолданудың бір үлгісі – психологтың кәсіби стандарты [48], Ресей Федерациясының Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметті дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасы [49], Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің «Медициналық-әлеуметтік сараптаманың федералды мемлекеттік мекемелерінің психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялармен ведомствоаралық өзара іс-қимылын ұйымдастыру туралы» 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 723 бұйрығы [50], аталған құжаттармен білім беру және әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл модельдерін әзірлеу қарастырылған.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды қолданудың тағы бір мысалы – инклюзивті білім беру жүйесі, оны Ряписова [51] «жүйелік инновация» деп анықтайды. Бұл инновация мемлекеттік құрылымдардың (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау) ұзақ мерзімді бірлескен қызметін болжайды, нәтижесінде білім беру сапасы артады және балаларды әлеуметтендіру мәселелері шешіледі [51].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді талдау

Қазақстанда, ТМД-ның басқа елдеріндегідей, сапалы білім алуға және баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауға балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеудің жеке тәжірибесі жинақталған. Жоғарыда аталған ұлттық жоба мен балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарынан, білім беру және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңнамалық актілерден басқа, ведомствоаралық сипаттағы құжаттар әзірленді, олардың мақсаты білім алу үшін тең жағдайлар жасау, балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады.

Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды, оның ішінде мүгедек адамдарды қолдау жөніндегі негізгі құжаттардың бірі – **Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы** [52] (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) құжаты болып табылады. Ұлттық жоспардың мақсаты мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау кезінде, Қазақстанды 2030 жылға дейін әлеуметтік жаңғырту шеңберінде инклюзивті қоғамды қалыптастыру жөніндегі міндеттемелерді, Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялауға байланысты Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді іске асыру және Қазақстанды 2030

жылға дейін әлеуметтік жаңғырту шеңберінде барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғамды қалыптастыру болып табылады.

Осы құжаттың артықшылықтарының бірі оның жүйелі мониторингілеу болып табылатынын атап өту қажет, оған сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жылына бір рет Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне Ұлттық Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық есепті ұсынады [52]. Ұлттық жоспарда мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты іс-шаралар мынадай бағыттар бойынша айқындалды: мүгедектіктің алдын алу, білім алуға қолжетімділік, кешенді қолжетімділік және кедергісіз ортаны қамтамасыз ету, әлеуметтік оңалту мен абилитацияның тиімділігін арттыру, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңарту, қоғамдық сананы жаңғырту. Осы секілді іс-шараларды іске асыру орталық мемлекеттік органдардың да, жергілікті атқарушы органдардың да ведомствоаралық өзара іс-қимылын талап етеді. **Кейбір іс-шаралар ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтуді талап ететінін** атап өту қажет, өйткені олар тек бейінді емес, бірнеше ведомстволардың қызметіне қатысты. Мысалы, «өңірлер бөлінісінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны бойынша статистикалық деректерді қалыптастыру» іс-шарасын іске асыруға жауапты мемлекеттік орган болып ҚР Білім және ғылым министрлігі, жергілікті мемлекеттік органдар анықталды. Бұл ретте, ЭЫДҰ [53] анықтаған «ерекше білім беруді қажет ететін балалар» терминін, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасын [54] кеңінен түсінуді ескере отырып, денсаулыққа қатысты проблемалардан басқа, мінез-құлық және эмоциялық проблемалармен, қолайсыз психологиялық факторлармен, әлеуметтік-психологиялық кедергілермен негізделген ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық топтарын есепке алу үшін, экономикалық, тілдік, мәдени сипатта, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық топтары үшін бірыңғай статистикалық есеп қалыптастыру қажет.

Осыған байланысты, ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтарына жататын балалардың ақпараттық дерекқорларын, білім беру және ғылым, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерін, ішкі істер министрліктерін, жергілікті атқарушы органдарды, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларды (бұдан әрі – ПМПК) интеграциялау, сондай-ақ өңірлік жергілікті атқарушы органдардың тиісті үйлестірілген қызметі талап етіледі.

Тек статистикалық деректер ғана мемлекеттік органдарға ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі саясатты одан әрі қалыптастыруға мүмкіндік бермейтінін атап өту қажет. Осыған байланысты, баланың және оның отбасының барлық деректерін, оның денсаулық жағдайы, материалдық көмек алу, тұрғын үйдің болуы және т.б. туралы деректерді толтыру қажет, осы мәселені шешу жолдарының бірі қазіргі уақытта бейінді ведомстволар жұмыс істейтін отбасының цифрлық картасын әзірлеу болуы мүмкін.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтуден басқа, Ұлттық жоспардың іс-шараларының көпшілігі үшін **қаржы қаражаты көзделмегенін**

атап өту қажет. Осылайша, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуды іске асыратын жалпы білім беру ұйымдарының базасында инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары желісін кеңейту, оның ішінде танылған халықаралық практикаларды енгізуді ескере отырып, арнайы (дамытушы жабдықтармен) қамтамасыз етуге, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс бойынша педагогтерді (логопед-мұғалімдер, дефектолог-мұғалімдер және т.б.) даярлауға, қайта даярлауға, олардың біліктілігін арттыруға, мектептерді арнайы құралдармен қамтамасыз етуге арналған қаражаттың болуын талап етеді. Осыған байланысты, аталған іс-шараны тиімді іске асыру үшін қажетті есептерді дайындау және республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару қажет. Сонымен қатар, жалпы алғанда, мүгедек адамдардың құқықтары мен мүдделерін іске асыру бойынша оң өзгерістерге қарамастан, **кейбір іс-шаралар формалды сипатқа** ие болуы мүмкін. Мысалы, еліміздің мектептерінде педагогтерді, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру қызметтерін ұсынатын мамандарды даярлаумен байланысты проблема бар [36]. Осыған байланысты, Үкімет қаулысымен айқындалған жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан басқа, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселелерімен айналысатын қоғамдық ұйымдарды тәуелсіз мониторингілеуді жүргізуі қажет. Қоғамдық ұйымдар, мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) (мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, колледждер мен ЖОО-ларда) оқыту үшін жағдай жасауға тәуелсіз мониторинг жүргізе алады. Қазіргі уақытта балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ҚР БҒМ Балалар құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілді, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің кеңесшісі және кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары функцияларын атқаратын қоғамдық бастамаларда енгізу туралы мәселені қарастыруда.

Ұлттық жоспардың іс-шараларын іске асыруға қарамастан, оны арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету бөлігінде іс жүзінде іске асыру барысында **хабардарлықтың нашарлығына және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіз болуына** (мысалы, мүгедектікті, жәрдемақыларды және т.б. ресімдеу кезінде) **байланысты мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінде әртүрліліктің бар екендігін** атап өту қажет, **кейбір нормативтік құжаттар бір-бірін қайталайды** (мысалы, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларындағы), **тәуелсіз ұйымдардың тарапынан іс-шараларға ұлттық мониторингілеуді жүргізу жүйесі жоқ.**

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы (бұдан әрі – 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы) болып табылады [55]. Ұлттық жоспарға ұқсас 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар іске асырады. Қорытынды мониторингілеуді жыл сайын ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүргізеді, ол ҚР Үкіметіне ақпарат ұсынады. 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы

мынадай бағыттар бойынша іс-шараларды іске асыруды көздейді: мүгедектіктің алдын алу жүйесін және ерте түзету-дамыту көмегін ұйымдастыру, оңалту қызметтерін ұйымдастыруды жетілдіру, есепке алу жүйесін жетілдіру және арнайы техникалық құралдармен, дәрілік және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету, кадрлар даярлау және біліктілігін арттыру, глютенсіз тамақ өнімдерін енгізу.

Ұлттық жоспардан айырмашылығы, 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы **іс-шараларды іске асыру бойынша сандық көрсеткіштерге қол жеткізуді көздемейді**, бұл оларды тиімді іске асыруға кедергі болуы мүмкін. Мысалы, сурдолог дәрігерлермен қамтамасыз етілген, қажетті жабдықтармен, оның ішінде есту функциясын тереңдетіп тексеру үшін жабдықталған денсаулық сақтау ұйымдарының базасында сурдологиялық кабинеттермен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шарада 2021-2023 жылдар кезеңінде ашылуы қажет кабинеттердің нақты саны көрсетілмеген. Жол картасының 2021-2023 жылдарға арналған **кейбір іс-шаралары жүйелі емес, бір реттік сипатқа ие**. Жұмыс тобын құру және мүмкіндігі шектеулі балалардың медициналық, оңалту, әлеуметтік көмек және білім беру қызметтерін алу құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шара жылына 1 рет – 2021 жылы өткізіледі, ал ол жүйелі негізде жүргізілуі тиіс. Ұлттық жоспар секілді, **кейбір іс-шараларды іске асыру қосымша жауапты мемлекеттік органдарды қосуды талап етеді**. Мысалы, барлық медициналық ұйымдарда даму ерекшеліктері бар балаларға төзімділікті қалыптастыру мақсатында аутизм проблемасы, РАС бар балалар мінез-құлқының ерекшеліктері туралы халықты жаппай хабардар ету жөніндегі іс-шараларды (буклеттер, брошюралар, парақшалар) ұйымдастыру жөніндегі іс-шара тек жергілікті атқарушы органдарға, ҰЕҰ-ға (келісім бойынша) бекітілген. Бұл ретте, аталған іс-шараны тиімді іске асыру үшін осы іс-шараны үйлестіруге жауапты мемлекеттік органдар ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне, ал орындалуын бақылауды ҚР Ағарту, Денсаулық сақтау министрліктеріне бекітуге болады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі жоғарыда көрсетілген және басқа да нормативтік құқықтық құжаттардан басқа, елімізде барлық балалардың, оның ішінде мінез-құлық және эмоциялық проблемаларымен, қолайсыз психологиялық факторлар, әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени сипаттағы кедергілерімен негізделген ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құжаттар әзірленді.

Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық сипаттағы маңызды құжаттардың бірі «2020-2023 жылдарға арналған Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мәселелерін шешу жөніндегі Жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 Қаулысы (бұдан әрі – 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасы) [56]. ҚР Үкіметіне 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру туралы қорытынды ақпаратты ұсынуға жауапты орталық мемлекеттік

орган ҚР Білім және ғылым министрлігі болып табылады. 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасының іс-шараларын іске асыруға жауапты тұлғалардың тізіміне орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар ғана емес, сонымен қатар жоғары билік органдарының өкілдері – ҚР Жоғарғы Соты, қоғамдық ұйымдар – Дүниежүзілік Банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобаларын басқару тобы (бұдан әрі – ДБ) енгізілгенін атап өту қажет. 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасы бес бөлімнен тұрады: заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, бағдарламалық қамтамасыз ету және әдістемелік қолдау, қызметті үйлестіру және ведомствоаралық өзара іс-қимыл, іс-шаралар, ақпараттық-түсіндіру қызметін ұйымдастыру [56]. «Қызметті үйлестіру және ведомствоаралық өзара іс-қимыл» бөлімі жеке тармақпен ерекшеленгеніне қарамастан, 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасы іс-шараларының басым бөлігі бірнеше мемлекеттік органдардың, мемлекеттік саясатты жетілдіру, оның ішінде инклюзивті білім беру бойынша бірлескен жұмысын білдіреді, бұл өз алдына, ғалымдардың пікірлері бойынша [46, 47, 51], жүйелік тұғырды айғақтай түседі. Сондай-ақ, «қызметті үйлестіру және ведомствоаралық өзара іс-қимыл» бөлімі «білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жергілікті атқарушы органдардың деректер базасын интеграциялау» секілді мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларымен қоса, мемлекеттік органдар мен басқа да адамдардың балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін талдауға және мониторингілеуге тікелей бағытталған іс-шараларды қамтитынын атап өткен жөн. Олар: «Өңірлік ҚДНЖК қызметін талдау», «Порнографиялық сипаттағы материалдарды, балаларға қатысты және олардың тарапынан қатыгездік туралы, экстремистік сипаттағы ақпаратты, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың прекурсорларын және Интернет желісінде тікелей және пайдалану арқылы жасалатын басқа да қылмыстарды насихаттауды қамтитын әлеуметтік желілер мен Интернеттегі парақшаларды мониторингтеуді жүргізу және тосқауыл қою», «мүгедек балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге; әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту саласында қызмет көрсету мақсатында мүгедек балаларды және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың қажеттіліктеріне; осы санаттағы балалардың және олардың қажеттілігінің деректер базасына мониторинг жасау».

Жалпы, жол картасы іс-шаралардың жетпіс тармағын қамтиды, оларды іске асыру Балалардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. **Төрт** ірі іс-шараны іске асыруға республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) қаражатынан 200 млн. теңге бөлу көзделген, **екі** іс-шараны іске асыруға РБ көзделген қаражат шегінде, **бір** іс-шараны іске асыруға РБ және жергілікті бюджет (бұдан әрі – ЖБ) көзделген қаражат шегінде, **алты** іс-шараны іске асыруға дүниежүзілік банк көзделген қаражат шегінде, **он үш** іс-шараны іске асыруға ЖБ көзделген қаражат шегінде, **төрт** іс-шараны іске асыруға бюджеттен тыс қаражат есебінен, **қырық** іс-шараны іске асыруға қаржы қаражаты талап етілмейді.

Жол картасының іс-шараларын, әсіресе қаржы қаражаты талап етілмейтін іс-шараларын тиімді іске асыру үшін мұқият талдауды және **жергілікті бюджет**

немесе республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуге тиісті есептеулерді дайындауды талап ететінін атап өткен жөн. Мысалы, жергілікті атқарушы органдардың *«әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту саласында қызметтер көрсету мақсатында мүгедек балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізу»* іс-шарасын іске асыруы үшін Жол картасына сәйкес қаржы қаражаты талап етілмейді. Сонымен қатар халықаралық және отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, толыққанды мониторингілеу жүргізу мақсатында **әлеуметтік зерттеулер жүргізу үшін тәуелсіз құрылымдарды (мемлекеттік емес органдар, ғалымдар) тарту қажет**. Осы зерттеулер мынадай зерттеу әдістерін қамтиды: сұхбат, сауалнама, фокус-топтар жүргізу, құжаттаманы зерделеу, бақылау және басқалар, сондай-ақ алынған деректерді талдау, зерттеу қорытындылары бойынша талдамалық анықтама дайындау, ұсынымдар әзірлеу және басқа да іс-шаралар. Осыған байланысты талдау мен мониторингілеуді көздейтін іс-шараларды тиімді іске асыру үшін республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді не бюджеттен тыс қаражатты тартуды көздеу қажет. Сонымен қатар тәуелсіз сарапшылар дайындаған талдау, жергілікті атқарушы органдар жүргізген талдауды ескере отырып, балалардың, атап айтқанда, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың нақты жағдайы туралы объективті ақпарат береді. Осыған байланысты талдау мен мониторингілеуді көздейтін іс-шараларды тиімді іске асыру үшін республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді не бюджеттен тыс қаражатты тартуды көздеу қажет. Сонымен қатар тәуелсіз сарапшылар дайындаған, жергілікті атқарушы органдар жүргізген талдау балалардың, атап айтқанда, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың нақты жағдайы туралы объективті ақпарат береді.

Жалпы, 2020-2023 жылдарға арналған жол картасының іс-шараларын тиімді іске асыру үшін мынадай іс-шараларды көздеу ұсынылады: балалар қауіпсіздігі мәселелері бойынша ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізу және іс-шаралардың іске асырылуын бақылау үшін қосымша қаржы қаражатын бөлу, тәуелсіз сарапшыларды, қоғамдық ұйымдарды тарту, іс-шараларды іске асыру индикаторларын айқындау, жергілікті атқарушы, орталық атқарушы органдардың есептік ақпаратты ұсыну мерзімдерін мемлекеттік органдар ҚР Ағарту министрлігіне жылына бір рет 2023-2025 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру мерзімдерін ұзарту, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды регламенттейтін ҚР нормативтік құқықтық құжаттарын талдау барысында елімізде НҚА-ның айтарлықтай саны әзірленгенін, бұл ретте олардың кейбіреулері бірін-бірі қайталайтын сипатқа ие екені, сондай-ақ әртүрлі терминологияны қолданатыны анықталды. Мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсету кезіндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл ҚР БҒМ мен басқа да орталық мемлекеттік органдардың екі бірлескен бұйрықтарымен реттеледі. ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 қазандағы № 501, ҚР ДСМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 725, ЕХӘҚМ 2021 жылғы 6 қазандағы № 369

«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрығы [57] мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін реттейді (ЭЫДҰ сәйкес, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бірінші тобы).

«Өмірде қиын жағдайдың туындау қатері бар отбасыларға және адамдарға көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 37, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 118, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 10 ақпандағы № 44, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 70, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2022 жылғы 15 ақпандағы № 74 бұйрығы [58] екінші және үшінші топтардағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсетудің ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін реттейді. Егер бірінші бұйрық ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бірінші тобының өзара әрекеттесу тәртібін реттесе, онда екінші бұйрық ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық үш тобын қамтиды.

Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген бұйрықтарда **«қиын өмірлік жағдайға тап болған баланың (отбасының)» әртүрлі терминологиясы** пайдаланылады. Бірінші бұйрықтың ерекшелігі көрсетілетін медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерінің сапасы мен тиімділігінің жыл сайынғы мониторингін көздейтін тармақты енгізу болып табылады, екіншісінің ерекшелігі – қиын өмірлік жағдайға тап болған балаға (отбасына) арнайы білім беру, медициналық, профилактикалық, әлеуметтік қызметтер көрсету бөлігінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл кезінде жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын дәйекті сипаттау.

Жалпы, осы бұйрықтарды талдау ғалымдардың пікірін растайды [45, 46], балаларды қолдау мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімді факторларының бірі басқарушылық қайталауды болдырмау, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу мен іске асырудағы жүйелі тәсіл болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ең осал топтарының бірі болып табылатындығына байланысты, жоғарыда көрсетілген «Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрықты іске асыру кезінде орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, ата-аналар (оларды алмастыратын адамдар) тап болатын **кедергілерді мұқият талдау қажет.**

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің көптігіне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді мониторингілеу шеңберінің авторлары [59] **елімізде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды жұмысқа орналастыруды регламенттейтін құжат жоқ** екенін атап көрсетеді. Осылайша, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ жобалық тобы (бұдан әрі – АТО) жүргізген сауалнамаға қатысқан ЖОО оқытушылары жоғары оқу орындарының ерекше білім беруді қажет ететін түлектерді жұмысқа орналастыруға көмегі кішігірім сипатқа ие

екендігі әрі тек жұмыс берушілермен кездесулер өткізуде, өндірістік практикаларды, мастер-класстар мен тренингтерді ұйымдастыруда көрініс тапқаны анықталды [59]. Бұл ретте, адамдарды табысты жұмысқа орналастыру үшін колледждер, ЖОО-лар ерекше білім беруді қажет ететін түлектерін жұмысқа орналастыруға көмек көрсету тетіктерін айқындау бойынша мемлекеттік органдардың бірлескен іс-қимылын үйлестіру қажет. Осыған байланысты, Білім беру, Денсаулық сақтау, Еңбек, және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері, жұмыс берушілер, жоғары оқу орындары, колледждер және басқа да мүдделі тұлғалардың ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруы кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды реттейтін бірыңғай құжат әзірлеу талап етіледі. Осы жоспарды әзірлеу кезінде Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады [60].

Сонымен қатар елімізде **ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (адамдарға) мемлекеттік қызмет көрсететін барлық мүдделі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылының республикалық жоспары жоқ** [59].

Төменде (1-кестені қараңыз) ведомствоаралық өзара іс-қимылды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау кезінде анықталған негізгі проблемалар ұсынылған:

1-кесте. Ведомствоаралық өзара іс-қимылды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау кезінде анықталған проблемалар

№	Проблемалар
1	Бірлескен НҚА, стратегиялық құжаттарды іске асыру мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін функциялар мен штаттық лауазымдардың болмауы
2	«Бір есеп, әртүрлі статус» қағидаты бойынша балалардың бір реттік есебінің болмауы (мүмкіндіктері шектеулі, мүгедектігі бар, өмірлік қиын жағдайдағы және т.б.)
3	Білім алушылардың арнайы білім беру, әлеуметтік, медициналық қызметтерге тең қолжетімділігін, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі
4	Кейбір құжаттардың формалды сипатқа ие болуы
5	Тәуелсіз ұйымдар тарапынан іс-шараларды ұлттық мониторингілеу жүйесінің болмауы
6	Хабардарлықтың нашарлығына және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіз болуына байланысты мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінде әртүрліліктің орын алуы
7	Кейбір нормативтік құқықтық актілердің бірін-бірі қайталауы
8	Кейбір іс-шараларды іске асыру бойынша бірыңғай индикаторлардың (сандық және сапалық көрсеткіштердің) болмауы
9	Кейбір іс-шараларды іске асыруда жүйелік сипаттың болмауы
10	Іс-шараларды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдардың толық тартылмауы
11	Жол карталарының іс-шараларын іске асыру мақсатында әлеуметтік зерттеулер жүргізу үшін ғылыми кадрлардың толық тартылмауы

12	Нормативтік құқықтық актілер мазмұнын жетілдіру мақсатында үздіксіз ғылыми теориялық және практикалық зерттеулердің болмауы
13	Әртүрлі ведомстволардың нормативтік құқықтық актілерде әртүрлі терминологияны қолдануы (мысалы, «арнайы ұйымдар», қиын өмірлік жағдайға тап болған бала (отбасы) терминдерін әртүрлі түсіндіру
14	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды жұмысқа орналастыруды регламенттейтін құжаттың болмауы
15	Мақсаты ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға көрсетілетін қызметтер аясын мониторингілеу болып табылатын орталық деңгейдегі органның болмауы
16	Орталық мемлекеттік органдар арасында инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерінің болмауы (ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдаудың ведомствоаралық жоспары)
17	Оқу процесінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдаудың әртүрлі деңгейлік жүйесінің өлшемдері көрсетілетін нормативтік құжаттар санының жеткіліксіздігі

Ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізу барысында анықталған ведомствоаралық сипаттағы проблемалық мәселелерді талдау

ҚР БҒМ тапсырысы бойынша «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ жобалық тобы ата-аналардың, педагогтердің, білім алушылардың, білім беру ұйымдары басшыларының, білім басқармалары мен бөлімдері мамандарының, ҮЕҰ өкілдерінің халықаралық тәжірибесі мен ұсыныстарын ескере отырып жүргізген зерттеу шеңберінде [59] инклюзивті білім беру саласында бірқатар проблемалар анықталды.

Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты табысты жүзеге асырудағы маңызды мәселелердің бірі **әлсіз менеджмент** болып табылады [59]. ҚР Білім және ғылым министрлігі инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіруші орган болып табылатынына қарамастан, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға арнайы әлеуметтік, медициналық қызметтер көрсету мәселелерімен келесі министрліктер де айналысады: ҚР ДСМ, ҚР ЕХӘҚМ. Орталық мемлекеттік органдардан басқа, осы бағыттағы жұмысты үйлестірумен келесі құрылымдар айналысады: ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия, мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі [59]. Сонымен қатар елімізде 2016 жылдан бастап бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты жұмыс істейді. Сонымен қатар елімізде **мақсаты инклюзивті білім беру сапасына мониторингілеу болып табылатын республикалық уәкілетті орган жоқ** [59]. Осыған байланысты, инклюзивті білім беруді мониторингілеуді жүзеге асыратын бірыңғай үйлестіру органына мысал ретінде Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысын тәжірибе ретінде келтіруге болады [59, 61].

«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ жобалық тобы белгілеген тағы бір проблема **инклюзивті білім беру мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдар арасында ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерінің болмауы** болып табылады [59]. Бұл проблема, бірінші кезекте, **ерекше білім беруді қажет**

ететін балаларды есепке алу бойынша бірыңғай ақпараттық базаның жоқтығынан туындайды, осыған байланысты ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдаудың жүйелі тәсілдерін көрсетудің бірыңғай тәсілдері жоқ. Бұл проблеманы шешу жолдарының бірі ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдаудың ведомствоаралық жоспарын әзірлеу (ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, ҚР ЕХӘҚМ, ҚР МСМ және т.б.); ПМПК желісін кеңейту арқылы қажеттіліктерді ерте анықтау тетіктерін жетілдіру, ПМПК-ның Денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимылын нормативтік реттеу; ҚР БҒМ жанында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша өңірлік және республикалық үйлестіру кеңесін құру болуы мүмкін [59].

Ақпараттық-аналитикалық орталық жүргізген зерттеу барысында, сондай-ақ, медициналық ұйымдармен балаларды ерте анықтау кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылдың болмауы мәселесі анықталды [59]. Сауалнамаға қатысқан педагогтердің пікірінше, мамандардың қажетті көмегін алуға мұқтаж балалардың көпшілігі анықталмады, себебі медициналық ұйымдар скрининг кезінде балалардың

денсаулығына байланысты проблемаларға ғана назар аударады, олардың танымдық процестеріне байланысты проблемаларды елемейді [59]. Қазіргі уақытта балалардың психофизикалық дамуының ерте скринингінің тетігі «Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығымен (25.08.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) (бұдан әрі – қағидалар) реттеледі [62]. 98-бұйрыққа сәйкес «Босандыру және МСАК ұйымдары ай сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтау басқармаларына және аумақтық ПМПК-ға 16-қосымшаға сәйкес ерте жастағы балалардың психофизикалық дамуына скрининг жүргізу туралы ақпаратты және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес ерте жастағы балалардың психофизикалық дамуына скрининг жүргізу кезінде анықталған психофизикалық ауытқулары бар балалар туралы ақпаратты береді, есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде тоқсан сайын жіберілген балалар туралы ПМПК-мен салыстыру жүргізеді».

Осыған байланысты, психофизикалық ауытқулары бар балаларды уақытылы анықтау үшін ПМПК, босандыру ұйымдары, МСАК, жергілікті атқарушы органдар арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту, сондай-ақ ерте жастағы балалардың скринингін реттейтін бейінді ведомстволардың НҚА-ға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 «Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (25.08.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік

қағидалары» (29.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (26.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 қазандағы № 501, ҚР ДСМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 725, ҚР ЕХӘҚМ 2021 жылғы 6 қазандағы № 369 «Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы білім беру қызметтерін көрсетудегі тағы бір проблема – ПМПК желісінің жеткіліксіздігі [36], нәтижесінде балалардың бір бөлігі тексерілмеген күйінде қалады және уақытылы психологиялық, медициналық және педагогикалық кеңес беру

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы 6-көрсеткішінің 1-іс-шарасы. Өңірдің қажеттіліктерін ескере отырып және заманауи талаптар мен стандарттарға сәйкес ПМПК желісін кеңейту (50 мың балаға 1 ПМПК)

көмегін алмайды [59, 36]. ҚР БҒМ-ның «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын жүзеге асыру барысында ҚР БҒМ тарапынан ПМПК нормативін 60 мыңнан 50 мыңға дейін төмендету бойынша жұмыс жүргізілді, бұл ПМПК желісін 40 бірлікке арттыруға мүмкіндік береді [63]. Осы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жергілікті атқарушы органдардың қаражатты уақытылы жоспарлауы, балалар санын зерделеу,

қажетті үй-жайлар мен мамандарды іріктеу қажет, бұл да білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдарының ведомствоаралық өзара іс-қимылын болжайды. Сонымен қатар «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін ұлғайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етіледі [64].

Инклюзивті білім беру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру кезіндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселелерін қарастырған келесі зерттеу – **Инклюзивті білім беру орталығының қызметкерлері жүргізген Қазақстанның орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру жағдайын зерттеу** болып табылады [65]. Триангуляция әдісін – сапалық және сандық әдістерді біріктіруді пайдалануды қамтитын зерттеу барысында инклюзивті мәдениет, саясат, практика аспектілеріндегі бірқатар проблемалар анықталды, мысалы: **арнайы педагогтердің (дефектологтардың, логопедтердің, психологтардың және т.б.) жетіспеушілігі; ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы материалдық-техникалық базаның болмауы (респонденттердің 21%-ы); ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін оқу-әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі (респонденттердің 13%-ы); ата-аналардың ерекше білім беруді қажет ететін баланы бірлесіп оқытуға қатысуының жеткіліксіздігі (ата-аналардың баланың проблемаларын мойындамауы, білім және әлеуметтік-мәдени статус төмендігі,**

жоғары жұмысбастылық және т.б.) (респонденттердің 12%) [65]. Зерттеу нәтижелері ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту қажеттілігін растайды, оған мыналар кіреді: инклюзивті білім беру қағидаттары негізінде мектептің білім беру процесін басқаруда заманауи менеджментті енгізу (мониторинг, өзін-өзі бағалау, стратегиялық жоспарлау, командалық жұмыс); инклюзивті білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін мектептердің білім берудің барлық деңгейіндегі ұйымдармен өзара іс-қимылын кеңейту; ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, балаларды әлеуметтендіруді қамтамасыз ету мақсатында мектептердің қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығын дамыту [65].

БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығының қызметкерлері ҚР БҒМ тапсырысы бойынша жүргізген зерттеудің нәтижелеріне сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін зерттеудің негізгі проблемалары келесідей [42]: педагогикалық және әкімшілік қызметкерлердің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге кәсіби және психологиялық дайын еместігі (арнайы әдістерді, амалдарды, оқыту құралдарын меңгермеуі, курстық дайындықтың жеткіліксіз деңгейі, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс тәжірибесінің болмауы); инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау үшін тар шеңберлі логопедтердің, психологтардың, дефектологтардың, педагог-ассистенттердің жетіспеушілігі; жалпы және жеке пайдалануға арналған арнайы жабдықтардың жеткіліксіздігі, **білім беру ұйымдарында арнайы білім беру жағдайларын жасауда ведомствоаралық және желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейінің жеткіліксіздігі** [бұл инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін жағдай жасауды едәуір қиындатады; 42]. Атап айтқанда, инклюзивті білім беру менеджментін жетілдіру проблемасын шешуге ұсынылған ұсынымдар келесідей: ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдаудың ведомствоаралық жоспарын әзірлеу (ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, ҚР ЕХӘҚМ, ҚР МСМ және т. б.); ПМПК желісін кеңейту арқылы денсаулығында проблемалары бар балаларды ерте анықтау тетіктерін жетілдіру, ПМПК-ның Денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимылын нормативтік реттеу; балаларды оңалту мәселелері бойынша білім алушыларды әртүрлі деңгейдегі психологиялық-педагогикалық қолдау, ерте кәсіптік бағдар беру және еңбек даярлығының жол картасын; волонтерлік қызметті дамыту, психологиялық-педагогикалық қолдау моделін енгізу [42].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастырудың өңірлік тәжірибесі

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді табысты дамытудың оң мысалдарының бірі ретінде Ақмола облысының білім басқармасының және оның жанында құрылған инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің тәжірибесі болып табылады [66]. Үйлестіру кеңесінің оң тәжірибесіне қарамастан, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың (тұлғалардың) сапалы қызмет алуы үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысты талдау барысында жүйелі сипаттағы келесідей проблемалар анықталды [67]:

1. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың мәселелерін шешумен айналысатын әртүрлі ведомстволардың мемлекеттік органдары арасында жүйелі өзара іс-қимылдың болмауы.

2. Әлеуметтік және өндірістік салалардағы көптеген мемлекеттік органдардың басшылығы мен персоналының жалпы ерекше қажеттіліктері бар адамдардың проблемалары, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекше проблемалары туралы түсінігінің жеткіліксіз деңгейі. Соның салдарынан, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың (адамдардың) проблемалық мәселелерін шешу бойынша бірыңғай тәсілдерді (іс-қимыл жоспарлары мен іс-шаралар) әзірлеудегі күрделілік.

3. Білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау жүйелерінде, қызмет көрсету саласындағы объектілерде жұмыс істеуге тікелей тартылған қазіргі заманғы тәсілдер мен технологияларды меңгерген мамандар санының жеткіліксіздігі, жекелеген санаттағы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу бойынша тар мамандардың тапшылығы (мысалы, аутизмі бар балалар) – (арнайы педагогтер, дефектологтар, психиатрлар, психологтар, клиникалық психологтар және т.б.).

4. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бос уақытын, пайдалы жұмыспен қамтылуын және тұрмыстық қызмет көрсетуін ұйымдастырудың болмауы (балалар кафелері, шаштараздар, театрлар, студиялар, үйірмелер, спорт секциялары және т.б.).

5. Қоғамда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша жұмыстың жеткіліксіздігі, бұл қоғам тарапынан ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мінез-құлқына қатысты түсінбеушілікке және теріс реакцияға әкеп соғады, бұл өз кезегінде әртүрлі кешендердің қалыптасуына, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне және олардың ата-аналарының депрессиялық жағдайына алып келеді.

6. Күрделі рәсімдердің болуы және мүгедектікті ресімдеу тәртібі бойынша ата-аналардың жеткіліксіз хабардар болуы, психикалық денсаулық орталықтарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тексеру кезінде ата-аналардың балаларға күтім жасауы үшін жағдайлардың болмауы.

7. Аутизмі бар балалармен жұмыс жөніндегі оңалту орталығының болмауы және неврологиялық аурулары бар балаларға арналған емдеу мекемелерінің өткізгіштік қабілетінің жеткіліксіздігі.

8. Аутизмі бар балалармен жұмысты мемлекеттік секторда кадрлармен қамтамасыз ету проблемасына байланысты жеке мамандар (медициналық және педагогикалық) қызметтері құнының жоғары болуы.

9. Бейінді ведомстволар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарына (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт) тән бірқатар проблемалар.

Ақмола облысындағы әріптестер анықтаған проблемалар еліміздің көптеген өңірлеріне тән екенін атап өту қажет, осыған байланысты, біздің ойымызша, олар ҚР басқа өңірлеріне экстраполяциялануы мүмкін.

Авторлар жоғарыда көрсетілген жолдарды шешудің негізгі жолдарымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (адамдарға) сапалы мемлекеттік

қызмет көрсету мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын күшейтуді атап өтті. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың бір мысалы Үйлестіру кеңесінің қызметі болып табылады, ол 2014 жылдан бастап тоқсан сайын басқа құрылымдарды тарта отырып, инклюзивті білім берудің проблемалық мәселелері бойынша білім беру ұйымдарының өкілдерімен отырыс өткізеді. Тағы бір мысал – инклюзивті білім беруді дамыту, аутизмі бар балаларды қолдау және т. б. аймақтық жоспарларды әзірлеу [67].

3 Халықаралық кеңістіктегі инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл модельдері

Бұл тарауда ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша Қазақстандағы ағымдағы жағдайға қысқаша шолу, сондай-ақ инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың халықаралық тәжірибесі қамтылған.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың халықаралық тәжірибесін зерделеудің өзектілігі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қоса алғанда, барша білім алушыларға өздерінің білім алуға қажеттіліктерін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік беретін инклюзивті білім беру кеңістігін, кедергісіз білім беру ортасын құру қажеттілігіне; білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға инклюзивті білім беру сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттілігіне негізделген.

Инклюзивті білім беру ортасында ведомствоаралық өзара іс-қимыл практикасын қалыптастыру бойынша жағдайларды зерттеудің ғылыми негізділігі өнімді өзара іс-қимылдың негізгі сипаттамалары мен шарттарын айқындау мақсатында инклюзивті білім беру ортасындағы өзара іс-қимыл тәжірибесін талдау қажеттілігімен байланысты.

Инклюзия әлеуметтік концепция ретінде қоғам мен оның институттарын қоғамның барлық мүшелерін қабылдауға және қатысуға қолайлы етіп өзгертуді болжайды [68]. Бастапқы позициялары өте төмен балалардың өмірі мен болашағына қатысты әлеуметтік түрлендірулер мен өзгертулер аса өзектілікке ие. Бұл балалар денсаулығына, мінез-құлық және эмоциялық ерекшеліктеріне, қолайсыз психологиялық факторларға, әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік-мәдени сипаттағы мәселелерге байланысты оқуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға кезігіп жатады.

Мұндай өзгерістердің тиімділігі шешімдер қабылдау деңгейінде де, оларды жүзеге асыру барысында да ведомствоаралық өзара байланысқа тәуелді болады.

Ведомствоаралық өзара байланыс мәселелері әлеуметтік осал топқа жататын балалардың әлеуметтік және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда ескерілуі тиіс. Бұл мәселелер барлық деңгейдегі басқарушылар мен мамандардың, министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің пәніне айналуы тиіс.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру менеджменті

Қазақстанда инклюзивті білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін басты билік органы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ). Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселелерімен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (ҚР ДСМ) және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ҚР ЕХӘҚМ) секілді мемлекеттік органдар айналысады.

2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды. 2016 жылдан бастап бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институты құрылды.

Елімізде мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы Үйлестіру кеңесі – ҚР Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган жұмыс істейді, оның мақсаты – мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, орталық билік органдарының, жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО), қоғамдық бірлестіктердің өзара байланысы. Барлық жерде мүгедектер ісі бойынша өңірлік кеңестер құрылды. Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша Үйлестіру кеңесінің жұмысын оң тәжірибе ретінде атап өтуге болады.

Сонымен қатар елімізде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдау жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетігі жолға қойылмаған, функциясына инклюзивті білім беру сапасын дамытуды мониторингілеу кіретін уәкілетті орган (құрылым) жоқ.

Қазақстанның білім беру жүйесінде инклюзивті тәсілді іске асыру білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоғамдық бірлестіктер, ата-аналар қоғамдастығының уәкілетті органдары тарапынан келісілген іс-қимылды талап етеді (4-сурет).

Түрлі ведомстволар ынтымақтастығының үйлесімсіздігі барлық аспектілерде көрініс табады. Мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы статистикалық мәліметтерді бір уақытта ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК) жүргізеді. Әртүрлі департаменттер ұсынған мәліметтер бір-бірімен байланысты емес, бұл олардың анық еместігін көрсетеді. Сәйкесінше, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдаудың қабылданатын шараларында бірыңғай тәсілдер жоқ. ҚР-дағы деректер базасын үйлестірмей, барабар жоспарлау және мониторингілеу мүмкін емес [69].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың көбі мектепке дейінгі немесе бастауыш сыныптағы жасқа жеткенге дейін анықталмай қалып жатады. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек (АМСК) деңгейінде ұсынылатын балалардың скринингілеу бағдарламалары әдетте денсаулық сақтау бойынша іс-шараларға бағытталған. Және даму тежелуін анықтауға аз көңіл бөлінеді. Қазақстандағы патронажды күтім жүйесін бағалау аталмыш жүйе тиімділігінің төмендігін анықтады [70].



4-сурет. Стейкхолдерлердің инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға тартылуы [59]

Осылайша, Қазақстандағы инклюзивті процестер дами түсуде. Мемлекет тарапынан бұл салаға көп көңіл бөлінуде. Десе де, әртүрлі деңгейдегі мамандардың, қоғам белсенділерінің және ата-аналардың байланысы, ведомствоаралық байланыстың жүйелі шаралары қажет етіледі. Мұның барлығы барша балаға физикалық, интеллектуалды, әлеуметтік, эмоциялық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан білім алуына қолжетімділігін кеңейтуге ықпал етеді.

Ведомствоаралық байланысты зерттеуші көптеген ғалымдар мен практиктердің пікірінше, байланыс ведомстволар арасындағы шектеулілікті еңсеруге, бірыңғай ақпараттық өріс пен жалпы үйлестірілген әрекеттер негізінде жұмыстың тиімді технологияларын құруды болжайды.

Ведомствоаралық байланыс қажеттіліктері субъектілердің өзара қызығушылықтары пайда болған жағдайда немесе қызмет мақсаттары жартылай немесе толыққанды сәйкес келген жағдайда пайда болады. Әлеуметтік серіктестікке негізделген ведомствоаралық өзара байланыс әртүрлі тараптардың мүдделері мен мүмкіндіктерінің келісілуін қамтамасыз етеді, мәселелерді кешенді шешудің тиімді механизмдерін құруға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл жай ғана бірлескен қызмет қана емес, ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызмет [71].

Халықаралық тәжірибе: инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара байланыс

Швеция

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға даму мен білім беру үшін тең мүмкіндіктер беретін орталық әкімшілік орган – ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білім беру бойынша ұлттық агенттік болып табылады. Агенттік ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен білім беру ұйымдарын арнайы қолдауға жауапты. Сондай-ақ агенттік арнайы мектептер мен ресурстық орталықтардың қызметіне жауап береді. 2016 жылдан бастап Швецияда Балалар мен мектеп білім алушыларының өкілі институты құрылды. Оның функциялары – дискриминация актілері жөнінде хабар беру, буллингтерді болдырмауда мектептерді қолдау, жалпы балалардың құқықтарын қорғау. Сонымен қатар Балалар омбудсмені және теңдік мәселелері бойынша омбудсмен қызмет етеді [72].

Даму мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқыту саласындағы заңнаманы әзірлеумен және саясатты іске асырумен Білім министрлігінің Арнайы білім беру және оңалту қызметтері басқармасы (OSERS) айналысады. OSERS сонымен қатар заңнаманы мониторингілеумен және арнайы білім беру қызметтерін ұсыну бағдарламаларын қолдаумен, мүгедек адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған зерттеулерді қаржыландырумен айналысады.

Сондай-ақ, елде АҚШ-тың арнайы білім беру саласындағы ұлттық зерттеу орталығы (NCSER) жұмыс істейді, ол оқыту саласындағы ауқымды зерттеулерді қолдауға, денсаулығы нашар білім алушыларға арналған білім беру жүйесін ұйымдастыруға бағытталған. Арнайы педагогтердің ұлттық қауымдастығы педагогтерге арнайы білім беру қызметтерінің маңызды салалары бойынша онлайн-ресурстар ұсынады [73].

АҚШ

Россия

Ресейде инклюзивті білім беруді қолдау үшін әртүрлі мемлекеттік құрылымдар қатысатын ведомствоаралық жоспарлар құрылады. 2015 жылдан бастап жыл сайын инклюзивті мектепке дейінгі және жалпы білім беруді ұйымдастыру және мүгедек балалар мен мүгедек балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау мәселелері бойынша ведомствоаралық кешенді жоспар әзірленуде. Жоспарды Білім және ғылым министрлігі құрады, оны Еңбек және әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Спорт министрліктері тарапынан келісіледі, сондай-ақ вице-премьермен бекітіледі [74].

Германияда 16 федералды өңірдің білім беру органдары арасындағы серіктестіктің басты құралы – білім министрлерінің тұрақты конференциясы. Елде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Федералды омбудсмен және Федералды антидискриминациялық агенттік қызмет етеді [75]. Қызметі мүмкіндігі шектеулі адамдарды қамтамасыз етуге және қолданыстағы жеңілдіктер жөнінде ақпарат беруге бағытталған Бірлескен оңалту пункттері қызмет етеді.

Сондай-ақ мүгедек адамдарды біріктіріп оқыту және жұмысқа орналастыру, сондай-ақ арнайы және жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне көмек көрсету үшін өңірлік консультациялық орталықтар мен қолдау орталықтары жұмыс істейді [76].

Сербия мемлекетінде инклюзивті білім беруге жауапты басты билік органы – Білім, ғылым және технологиялық даму министрілігі. Бұдан бөлек 2002 жылы Балалар құқығы кеңесі, 2008 жылы – Бала құқығы бойынша омбудсмен, 2010 жылы – Теңдікті қорғау бойынша Тәуелсіз комиссар.

Ұлттық азшылықтардың инклюзивті білімін дамыту үшін елде Адам құқықтары және ұлттық азшылықтар басқармасы және рома этникалық азшылықтарына арналған Ұлттық кеңес жұмыс істейді [77].

Әртүрлі министрліктердің бірлескен күш-жігерімен әзірленген балаларға қосымша білім беру, медициналық және әлеуметтік қолдау туралы қаулы әлеуметтік оқшауланған, дамуы, денсаулығы, оқуы және т.б. мәселелері бар балаларға қосымша қолдау қажеттіліктерін бағалау шарттарын реттейді [78].

Канада білім министрілігі инклюзивті білім беруді басқаруда орталық рөлге ие. Білім министрілігі кеңесі білім беру инициативалары мен жалпы басымдықтарын талқылау үшін, сондай-ақ елде не халықаралық деңгейде провинциялар мен территориялардың білім беру мүдделерін ұсыну үшін бірігіп жиналады. Бұл ата-аналар мен қызмет көрсетушілердің, соның ішінде мектеп, үкімет және балалармен/жасөспірімдермен жұмыс істейтін басқа да мекемелердің қатысуымен баланың/жасөспірімнің қажеттіліктерін анықтайтын ведомствоаралық процесс [79].

Әр мектепте жұмыс тобы (мұғалімдер, ата-аналар, әлеуметтік-санитариялық қызмет қызметкерлері және т. б.) жұмыс істейді, ол ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың мектепке қабылдану, сыныптар бойынша білім алу, кәсіптік оқуға көшу және ресми қорытынды біліктілікке – университетке түсуге қол жеткізу тәртібіне жауап береді.

Әр провинцияда мектеп, жергілікті білім беру, денсаулық сақтау және мүгедектер мен олардың отбасыларының қауымдастықтарынан тұратын провинциялық ведомствоаралық жұмыс тобы бар. Жұмыс тобының қызметі әртүрлі әкімшілік органдар арасындағы ынтымақтастық пен келісімдерді ілгерілетуге, жанжалдарды шешуге және инклюзивті процестердегі прогресті бағалауға бағытталған [80].

Елде физикалық және сенсорлық кемшіліктері бар білім алушыларды педагогикалық қолдау және өзара байланыс жасау бойынша денсаулық сақтау қызметтерімен, қоғаммен, мәдени орталықтармен және арнайы мекемелермен «бағдарламалық келісімдерге»¹ қол қойылған. Италиялық тәсіл ерекшелігі диагностика мен терапияны жүзеге асырушы денсаулық сақтау саласы ұйымдарының мамандарымен мектептердің өзара байланысына негізделеді. Бұл мамандардың арасында – дәрігерлер, психологтар, әлеуметтік жұмыскерлер, медбикелер, логопедтер, функциялық және физикалық терапевттер бар. Италияда мүгедек балаларға арналған² арнайы мекемелер жоқ деуге болады. Италияда мүгедек балаларға арналған арнайы мекемелер жоқ деуге болады².

Арнайы білім беруді қолдаудың Ұлттық жоспары білім беру, даму және реформа, азаматтық істер, қаржы, кадрлар және әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау және отбасын жоспарлау жөніндегі комиссиялар арасында, сондай-ақ мүгедектердің Ұлттық Федерациясының қатысуымен арнайы білім беруді көп секторлы үйлестіруді нығайтуға бағытталған.

Провинциялық билік тиісті арнайы білім беру жүйелерін қадағалау мен тексеруді ұйымдастыруға және есеп беру тетіктерін құруға жауап береді. Ұлттық жоспардың мақсаттары мен міндеттері Жергілікті деңгейде іске асыру саясатына және барлық деңгейдегі жергілікті билік органдарын бағалау жүйесіне енгізілген. Аудандық және уездік деңгейлерде білім беру, психология, оңалту және әлеуметтік жұмыс саласындағы мамандардан тұратын ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға білім беру жөніндегі көп бейінді сарапшылар комитеттері құрылады [81].

¹ Итал. - Accordi di бағдарлама

² Білім алушылардың интеграция ережелері енгізілгенге дейін көру қабілеті және есту қабілеті зақымдалған адамдарға арналған бірнеше мекемелер бар. Бұл мекемелер оқытумен қатар, болашақ жұмысқа орналасу мүмкіндігі үшін кәсіби оқыту курстарын өткізеді, бұл көзі көрмейтін адамдар үшін ерекше мүмкіндік.

Аустралияның *федералды үкіметі* инклюзивті білім берудің саясаты мен бағдарламаларын әзірлеуге жауап береді. Үкіметтің әртүрлі деңгейлері арасындағы білім беру мәселелері бойынша консультациялар мен ынтымақтастық Австралия Үкіметінің Кеңесіне есеп беретін *Мектеп және мектепке дейінгі білім беру жөніндегі тұрақты кеңес* арқылы жүзеге асырылады. Министрліктің *педагогикалық білім беру жөніндегі кеңес беру тобы* педагогтердің сыныпта жұмыс істеуі үшін қажетті академиялық және практикалық дағдылардың дұрыс үйлесуіне кепілдік беретін қандай педагогикалық білім беру курстары жақсы болатындығын анықтайды.

Аустралияның *адам құқықтары жөніндегі комиссиясы* мүгедектердің шағымдарын тергеу және қарастыру үшін жауап береді. Мельбурндағы жас аустралиялықтарға арналған білім беру мақсаттары туралы декларацияда *провинциялар мен аумақтардың білім министрлерінің* міндеттері көрсетілген, олар сапалы оқыту мен мектептерді басқаруды қолдау, оқу бағдарламалары мен әлемдік деңгейдегі бағаларды алға жылжыту, сондай-ақ нашар отбасылардағы жас австралиялықтарды оқыту нәтижелерін жақсарту.

Инклюзияны қолдау бағдарламасы аясында *инклюзия агенттігі* тиісті қызметтерге ерте оқыту және күтім бағдарламаларын жүзеге асыруда инклюзивті әдістерді ұсыну және біріктіру әлеуетін арттыруға көмектесуге тырысады [82].

Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі (MEXT) барлық балаларға инклюзивті білім беруді ілгерілетуге, Денсаулық сақтау, еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі (MHLW) мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсетуге жауап береді. Министрлер кабинеті ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін негізгі бағдарламаны әзірлеуге және дамытуға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады. Премьер-министр базалық бағдарламаны белгілеу немесе өзгерту бойынша ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға қатысты саясат жөніндегі комиссияның пікірін тыңдауға тиіс. Комиссия бағдарламаны зерделеп, оны талқылай алады, оның орындалу барысын қадағалай алады және қажет болған жағдайда премьер-министрге қорытынды бере алады.

2012 жылы орталық білім беру кеңесінің бастауыш және толық емес орта білім беру бөлімшесінде инклюзивті білім беру бойынша арнайы комиссия құрылды. MEXT және MHLW басқа тиісті ұйымдармен бірлесе отырып, жұмыс орнында білім алуға ықпал ететін ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін практикалық жұмысқа жәрдемдесу бағдарламасын енгізді. Сондай-ақ олар отбасы, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін Triangle жобасын іске асыруды бастады [83].

Елде Білім министрлігімен әзірлеген «Әрбір бала маңызды» (Every Child Matters — ECM) құжаты жұмыс істейді. Бұл бағдарламаның барлық балалар үшін маңызды бес нәтижесі – денсаулық, қауіпсіздік, өзін-өзі тану және жеке әлеуетін іске асыру, қоғамның пайдалы мүшесі болу және экономикалық әл-ауқат.

Мүгедектік жөніндегі басқарма (ODI) – Ұлыбританияның стратегиялық органы, ол мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған ұлттық саясатты үйлестіруге жауапты. ODI мүгедектік қоғамдағы кедергілер арқылы пайда болады деген идеяға негізделген мүгедектіктің әлеуметтік моделін қолданудағы мемлекеттің барлық мемлекеттік құрылымдарының ынтымақтастығын реттейді. Бұл кедергілер үш категориядан тұрады: инфрақұрылым (ғимараттар мен қызметтерге қолжетімділіктің жоқтығы), адамның көзқарасы (стереотиптік ойлау, кемсітушілік және теріс пікірлер) және ұйым (икемсіз саясат, практика және рәсімдер) [84].

Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім сапасын бағалау бойынша Ofsted инспекциялары жүргізіледі. Инспекция кезінде сапалық және сандық ақпаратты жинау әртүрлі стейкхолдерлермен кездесулер және сұхбат, құжаттарды талдау арқылы жүргізіледі [85].

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған арнайы білім туралы заң (ASEPD) интеграцияланған білім беруді «білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін сол жастағы басқа адамдармен бірге жалпы білім беретін мектепте арнайы білім алуға құқығы бар адамдарға берілетін білім» деп анықтайды.

ASEPD мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін балабақшадан бастап бастауыш және орта білімге дейінгі міндетті білім беруді барабар білім беру ортасында ұсынады. Ол мүгедектікке байланысты арнайы білімге қол жеткізуде және скринингтік тексерулерге рұқсат беруде кемсітушілікке тыйым салады.

Арнайы білім беруді қолдау орталықтары арнайы білім алуға құқығы бар білім алушыларды анықтау және бағалау үшін білім берудің барлық деңгейлеріндегі әрбір үлгідегі оқу орындарында құрылады. Әрбір орталық бағалау жүргізеді және талаптарға сәйкестігін айқындайтын аудандық білім басқармасының бастығына есеп береді. Білім министрлігі Мәдениет, спорт және туризм; Денсаулық сақтау және Әлеуметтік қамсыздандыру; Жұмыспен қамту және еңбек, гендерлік теңдік және отбасы министрліктерінің өкілдерін қоса алғанда, орталық әкімшілік органдар арасында ынтымақтастық жүйесін құрады деп жоспарлануда [86].

Барлық арнайы білім беру мектептері (SPED) жалпы білім беретін мектептерге жақын орналасқан және әрқайсысы бір немесе бірнеше жақын мектептермен бірлескен сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар туралы тұрақты келісімдерге ие. Осы уақытқа дейін ресми және құрылымдық интеграция үшін SPEED және жалпы білім беретін мектептер арасында он алты көмекші серіктестік құрылды. Атап айтқанда, спутниктік серіктестік SPED мен қарапайым білім алушылар арасындағы мақсатты және тиісті әлеуметтік интеграцияның тұрақты және жоспарланған мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Ұлттық оқу бағдарламасына танымдық тұрғыдан қол жеткізе алатын білім алушыларға қызмет көрсететін кейбір SPED мектептері сонымен қатар қажет болған жағдайда академиялық интеграция мүмкіндіктерін зерттейді.

Балаларды ерте дамыту агенттігі (ECDA) Сингапурдағы балаларды ерте жастан дамыту секторын реттеу және дамыту жөніндегі агенттік болып табылады, ол балабақшаларда да, бала күтімі орталықтарында да 7 жасқа дейінгі балаларды дамытудың негізгі аспектілерін бақылайды. Әлеуметтік және отбасылық даму министрлігі жас балаларды дамыту және қолдау қызметтерін жақсырақ үйлестіру, тәрбиешілер мен мектепке дейінгі білім беру мамандарының қабілеттерін дамыту және инклюзивтілікті арттыру үшін ECDA шеңберіндегі мектепке дейінгі қызметтермен ерте араласу қызметтерін бақылауды біртіндеп біріктіреді.

Білім министрлігі жалпы білім беретін мектептер мен SPED мектептерінде оқуға жауап береді және әлеуметтік және отбасылық даму министрлігі жанындағы мүгедектер істері жөніндегі басқармамен және SG Enable-мен жұмыс істейді. Мүгедектер істері жөніндегі басқарма барлық мемлекеттік министрліктермен, мүгедектер ұйымдарымен және басқа да мүдделі тараптармен білім беруді қоса алғанда, мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастық жасайды. Кеңсе сондай-ақ ЕМР үш салааралық жұмыс тобының хатшылығының функцияларын орындайды: мүмкіндіктері шектеулі ересектерді болашақ экономикаға дайындау бойынша (i); технологиялар мен дизайн арқылы тәуелсіз өмір салтын насихаттау бойынша (ii); және инклюзивті мектепке дейінгі мекемелер бойынша (iii). Жұмыс топтары мүгедектігі бар адамдармен, қамқоршылармен және мүгедектік саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерімен өзара іс-қимыл сабақтарын өткізу үшін Үкімет пен қоғамдастықтың серіктестерімен ынтымақтасады [87].

2014 жылы қабылданған «Жалпы білім беру туралы «Армения Республикасының заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Заң (ЗО-200-Н) жалпыға бірдей инклюзивті білім беруге көшудің негізін қалады.

Инклюзивті мектептерді жергілікті билік – еревандағыдай муниципалитеттер немесе қалалық білім басқармасы реттейді. Басқарма бюджеттік жолдың орындалуына және өңірлік инклюзивті мектептерде оқуға жауап береді. Білім және ғылым министрлігі ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың білім алуына жетекшілік етеді және инклюзивті білім беруді мониторингтеу мен бағалауды жүзеге асыруға жауап береді; мемлекеттік шешімдер қабылдау үшін заң жобаларын, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және инклюзивті білім беруге байланысты мақсатты бағдарламалар жасайды.

Денсаулық сақтау министрлігі ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды оңалту мәселелерімен айналысады. Қоғамдық саясат Институты Армениядағы инклюзивті білім беру реформаларының барысын бағалайды. Ол талдау жүргізеді және инклюзивті білім берудің жаңа тәсілдерін ұсынады. Сонымен қатар 2008 жылдан бастап мүгедектер істері жөніндегі Ұлттық комитет мүгедектердің құқықтарын қорғайды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізудің кешенді тәсілін қолдай отырып, осы саладағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына жауап береді.

Арнайы білім беру қажеттіліктері медициналық, психологиялық-педагогикалық бағалау орталығы (МРРАС) арқылы бағаланады, ол сертификаттау немесе жолдама үшін жауап бермейді. Сертификаттау жергілікті басқаруды қажет етеді.

Үкіметтік емес ұйымдар және басқа да халықаралық ұйымдар инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда тренингтер, адвокатура (мысалы, ЮНИСЕФ) және талдау арқылы шешуші рөл атқарады. 2014 жылдан бастап Unison жоғары оқу орындарының инклюзивтілігін арттыру бағдарламасын жүзеге асыруда [88].

Израильдің Білім министрлігі Мемлекеттік және мемлекеттік діни мектептердегі барлық деңгейдегі білім үшін жауап береді. Премьер-Министр кеңсесінің жанындағы әйелдердің жағдайы жөніндегі кеңесші Израильдегі әйелдердің жағдайына, оның ішінде білім беру аспектілеріне қатысты саясатты тұжырымдайды. Еңбек және әлеуметтік істер министрлігі Білім беру мекемелері мен бағдарламаларын қоса алғанда, жастардың дамуына жауап береді. Педагогикалық бөлім халықтың нақты топтарына бейімделген оқу бағдарламасын әзірлейді.

Білім министрлігіндегі гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі бөлім гендерлік бағдарланған саясатты қабылдауды қамтамасыз етуге жауап береді және мұғалімдерді гендерлік аспектілерді ескере отырып, оқыту әдістеріне оқыту үшін математика, ғылым және техника, физика және компьютерлік ғылымдар инспекцияларымен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Заңға сәйкес құрылған және Білім министрлігі тағайындаған Комитет ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың арнайы білім беру бағдарламалары мен мекемелеріне қатысу құқығын анықтайды. Мүгедектердің тең құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі израильдік комиссия сондай-ақ ИҚК іске асыруға және мониторингіне белсенді қатысады.

Физикалық, ақыл-ой кемістігі немесе оқу қабілеті нашар ерекше балалардың әл-ауқатына денсаулық сақтау қызметкерлері, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және арнайы білім беру мамандары, сондай-ақ отбасы және әртүрлі қоғамдастық қолдау топтары жауап береді.

Еврей агенттігі, білім беруді дамыту қауымдастығы, Израильдің хабар тарату басқармасы, қоғамдық орталықтар, педагогтер кәсіподақтары, әйелдер ұйымдары, ұлттық ата-аналар комитеті, студенттік кеңестер және студенттік одақтар секілді үкіметтік емес ұйымдар Израильде инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда. Access Israel бүкіл әлемдегі серіктес елдермен қолжетімділік және ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды тарту саласындағы тәжірибесімен және білімімен бөлісуге тырысады [89].



1-кейс. Ресей

Н.А. Медовтың «Сызбалар мен кестелердегі инклюзивті білім беру» әдістемелік құралында сипатталған муниципалды білім беру жүйесіндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл моделінің ресейлік тәжірибесі қызығушылық тудырады [23]. Ұсынылған өзара әрекеттесу құрылымы 12 модульден тұрады (1-кесте). Муниципалды білім беру жүйесіндегі жағдайда инклюзивті білім беруді тиімді енгізу үшін бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру қажет, бұл тек білім беру жүйесі үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту проблемаларын қолжетімді етеді.

2-кесте. Муниципалды білім беру жүйесі жағдайында инклюзивті білім берудің инвариантты моделі шеңберіндегі өзара әрекеттесудің модульдік құрылымы

№	Өзара әрекеттесу модульдері	Өзара байланыс мақсаттары	Ведомствоаралық өзара әрекеттесу қатысушылары
1	Әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық модуль	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарына білікті әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек көрсету, табысты әлеуметтік бейімделу факторы ретінде тиімді әлеуметтік оңалту жүргізу үшін жағдай жасау	Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалды әкімшілік құрылымдар
2	Медициналық-әлеуметтік модуль	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға және олардың ата-аналарына білікті медициналық-әлеуметтік көмек көрсету	Әлеуметтік қорғау, медицина, спорт, муниципалды әкімшілік құрылымдар
3	Мәдени-демалыс модулі	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарының бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау	Әлеуметтік қорғау, жалпы және қосымша білім беру, мәдени, әлеуметтік-мәдени сервис және туризм, муниципалды әкімшілік құрылымдар
4	Спорттық-сауықтыру модулі	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дене шынықтыру және спорт құралдарымен әлеуметтік оңалтуды жүргізу үшін жағдайлар жасау	
5	Кәсіптік бағдар беру және бейімдеу модулі	Кәсіптік бағдарлауды және әлеуметтік-еңбек және кәсіптік оңалтуды жүргізу үшін жағдайлар жасау	
6	Диагностикалық-болжамдық модуль	Ерекше білім беруді қажет ететін баланың психофизикалық даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалауды жүзеге асыру, жалпы білім беретін мектеп	Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалды әкімшілік құрылымдар, ПМПК

		жағдайында баланы оқытудың жеке бағдарламаларын әзірлеу	
7	Кеңес беру модулі	Ерекше білім беруді қажет ететін баланың психофизикалық даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалауды жүзеге асыру, жалпы білім беретін мектеп жағдайында баланы оқытудың жеке бағдарламаларын әзірлеу	Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалдық әкімшілік құрылымдар, ПМПК
8	Ғылыми-әдістемелік модуль	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті білім берудің муниципалды моделін жүзеге асыру аясында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және тәжірибені жалпылау үшін жағдай жасау	Жалпы, арнайы, жоғары білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалды әкімшілік құрылымдар, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мекемелері
9	Ұйымдастырушылық-басқарушылық модуль	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың отбасыларын инклюзивті білім берудің муниципалды моделін тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау. Ведомствоаралық өзара іс-қимылды үйлестіру	Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалдық әкімшілік құрылымдар – ПМПК, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар
10	Ақпараттық-аналитикалық модуль	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім берудің муниципалдық моделін іске асыру процесінде қажетті ақпаратты сапалы қабылдауды, талдауды және өңдеуді жүзеге асыру үшін жағдай жасау	Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалдық әкімшілік құрылымдар, ПМПК
11	Модуль материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін кедергісіз ортаны ұйымдастыруда кадрлық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік ресурстарды пайдалану	Мәдениет, муниципалдық әкімшілік құрылымдар, арнайы білім беру, қоғамдық ұйымдар, өндірістік кәсіпорындар
12	Қоғаммен байланыс модулі	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға және олардың ата-аналарына көмек көрсетуді қолдау үшін оң қоғамдық пікір қалыптастыру үшін жағдай жасау, осы санаттағы балаларды қоғамға қосу және біріктіру идеяларын насихаттау, «қалыпты» және «қалыпты емес» қауымдастық арасындағы шектерді жою	Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, муниципалдық әкімшілік құрылымдар, БАҚ, қоғамдық ұйымдар, өндірістік кәсіпорындар

Н. А. Медовтың әдістемелік нұсқаулығында муниципалды білім беру жүйесі жағдайында қолжетімді білім беруді қалыптастыру үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар кешені, оның ішінде инклюзивті білім беруді материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы өкілеттіктердің иерархиялық ұйымдастырылуы мен бөлінуі келтірілген. Атап айтқанда, муниципалдық (орталық) және жергілікті (білім беру мекемесі) деңгейлерде инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзара іс-

қимыл алгоритмі ұсынылған. Балабақша – мектеп – қосымша білім беру мекемесі бағытында үздіксіз өзара әрекеттесудің мысалын қарастырайық (3-кесте).

3-кесте. Муниципалды білім беру жүйесі жағдайында инклюзивті білім беруді басқару жүйесін іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайы

Шарттары	Муниципалды білім беру жүйесі	Білім беру ұйымдары	Нормативтік құқықтық қолдау
	көрсеткіштері	көрсеткіштері	
Әртүрлі мекемелердің өзара әрекеттесу алгоритмі: а) Ерекше білім беруді қажет ететін баланы психологиялық-педагогикалық қолдау; б) Ерекше білім беруді қажет ететін баланы медициналық-әлеуметтік қолдау; в) Ерекше білім беруді қажет ететін баланы ресурстық қамтамасыз ету	Инклюзивті білім берумен қамтуды кеңейту. Аудандарда жалпы және қосымша білімнің бірлігі болып табылатын интегративті білім беру қызметін құру (негізгі ағым түрі бойынша) Ал балабақша – мектеп – қосымша білім беру мекемесі бағыты бойынша үздіксіз өзара әрекеттесуді құру	А Жалпы білім беретін мектептерде өз қызметін оқу мектептерімен біріктіретін түзету блогін құру А В Жалпы білім беретін мектептердің медициналық оңалту мекемелерімен, балаларға қосымша білім беру мекемелерімен, мәдениет мекемелерімен, қызмет көрсету салаларымен (туризм, бос уақыт, анимациялық алаңдар) байланысын кеңейту В Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке білім беру бағыттарын педагогикалық қолдау, маршруттарды әзірлеу кезінде ПМПК ұсыныстарына назар аудару және әртүрлі типтегі мекемелердің мүмкіндіктерін пайдалану. Тар мамандармен қолдау А В Ата-аналар қауымдастығын, түрлі өндіріс өкілдерін ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге тарту (материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру). А Кедергісіз орта құру	Ал инклюзивті білім берумен қамтуды кеңейту. Аудандарда жалпы және қосымша білімнің бірлігі болып табылатын интегративті білім беру қызметін құру (негізгі ағым түрі бойынша). Ал балабақша – мектеп – қосымша білім беру мекемесі бағыты бойынша үздіксіз өзара әрекеттесуді құру

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды табысты әлеуметтендіру ерекше білім беруді қажет ететін адамдармен жұмыс істеуге жауап беретін және іс жүзінде ұйымдастыратын ведомстволардың кадрлық, материалдық-техникалық және инфрақұрылымдық ресурсын оңтайландыруды қамтамасыз ететін нәтижелі ведомствоаралық өзара іс-қимыл жағдайында ғана жүзеге

асырылуы мүмкін.

Осылайша, О.В. Огороднова мен А.М. Патрушева «Ведомствоаралық өзара іс-қимыл көбінесе белгілі бір қызмет бағыты аясында бірыңғай мақсаттарға жету үшін әртүрлі ведомстволар мен оларға қатысты ұйымдар мен мекемелердің ынтымақтастығын жүзеге асыру үшін шаралар кешені ретінде анықталады» деп санайды» [91].

Н.А. Медова және Н.В. Жигинас атап өткендей, «Инклюзивті білім беру контексінде ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысатын барлық мекемелерді олардың негізгі функциясына байланысты (қолдау немесе әлеуметтендіру) екі топқа бөлуге болады» [92].

Инклюзивті тәжірибені жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің инклюзивті білім беру идеяларын насихаттайтын және қорғайтын, даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың толыққанды білім алу және өмір сүру құқықтарын қорғайтын қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылының маңызы ерекше.

Бүгінгі таңда «желілік өзара іс-қимыл» термині кең таралған, бұл белгілі бір салада қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал ететін байланыстар мен қатынастар жүйесін білдіреді. Өңірлік инклюзивті білім беруді басқару құрылымындағы желілік өзара іс-қимыл деп барлық білім алушылардың белгілі бір білім деңгейіне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеттерін шешуге мүдделі басқару органдарының, білім беру және басқа да ұйымдардың, мекемелердің, қоғамдық құрылымдардың бірлескен қызметін түсінуге болады [93]. Бұл ретте өзара іс-қимыл әлеуметтік әріптестік қағидаттарында құрылады, яғни қатысушы субъектілердің мүдделерін барынша келісу және іске асыру қамтамасыз етіледі. Өңірлік ауқымдағы желілік өзара іс-қимыл тетігі мекемелер мен ведомстволар арасында да, сондай-ақ әлеуметтік және кәсіби қауымдастықтар арасында да тік және көлденең байланыстар құруды көздейді.

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың проблемаларын шешу жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәжірибесі

Өз құзыреттерін орындау тәртібінде:

– департаменттер: білім беру; отбасы және жастар саясаты; халықты әлеуметтік қорғау; денсаулық сақтау және олардың ведомстволық бағынысты мекемелері (ғылыми және білім беру мекемелері, оның ішінде колледждер мен жоғары оқу орындары, медициналық-әлеуметтік сала мекемелері, мамандандырылған орталықтар және муниципалдық мекемелер және т. б.);

– билік, аумақтық басқару органдарының комитеттері мен комиссиялары.

Орындаушылар мен үйлестірушілер тәртібімен:


– еңбек және жұмыспен қамту; ғылым, өнеркәсіптік саясат және кәсіпкерлік және басқа департаменттер;

- мүгедектердің, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері;
- спорттық ұйымдар және кәсіподақ бірлестіктері [94].

Осыған байланысты көп арналы қаржыландырудың ведомствоаралық құрылымдары қызметінің модельдері мен тетіктерін әзірлеу, сондай-ақ оларды эксперименттік (тестілік) режимде енгізу ерекше өзекті болып табылады. Осы модельдердің негізгі міндеті қоғамдық өмірге және әлеуметтік-өндірістік қатынастарға ерікті негізде оларды белсенді түрде қосу арқылы ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік әлеуетті және қоғамдық ресурсты оңтайландыру болады. Мұндай модельдер қоғамдық ұйымдардың бастамасы бойынша құрылды, олардың қызметін бейінді мемлекеттік құрылымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қолдады.

Н.М. Назаровтың пікірінше, «мұндай ұйымдарды құрудың негізгі идеясы – мектепке дейінгі, жалпы, қосымша, арнайы (түзету және компенсаторлық-дамытушылық), кәсіби білім берудің қалыптасқан дәстүрлі блоктарының (нысандарының) оң тәжірибесі мен табысты нәтижелері негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды әлеуметтендірудің дәйекті білім беру саясатын іске асыру үшін ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету және инновациялық жетістіктерді енгізу, бейіндік ғылыми, әлеуметтік-педагогикалық, ведомствоаралық өзара іс-қимылдың бірыңғай жүйесі шеңберінде демалыс-тәрбие мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіру» [95].

Өртүрлі білім беру мүмкіндіктері бар балаларды оқытудың және әлеуметтендірудің тиімділігін арттыру сабақтан тыс іс-шаралар немесе ведомствоаралық мекемелердің (кітапханалар, мәдени-білім беру орталықтары, мұражайлар, оңалту орталықтары, қоғамдық ұйымдар) өзара іс-қимыл жүйесінде оқытудың балама нысандары есебінен іске асырылады.



4-сурет. Муниципалды білім беру жүйелеріндегі ведомствоаралық өзара байланыс

Ведомствоаралық өзара байланысты жобалау екі кезеңде орындалады. *Бірінші кезеңде* жобалау нәтижесінде ұйымдар құрамы мен олардың функциялары анықталады. Қолжетімді білімді қалыптастыру мақсатында ведомствоаралық өзара байланысты дамыту үшін территорияда білім беру ұйымдарымен, халықты жұмыспен қамту орталықтарымен, қоғамдық ұйымдармен балалар мен жасөспірімдердің ойын-сауық бағдарламаларын іске асыратын кітапханалардың (медиатекалар), ақпараттық орталықтардың, мәдени ұйымдардың болуы тұрғысынан аудандардың мүмкіндігі талданады (4-суретті қараңыз).

Екінші кезеңнің мақсаты өзара байланысты жүзеге асыру бойынша әрбір бағытқа сәйкес құжаттар тізімін қалыптастыру. Құрастырылған модульдер функциялық мақсатқа сәйкес қызмет бағыттары арқылы өз міндеттерін жүзеге асырады.

Ұйымдастырушылық-басқарушы модуль жетекші ведомствоаралық өзара байланыс болып табылады, оның негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың отбасыларына инклюзивті білім беру модулін тиімді іске асыру үшін жағдай жасалады [96, 97].

Инклюзивті білім беруді басқару жүйесі жобаланған үлгіге сәйкес *екі деңгейден* тұрады. Л.И. Рыбальченко өзінің «Инклюзивті білім беру жағдайында

білім беру процесін басқару» ғылыми еңбегінде аталған деңгейлерді сипаттап, «бірінші деңгей муниципалды білім беру жүйесін басқару органы мен психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясын қамтиды, ол ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту саласындағы мемлекеттік саясаттың талаптарын көрсетеді, осы процестің қызметі мен мониторингін үйлестіреді» деп есептейді.

«Екінші деңгей – ұйымның ұйымдастырушылық-басқару құрылымы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауды, инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту бойынша әлеуметтік тапсырыс өзгерістерін диагностикалайды» [98, 99].

Осыған байланысты басқару процесін реттейтін мекеменің нормативтік құжаттар пакеті анықталды:

- психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум туралы ереже,
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау бойынша әртүрлі ұйымдық құрылымдардың өзара іс-қимылы шеңберіндегі шарт,
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың училищелерге, техникумдарға, ЖОО-ларға және т.б. жеңілдікпен түсуі үшін нормативтік-құқықтық база,
- түлектерді жұмыспен қамту бойынша нормативтік-құқықтық база,
- желілік өзара байланыс бойынша нормативтік-құқықтық негіз,
- серіктестік пәні жөнінде шарт.

Медициналық-психологиялық комиссия (аудандық, қалалық, облыстық) мен консилиумдардан тұратын *кеңесші модуль* ерекше білім беруді қажет ететін балалардың санын бақылау және есепке алу жүйесін әзірлеуге және олардың білім алуына жағдай жасауға; ерекше білім беруді қажет ететін баланың қоғамда даму динамикасын бақылауға; ақпараттық-әдістемелік материалдар банкін қалыптастыруға (диагностика, әдістер, технологиялар, тренингтер және т.б.) жауап береді.

Медициналық-әлеуметтік модуль шеңберінде жұмыс істейтін ұйымдар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды медициналық-әлеуметтік қолдауды: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды медициналық-әлеуметтік қолдаудың барлық нұсқаларын жүзеге асырады. Т.С. Пустоутова пікірінше, «Аталған модуль ұйымдарының негізгі міндеті – ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарына білікті медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, инклюзивті білім беру моделі жағдайында балаларды медициналық-әлеуметтік қолдау жобаларын әзірлеу» деп есептейді.

Психологиялық-педагогикалық модуль ұйымдары инклюзивті білім беруді ұйымдастыру шеңберінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарына келесідей білікті психологиялық және педагогикалық көмек көрсетеді: инклюзивті сыныптар, топтар желісін кеңейтеді; ерекше білім беруді қажет ететін балаларды, олардың ата-аналарын және олармен жұмыс істейтін педагогтерді психологиялық-педагогикалық қолдаудың жергілікті тәжірибесін жалпылайды және жүйелейді және оны білім беру ұйымдарының мамандары

арасында таратады; аудандарда жалпы және қосымша білімнің бірлігі болып табылатын интегративті білім беру қызметін құрады (мейнстриминг типі бойынша) [101, 102].

Ақпараттық-аналитикалық модуль муниципалды білім беру жүйесінде балаларды анықтау, қолдау және дамыту процесін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мекемелерді қамтиды: педагогтерге ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтауға және қолдауға көмектесетін аудандардың негізгі ресурстық орталықтарын құру, өңірлік құрылымдармен және білім беру мекемелерімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу кезінде сабақтастықты үйлестіру, бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысу; оңалту (ұзақ) іс-шаралары; ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ата-аналарына ақпараттық қолдау көрсету, инклюзивті білім беру тәжірибесін және оның тұжырымдамасын, идеясын сипаттайтын әдебиеттерді басып шығару.

Н.В. Лопатина *«Ғылыми-әдістемелік модуль ұйымдарының өзара іс-қимылының мақсаты – инклюзивті білім берудің муниципалдық моделін іске асыру шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және тәжірибені жалпылау бойынша жағдай жасау»* деп атап өтті [103]. Осыған байланысты инклюзивті құзыреттілікті қалыптастыру арқылы орта білім беру ұйымдарының педагогтерінің, арнайы білімі бар орта білім беру ұйымдарының педагогтерінің, ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысатын мекемелердің қызметкерлерінің инклюзивті дайындығы тапшылығын жеңу қажеттілігі туындайды.

Аталған проблема бөлінген модуль шеңберінде инклюзивті білім беру тәжірибесін тарату бойынша мастер-класстар, тақырыптық семинарлар және басқа да нысандар ұйымдастыру, инклюзивті сыныптарда, топтарда балалармен жұмыс істеу бойынша педагогтердің әдістемелік материалдары бар электрондық құралдарды жасау және тарату, біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларына «Қазіргі кезеңдегі инклюзивті білім беру проблемалары» блогін, қызметкерлердің көрсетілген санаттарына арналған курстарды енгізу арқылы шешіледі.

Спорттық-сауықтыру модулінің ұйымдары дене шынықтыру және спорт құралдарымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік оңалтуды жүргізу үшін жағдай жасайды. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қолжетімді білім беруді қамтамасыз ететін барлық ұйымдар кіретін жүйелік модуль даму мүмкіндігі шектеулі балалар үшін кедергісіз ортаны ұйымдастыруда кадрлық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік ресурстарды пайдалану арқылы материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді іске асырады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен жасөспірімдерді оңалту мен әлеуметтендіру білім беру мен мәдениеттің әдістері мен құралдары болып табылатын *мәдени-демалыс модулі* келесі міндеттері іске асырады: қолайлы қолжетімді мәдени-дамыту ортасын құру, сапалы білім алу үшін жағдай жасау, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға әлеуметтік тәжірибе алуға көмектесу [104, 105].

Десе де, бүгінгі таңда ведомствоаралық байланысты ұйымдастыруда анық мәселелер келесідей:

- техникалық және технологиялық қамтамасыз ету;
- бұл процесті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
- білім беру процесін ұйымдастыруда желілік принципті айқындайтын ұйымдастырушылық-құқықтық формаларды іздеу;
- инновациялық білім беру бағдарламаларын ілгерілету механизмі;
- топтарды жинау процедуралары;
- ата-аналар мен білім алушыларға осы секілді білімнің тартымдылығы.


Теориялық әдебиетті талдау көрсеткендей, «өзара байланыс» түсінігі объектілердің бір-біріне ықпал ету процестерін айқындайтын категория ретінде түсіндіріле алады. Бірқатар зерттеулерде (А.Г. Асмолов, А.А. Бодалёв, Е.С. Кузьмин, А.А. Леонтьев, В.П. Лебедева, В.Н. Мясищев, В.А. Орлов, В.И. Руденский, В.В. Рубцов, И.М. Юсупов және т.б.) өзара іс-қимыл кері өзара байланысты туындатуға бағытталған іс-әрекеттерді тұрақты, жүйелі орындау белгісінің болуы тұрғысынан қарастырылады [106].

В.Н. Панкратовтың анықтауына сәйкес, инклюзивті білім беру ортасындағы өзара байланыс аялары белсенділіктің келесі векторларын қамтиды: әдістемелік қолдау және кадрларды дайындау; expertтік қызмет және кеңесші органдардағы жұмыс; озық тәжірибелерді анықтау және трансляциялау; әлеуметтік тұрғыдан маңызды инициативалар мен жобаларды іске асыру. Оның пікірінше, инклюзивті білім беру ортасындағы өнімді өзара іс-қимылдың шарты қатысушыларды қызметтің берілген нәтижесіне ілгерілетуді көздейтін бірқатар іс-қимылдар болып табылады.

Сонымен, бастапқы кезеңдерде тараптардың құқықтары, міндеттері мен функциялары арасындағы нақты айырмашылықты қамтамасыз ету қажет. Бұл өзара әрекеттесуге қатысушылардың функционалдық міндеттерін және әрқайсысының жауапкершілік аймағын анықтауға мүмкіндік береді. Келесі іс-қимыл мақсаттар, міндеттер, жұмыс бағыттары туралы жедел және уақытылы хабардар етуге ықпал ететін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру болып табылады.

Өзара іс-қимыл процесі барысында іске асыру үшін міндетті соңғы шарт – инклюзияға қатысушылар арасындағы тұрақты байланыс, ақпарат және іс-қимыл алмасу.

Инклюзивті білім беру ортасындағы өнімді өзара әрекеттесудің кезеңдері сипатталған жағдайлармен тығыз байланысты және проблеманы анықтаудан бастап жұмысты бағалауға дейін дәйекті ілгерілетуді ұсынады (5-суретті қараңыз).



5-сурет. Инклюзивті білім беру ортасындағы өзара байланыс кезеңдері

Д.В. Афанасьев және т.б. ғалымдар инклюзивті білім беру субъектілерімен ресурстық оқу-әдістемелік орталықтың өзара байланысы ерекшелігін зерделеу негізінде [107, 108] инклюзивті білім беру ортасындағы өнімді өзара байланыс халықаралық, федералды, федералды округ, өңір, муниципалитет, ұйым (мекеме) деңгейінде іске асады деген тұжырымға келді.

Олардың пікірінше, инклюзивті білім беру ортасындағы аталмыш өзара байланыстың ресурстарына келесілер жатады:

1. Әлеуметтік, білім беру, еңбек және әлеуметтік-мәдени инклюзия және интеграция саласындағы өзара іс-қимылға қатысушылардың құзыреттілігі.

2. Инклюзия саласындағы инновациялық бағдарламаларды, жобаларды, технологияларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу тәжірибесі.

3. Өзара іс-қимылға қатысушылардың деңгейаралық және ведомствоаралық ынтымақтастығы (бірлескен бағдарламалар, жобалар, бірлестіктер және т.б.).

Зерттеушілер әртүрлі деңгейдегі өнімді өзара әрекеттесудің негізгі тәжірибелерін сипаттады:

- **Халықаралық деңгей** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер базалық ұйымының инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы педагог қызметкерлер мен мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қоғамдық кеңесінде белсенді жұмыс жүргізу; халықаралық конференцияларда тәжірибе алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулерді орындау; ЖОО оқытушылары мен студенттері арасында ғылыми және білім беру ұтқырлығын дамыту; бірыңғай терминологиялық сөздік жасау; ғылыми-практикалық әзірлемелердің бірыңғай кітапханасы, білім беру бағдарламаларының сараптамалық қызметі, біліктілікті арттыру және т.б.

- **Федералды деңгей** – Мемлекеттік думаның Білім және ғылым Комитеті жанындағы арнайы білім беру жөніндегі сараптамалық кеңесіндегі жұмыс; ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға кәсіптік бағдар беруді, білім беруді және жұмысқа орналастыруды қолдау бойынша ресурстық оқу-әдістемелік орталықтардың федералды желісін құру бойынша федералды жобаны жүзеге асыру; ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру, кәсіптік бағдарлау және оларды кейіннен жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі кеңес шеңберіндегі жұмыс топтарындағы жұмыс:

- ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін жоғары білім беру ұйымдарының қолжетімділігін бағалау және арнайы жағдайлар жасау, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін жоғары білім беру ұйымдарының қолжетімділігін мониторингілеу жүйесін жетілдіру жөніндегі сараптау тобы;

- ерекше білім беруді қажет ететін адамдар талапкерлер мен жоғары білім беру ұйымдары білім алушыларын кәсіптік бағдарлау және оларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі сараптау тобы;

- жоғары білімнің негізгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді бейімдеу жөніндегі сараптау тобы;

- «Инклюзивті жоғары білім беру практикасы бойынша бүкілресейлік конкурстағы» сараптамалық қызмет, инклюзивті университеттер қауымдастығына белсенді мүшелік; «Демография», «Баршаның жаңа мүмкіндіктері» федералды жобаларын жүзеге асыруға қатысу; Сарапшылар тобында «Абилимпикс» халықаралық чемпионатының іскерлік бағдарламасының тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс; Бүкілресейлік

конференцияларда тәжірибе алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу арттыру; жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері арасында ғылыми және білім беру ұтқырлығын дамыту; ғылыми әзірлемелерді, әдістемелік материалдарды, оқулықтарды және т.б. сараптау.

- **Федералды округтің деңгейі** – ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіптік бағдарлау, білім беру және жұмысқа орналастыруды қолдау үшін ресурстық оқу-әдістемелік орталықтардың федералды желісін құру бойынша федералды жобаны жүзеге асыру; ректорлар кеңесімен өзара әрекеттесу; инклюзивті университеттер қауымдастығына белсенді мүше болу; «Демография», «Баршаның жаңа мүмкіндіктері» федералды жобаларын жүзеге асыруға қатысу; «Абилимпикс» федералды кезеңіне қатысу, түрлі деңгейдегі конференцияларда тәжірибе алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулерді орындау; ЖОО оқытушылары мен студенттері арасында ғылыми және білім беру ұтқырлығын дамыту; мамандардың біліктілігін арттыру; ғылыми әзірлемелерді сараптау.

- **Аймақтық деңгей** – мүгедектер ісі жөніндегі кеңесте, өңірлік деңгейде ерте көмек көрсетуді үйлестіру кеңесінде жұмыс істеу; өңірдегі білім беруді дамыту институттарының әріптестеріне кеңес беру; өңірлік атқарушы органдармен, коммерциялық емес ұйымдармен, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен, білім беру ұйымдарымен өзара әрекеттесу; кәсіптік бағдар беру, білім беру, аймақтағы жас мүгедектерді жұмысқа орналастыру; жұмыспен қамту қызметтерімен өзара әрекеттесу; жұмыс берушілерге консультация беру және оқыту; өңірлік проблемаларды шешудің цифрлық құралдарын әзірлеу; білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру; өңірлік оқу-әдістемелік ұйымдарға мүшелік; орта кәсіптік білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталықтарымен, арнайы және инклюзивті білім беру бойынша базалық мектептермен; мектепке дейінгі ресурстық білім беру ұйымдарымен, психологиялық-педагогикалық, медициналық және әлеуметтік көмек орталығымен өзара іс-қимыл жасау; «Абилимпикстің» жергілікті деңгейіне қатысу.

- **Муниципалитет деңгейі** – мэрия мүгедектеріне жалпы және кәсіптік білім беру мәселелері жөніндегі жұмыс тобында жұмыс істеу; мэрия мүгедектерін жұмысқа орналастыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобына мүшелік; эксперименттік алаңдардың басшылары.

- **Ұйым деңгейі** – 13.00.03 Түзету педагогикасы ғылыми мамандығы бойынша Арнайы (дефектологиялық) білім беру (бакалавриат, магистратура) және аспирантура бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру; барлық деңгейде өнімді өзара іс-қимылды дамыту.

Соңғы жылдардағы тәжірибе және шоғырландырылған кәсіби қоғамдастықтың жетістіктері инклюзивті білім беру ортасында өзара әрекеттесудің тиімділігін талдаудың нәтижелі тәсілдерінің бірі Ф. Тейлордың тәсіліне сәйкес үздік тәжірибелерді талдау әдісі болып табылады [109]. Үздік тәжірибелерді тарату тәжірибе мен технологияларды беру үшін жағдай жасайды, бұл инклюзивті білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатына

қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ресей Федерациясы Министрлігінің ресми сайтында ерте көмек көрсету қағидатын іске асыруды, мүгедек балалармен жұмыс істеудің сабақтастығын және оларды қолдауды қамтамасыз ететін оңалту қызметтерін ұсынатын ұйымдардың ведомствоаралық өзара әрекеттесуінің үлгі моделі туралы ақпарат жарияланды. Бұл модель ұсынымдық сипатқа ие және осы модельде қамтылуға тиіс негізгі элементтердің тізбесін ұсынады. Осы құжаттың негізгі ережелерін қарастырайық. Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі ведомствоаралық өзара іс-қимылдың үлгі моделіне келесілер кіреді:

А) құрамына мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органдарының өкілдері және ерте көмек көрсететін басқа да ұйымдар кіретін жоғары үйлестіру органы.

Б) ведомствоаралық өзара іс-қимыл үйлестірушісі – РФ субъектісінің атқарушы билік органы.

В) ведомствоаралық комиссиялар.

Г) ведомствоаралық өзара іс-қимылдың қатысушылары – Ресей федерациясының құрылтай субъектісінің атқарушы органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және ерте көмек көрсететін басқа ұйымдар (6-суретті қараңыз).



6-сурет. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл субъектілерінің схемалық моделі

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл Ресей Федерациясының субъектісінің мемлекеттік билігінің жоғары атқарушы органы бекіткен ведомствоаралық өзара іс-қимыл регламентінің негізінде жүзеге асырылады және регламенттің өзін дамыту аймақтарға беріледі.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл моделі келесі функцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді:

а) ерте көмек қызметтерін алатын субъектілерді және ерте көмек қызметіне қажеттіліктерді анықтау;

б) ерте көмектің үздіксіздігі және отбасылық бағдарлануы қағидаттарын сақтай отырып, ерте көмек көрсету қызметтерін ұсынудың жеке жоспарын (бұдан әрі – жеке жоспар) әзірлеу және мақсат қою;

в) жеке жоспар іс-шараларын орындау;

г) ведомствоаралық өзара іс-қимылды үйлестіру және бақылау, балаларға, сондай-ақ оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға ерте көмек көрсету қызметтерін көрсету нәтижелерін бағалау;

д) тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылға кедергі келтіретін факторларды (проблемаларды) анықтау;

е) өңірлік жүйені қалыптастыру бойынша нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны қалыптастыру және өзекті жағдайда ұстау;

ж) өңірлік жүйеге бағалау жүргізу.

Құжатта осы функцияларды кімнің – ведомствоаралық өзара іс-қимылдың қандай субъектілерінің тікелей жүзеге асыратыны туралы ақпарат жоқ.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл моделінің жұмыс істеуі және өңірлік жүйені қалыптастыру үшін ерте көмекті дамытудың кешенді автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүйесіне қосылған орталықтандырылған дерекқорлар мен ақпараттық жүйелер классификаторын пайдалану қажет.

Осылайша, өңірлер деңгейінде ведомствоаралық өзара іс-қимылдың барлық субъектілерінің жұмысы мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін ақпараттық жүйе құрылуы тиіс.

Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған ведомствоаралық өзара іс-қимылдың үлгі моделі тым жалпы және ерте көмек көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл механизмін қамтамасыз ететін құжат емес.

Қаралып отырған саладағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл тіршілік әрекеті шектелген және осындай шектеулердің пайда болу қаупі бар нәресте, ерте жастағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатын оңтайлы дамытуға және қалыптастыруға жәрдемдесу, отбасы өмірін қалыпқа келтіру, ата-аналардың (заңды өкілдердің) құзыреттілігін арттыру, баланы құрдастар ортасына, қоғамдық өмірге қосу мақсатында ерте көмек көрсетудің жеке бағдарламасын іске асырудың тиімділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

Міндеттер:

1. Ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысушы ұйымдардан мәліметтерді есепке алу негізінде ерте көмек қызметтерін алуға мұқтаж ерте жастағы балалардың тізілімін қалыптастыру.

2. Ерте көмек көрсетуді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) қажеттіліктерін есепке алу.

3. Ерте көмек көрсету процесінің барлық қатысушылары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету.

4. Ерте көмек көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттарды әзірлеу.

5. Ерте көмек және қолдау көрсету бойынша басқару механизмдерін қалыптастыру және жүзеге асыру.

6. Ерте көмек көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылдың бүкіл процесін басқару. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың негізгі құралы әртүрлі ұйымдар арасындағы шарттық қатынастар болып табылады.

Жекелей алғанда, ерте көмек қызметтерін жүзеге асырудың желілік нысаны туралы шартта келесілерді көрсету қажет:

1) желілік нысанды пайдалана отырып іске асырылатын бағдарламаның түрі, деңгейі, мақсаты және (немесе) бағыты;

2) ерте көмек қызметіне қабылдау, желілік форманы пайдаланумен іске асатын барлық процестерді ұйымдасты тәртібі, қағидалары;

3) ерте көмек қызметтерін жүзеге асыру шарттары мен тәртібі, оның ішінде ұйымдар арасында міндеттерді, ұйымдармен пайдаланылатын ресурстар көлемін бөлу;

4) ерте көмекке байланысты берілетін құжаттар, сонымен қатар ұйым атауы;

5) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту мен тоқтату тәртібі және т.б.

Желілік өзара іс-қимыл барысында келесі ұйымдастырушылық-құқықтық және нормативтік құқықтық құжаттар кешені пайдаланылады:

- құрылтайшымен келісім, мемлекеттік немесе муниципалды тапсырма-желі қатысушыларының мәртебесін, жауапкершілігін анықтайды;

- ынтымақтастық туралы келісімдер (шарттар) – өзара іс-қимылға қатысушылардың азаматтық-құқықтық қатынастарын бекітуге және келесі мәселелерді реттеуге мүмкіндік береді: бірлескен іс-шаралар өткізу, меншік пен ақша қаражатын пайдалану, кадр ресурстарын, өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, бірлескен қызметті басқарудың ұйымдастырушылық схемалары мен рәсімдері және оның нәтижелерінің есептілігі;

- өтеулі қызмет көрсету шарттары, еңбек шарттары, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар – желіге қатысушылардың қарым-қатынас қағидаларын айқындайды;

- жоспарлар, жобалар, бағдарламалар – желілік өзара іс-қимыл шеңберіндегі қызметтің мазмұнын айқындайды;

- лауазымдық нұсқаулықтарды қоса отыра локальді нормативтік актілер.

Аумақтық ведомствоаралық желіге федералды бағыныстағы, аймақтық немесе муниципалды деңгейдегі мекемелер, коммерциялық емес ұйымдар мен

жеке фирмалар, оның ішінде денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, білім беру ұйымдары, мәдениет және спорт мекемелері кіруі мүмкін және әртүрлі нұсқаларда жүзеге асырылуы мүмкін. Әлеуметтік тапсырысқа, бірлескен кешенді қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне жауап ретінде туындайтын кез келген комбинациялар мен нұсқалар болуы мүмкін.

Ішкі және ведомствоаралық желілік өзара іс-қимыл, осылайша, қойылған міндеттерді шешу үшін ұйымдардың ресурстарын біріктіруге мүмкіндік береді. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың қолда бар ресурстары туралы толыққанды өзекті ақпаратсыз, ерте көмек көрсету қызметтерін көрсету, бұл үшін қажетті қаражатты жоспарлау және оларды оңтайлы жұмсау мүмкін емес.

Ерте көмек көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін ресурстардың қатарында:

- әлеуметтік ресурстар – әртүрлі ұйымдармен серіктестік;
- кадрлық ресурстар;
- ақпараттық ресурстар (деректер базасы, электрондық тізілімдер, тіркелімдер және т.б.);
- материалдық-техникалық ресурстар;
- оқу-әдістемелік ресурстар;
- диагностикалық құралдар;
- қаржылық ресурстар.

Қаржы ресурстары меншікті және тартылған ақша қаражаты есебінен қалыптастырылады. Қаржыландыру көздері: мемлекеттік және жеке.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың негізгі шарттары:

- ведомствоаралық өзара іс-қимыл процесін басқаруға жауапты органды тағайындау және оның нәтижелілігіне бағалау жүргізу;

– өңірлік ерте көмек жүйесін қалыптастыру және жетілдіру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл регламентінің болуы;

- ерте көмек көрсетудің жеке бағдарламасын әзірлеу мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың желілік нысанын, сондай-ақ ерте көмекті іске асырудың желілік нысанын пайдалану.

- ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде мемлекеттік атқарушы билік органдарының, оналту ұйымдарының жоспарлау мен есептілігінің бекітілген нысандарының, жиынтық жоспарының және есебінің болуы;

– балалар туралы, ресурстар туралы ақпаратты жинауға және талдауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық-талдамалық жүйелердің болуы, ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысушылардың осы ақпаратты пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

– ведомствоаралық өзара іс-қимылға барлық қатысушылардың ерте көмек көрсетудің жеке бағдарламасын құрастырудағы бірыңғай тәсілдерді пайдалануы;

– өңірлік ерте көмек көрсету жүйесін дамыту бағыттарына сәйкес ерте көмек көрсететін мамандардың біліктілігін арттыру бағыттарын бірлесіп жоспарлау.

Ерте көмек көрсетудің аймақтық жүйесін құру процесінде ведомствоаралық өзара іс-қимылдың келесі нысандары бөлінеді:



Әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік қолдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын ақпарат алмасу, оның ішінде электрондық нысанда.



Ерте көмек көрсету қызметтерін іске асыру шеңберінде бірлескен іс-қимылдарды (іс-шараларды) жүзеге асыру.



Ведомствоаралық жұмыс топтарын, комиссияларды, үйлестіру кеңестерін, ведомствоаралық кеңесу органдарын құру және басқалар.



Свердлов облысы арасында жасалған өзара іс-қимыл туралы келісімдер, онда ерте көмек көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың тәртібі мен ұйымдастырушылық-техникалық шарттары айқындалады.



Ерте көмек көрсету қызметтерін іске асыру мәселелері бойынша әртүрлі ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың желілік өзара іс-қимылы.



Ерте көмек жүйесін қалыптастыру және дамыту үшін қолайлы әкімшілік жағдай жасау түрінде ұйымдастырушылық және әкімшілік көмек.



Деректер банктерін, автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйелерін бірлесіп қалыптастыру және пайдалану.



Өңірлік ерте көмек жүйесі шеңберінде ведомстволық жүйелерді дамытудың жалпы стратегиялары.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл түрлерін жіктеуге болады:

- өзара іс-қимыл аялары бойынша;
- өзара іс-қимыл бағыты бойынша (тік, көлденең, диагональ);
- қатысушылар саны бойынша (екі жақты, көп жақты);
- ведомстволардың қатысу деңгейі бойынша (белсенді, пассивті);
- байланыс сипаты бойынша (бейресми, ресми);
- жүйелелік бойынша (жүйелі, бір реттік);
- мерзімдері бойынша (қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді);
- объектіге байланысты (салааралық, функция аралық, ақпараттық, жобалық).

Ерте көмек шеңберіндегі ерекше назарды ведомствоаралық өзара байланыстың келесі түрлеріне аудару қажет (басқару функциялары шеңберінде):

- ерте көмек жүйесін іске асыру және оның қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада дамуы бойынша іс-шараларды жоспарлау;
- ерте көмек жүйесінің қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ету бойынша қызметті ұйымдастыру;
- ерте көмек жүйесін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- ерте көмек көрсету жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін қызметті үйлестіру;
- ерте көмек бойынша қатынастардың барлық қатысушылары арасындағы коммуникациялық және ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және іске асыру;

- ерте көмек көрсету қызметтерін іске асыру бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың барлық субъектілерінің тиімді және нәтижелі қызметін ынталандыру;

- жанжалды жағдайларды шешу және ерте көмек көрсету саласындағы жанжалдардың санын азайту жөніндегі алдын алу шараларын іске асыру;

- ведомствоаралық өзара іс-қимылдың барлық процестерін бақылау және нәтижелі әрі тиімді ерте көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл қағидаттары – бұл ерте көмек көрсету саласындағы әлеуметтік проблемаларды бірлесіп шешуді ұйымдастыру кезінде субъектілер басшылыққа алатын бастапқы негізгі талаптар.

Ерте көмек жүйесін қалыптастыру мәселелерін шешудегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл принциптерінің мазмұны мен бағыты бірқатар факторлармен анықталады:

- мемлекеттің, жалпы қоғамның стратегиялық мақсаттары;

- заңнамалық реттеу;

- ғылыми негізділік;

- бірлескен жұмыстың мақсаты мен сипаты;

- ведомстволық мүдделер: өзара іс-қимыл арқылы оларды іске асырудың ерекшелігі мен маңыздылығы; субъективті фактор;

- ресурстық базаның болуы;

- аумақтық ерекшеліктері: әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, географиялық орналасуы, әлеуметтік саладағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының саясаты, Свердлов облысының ұлттық құрамы;

- жоғары тұрған құрылымдар тарапынан мекемелердің өзара іс-қимылына қатынасы;

- шешілетін мәселелердің ерекшелігі.

Атқарушы мемлекеттік билік органдары мен ерте көмек көрсету қызметтерін іске асыратын ұйымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары:

– реттеуші күш критерийі бойынша (басқару, әлеуметтік бақылау субъектілерінің құқықтық, әлеуметтік жауапкершілігі);

– ұйымдастырушылық-басқарушылық технологияландыру дәрежесі бойынша (барабарлық, кері байланыс, өзара шартты іс-қимылдарды үйлестіру қағидаты, ақпарат алмасуда автоматтандырылған есепке алу қағидаты, функциялардың берілген өкілеттіктерге сәйкестігі);

– кадрлардың кәсіби қызметінің үйлесімділік өлшемі бойынша (құзыреттілік, сабақтастық, мүдделердің келісілуі, ведомствоаралық үйлестіруге қатысу шаралары, іскерлік қатынастар ережелерін сақтау);

– бағдарламалық-мақсатты критерий (кешенділік және жүйелілік, ғылыми және әдістемелік негізділік, әрине-мақсатты бағыттылық қағидаты, ерте көмек қызметтерін көрсетудің үздіксіздігі, мекемелер қызметінің проблемалық бағдары);

– балалармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынастағы адамгершілік критерийі (әлеуметтік әділеттілік, гуманизм, төзімділік, тағдырға қатыстылық қағидаттары).

Іс жүзінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл қағидаттары өзара тығыз байланыста қолданылады, бұл олардың объективті шарттылығын көрсетеді және бірлескен күш-жігерді ерте көмек көрсету қызметтерін іске асыру процесінде ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бағыттайды. Әлеуметтік сала мекемелерінің ерте көмек көрсету мәселелерін шешудегі ведомствоаралық өзара іс-қимылын ұйымдастыру қағидаттарының ішінде ең маңыздыларының бірі әлеуметтік әріптестік қағидаты болып табылады.

Іс жүзінде әлеуметтік серіктестік екі жақты түсіндіріледі. Ерте көмек жүйесінің ведомствоаралық моделін құру кезінде, егер бір субъектінің қызығушылығы екіншісінің қатысуынсыз және бір уақытта басқа субъектілердің қажеттіліктерін қанағаттандырусыз жүзеге асырылмаса, өзара әрекеттесуді әлеуметтік серіктестік деп санауға болады..

Әлеуметтік әріптестік өркениетті қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде ортақ мақсатқа қол жеткізу кезінде әртүрлі ведомстволық бағыныстағы мекемелердің өзара қиылысатын мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ететін мүдделерді, мүмкіндіктерді, жұмыс әдістерін үйлестіруге негізделген қызметті білдіреді. Тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимыл тараптардың ұстанымдарын құрметтеу және мүдделерін ескеру, келіссөздер процесінің артықшылықтарын пайдалану негізінде мүмкін болады. Серіктестік ортақ мүдделерді арттыру процесі ретінде сипатталады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды әлеуметтік-күтілетін мақсаттарға қол жеткізу мүдделері (мысалы, ерте көмек проблемаларын тиімді шешу) ведомстволық бюрократиялық мүдделерге үстемдік еткен жағдайда, барлық қатысушылар үшін саналы құндылық болған жағдайда, әлеуметтік әріптестік қағидаты бойынша іске асыруға болады. Әр ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның жеке іс-әрекеттері емес, бірлескен жұмыс. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың барлық қатысушылары ортақ мақсаттарға қол жеткізуде бір-бірін серіктес ретінде қабылдауы керек.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігі шешуші дәрежеде әлеуметтік әділеттілік қағидатын іске асыруға байланысты. Ерте көмек көрсетуді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналары заңнамамен кепілдік берілген құқықтарды пайдалана алуы тиіс.

Ерте көмек қызметтерін жүзеге асыратын ұйымдар – субъектілердің бірлескен жұмысы әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге, барлық қызметтерге тең қол жеткізуге мүмкіндік жасауға бағытталуы керек.

Бұл принципті сақтау, бір жағынан, ерте көмек көрсету қызметтерінің мақсатты тұтынушыларының дамуы мен лайықты өмір сүруі үшін қажетті жағдайларды анықтайды, екінші жағынан, нақты проблеманың ерекшелігі мен ерте көмек көрсетудің сапалы, тиімді қызметтері үшін жағдай жасау процесіне мемлекеттік құрылымдардың қатысуы арасындағы байланысты орнатады.

Ортақ мақсатқа жету үшін ресурстарды біріктіруді көздейтін желілік өзара іс-қимыл желінің әр субъектісінің жауапкершілік саласына қатысты тұтастай және жеке-жеке ерте көмек жүйесін дамытуға ықпал етуге арналған. Перспективада желілік өзара іс-қимыл ерте көмек көрсету қызметтерін; инновациялық ғылыми-әдістемелік, ақпараттық, кадрлық ресурстарды іске

асыру процесінде қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаны пайдалану үшін жағдай жасайды.

Желіде жұмыс істей отырып, субъектілер тәжірибе алмасады, бірлескен міндеттерді шешеді, командалық қызметті ұйымдастырады және кәсіби өсуді қамтамасыз етеді. Бұл желілік серіктестіктің тиімділігін қамтамасыз ететін ведомствоаралық өзара іс-қимыл субъектілері басшыларының басқарушылық қызметінің деңгейі екенін атап өткен жөн.

Ол үшін әр мектепке үнемі жұмыс істейтін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі қажет, оның міндеттері балалармен мамандардың дамып келе жатқан жұмысын ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің, мамандар мен ата-аналардың білім алушылармен жұмыс істеудің ортақ тәсілдерін, бірыңғай стратегиясын жасау бойынша тұрақты ынтымақтастығын қамтиды.

Осыған байланысты жалпы білім беретін мектептің штатына педагогтермен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары: психологтар, логопедтер, арнайы педагогтер енгізіледі, олар тиімді жұмыс істеу үшін командалық тәсілді және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды барынша дараландыру технологияларын меңгеруі қажет. Әрине, білім алушыны қолдаудағы басты рөл, оның оқу процесін даралау педагогке тиесілі. Оқуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету, белгілі бір баланың ерекшеліктерін ескеру, мұқият жүргізілген бағалау негізінде оқу жоспарын құру мектеп педагогтері мен мамандары үшін оңай емес. Мұның бәрі командалық көзқарасты, білімді, тәжірибені және педагог пен маманның тығыз қарым-қатынасын қажет етеді. Ұйымшыл кәсіпқойлар командасы – жұмыстың мүмкін болуы үшін маңызды шарт. Команда тек білім беру ұйымының қызметкерлерін ғана емес, сонымен қатар баланың ата-аналарын да қамтуы керек.

Инклюзивті саясатты дамыту негізінде инклюзивті білім беру практикасын құру мемлекетке барлық балалардың жалпы білімін жақсарту үшін бұл маңызды екенін түсінуге сүйене отырып, аса дарынды балалардан бастап мүмкіндіктері шектеулі балаларға дейінгі барлық балаларды қолдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл балалардың белгілі бір санатының қиындықтарына назар аудармай, барлық білім алушылардың әлеуетін дамытады.

Әр баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жалпы білім беретін мектептің толыққанды құрылымдық бөлімшесі болуы тиіс.

Сондықтан мектеп мұғалімдеріне арнайы педагогика, педагогикалық психология саласындағы мамандардың кешенді әдістемелік көмегі, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуды дараландыру тәсілдерін түсіну және жүзеге асыру қажет. Жаппай мектеп мұғалімдері үйренуі керек ең маңызды нәрсе – әртүрлі балалармен жұмыс істеу және әрқайсысына педагогикалық көзқараста осы әртүрлілікті ескеру.

Мектеп педагогтері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, яғни анықталған оқу қиындықтары мен олардың туындау себептері негізінде оқу процесінде білім алушыны қолдаудың түрлерін, нысандары мен көлемін айқындау негізінде жүзеге асырылатынын білуі тиіс. Бұл ретте қажеттіліктерді бағалау, сондай-ақ білім алушыларды қолдау деңгейлік сипатқа ие, бұл қолдау қарқындылығын арттыру жағына да, қолдауды азайту жағына да бір деңгейді қолдаудан басқа деңгейді қолдауға көшу мүмкіндігін білдіреді.

Инклюзия кез келген баланың білім беру қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық, педагогикалық ортаны қалыптастыра отырып, мектептің барлық әлеуметтік процестерін терең қамтиды. Әрине, мұның бәрі командалық тәсілді, білімді, тәжірибені және мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, мамандардың және ата-аналардың тығыз қарым-қатынасын талап етеді. Инклюзия көшбасшылық тетіктерден гөрі көп нәрсені қамтитынын атап өткен жөн. Сондықтан мектеп директорлары тапсырыс беруге емес, олардың ұсыныстарын мақұлдауға психологиялық тұрғыдан бейім, ынталы және қолдау көрсететін, әріптестерін тыңдауға тырысатын көшбасшылар болуы керек.

Бүгінгі таңда менеджер-көшбасшыға «әлеуметтік сәулетші» функциясы беріледі, ол практикада «инклюзивті мәдениетті» зерттейді және құрады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуы олардың табысты әлеуметтенуінің негізгі және ажырамас шарттарының бірі, олардың қоғамға толыққанды қатысуын қамтамасыз ету, кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде тиімді өзін-өзі жүзеге асыру.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың кешенді өзара іс-қимылы кезінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету, өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бейімделуінің жеткілікті деңгейіне, өзін қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде сезіну үшін мемлекеттің мәдениеті мен экономикасының дамуына қолдан келген үлес қоса отырып, еңбек ету мүмкіндігіне қол жеткізуге болады.

Мұндай қолайлы жағдайларды ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, арнайы білім беру, жергілікті атқарушы органдар, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының өкілдерін қоса алғанда, білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара іс-қимылында ғана жасауға болады. Бұл жағдайда барлық балалар табысты болуға, қауіпсіздік пен орындылықты сезінуге мүмкіндік беретін қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Инклюзивті практиканы дамытудың қазіргі заманғы жағдайында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жүйелі тәсіл негізінде алып жүру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылын құру ерекше маңызға ие болады.

Инклюзивті білім беруді енгізу процестері кешенді сипатқа ие және оларға мемлекеттік құрылымдардың, ата-аналар қоғамының, отбасының, білім беру органдары мен ұйымдарының, сондай-ақ үкіметтік емес сектордың қатысуын көздейді. Бұл процестердің маңызды кезеңінде жалпы білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді үйлестіруге көзделуге тиіс.

Мектептегі инклюзия қоғамдағы инклюзияның көрсеткіші болып табылатындықтан, инклюзивті білім беру балалардың алуан түрлілігін қабылдаудан, балалармен өзара іс-қимыл жасауға дайын болудан, олардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін, ресурстарға қажеттілікті анықтаудан, бұл ретте қажетті мамандар мен жергілікті атқарушы органдар тұлғасында сыртқы қолдауды тарта отырып, олардың отбасыларымен бірге жеке білім беру бағытын құрудан басталуы тиіс.

Үш министрліктің: Білім, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрліктерінің өзара іс-қимылының нәтижесі 2021 жылғы 6 қазандағы «Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрық болды [57]. Бұл құжатта мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік ұйымдардың іс-қимылдарын келісу мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібі айқындалған.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл мыналарға бағытталған: балалардың туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларын ерте анықтау және балалар туралы ақпаратты мүдделі мемлекеттік органдарға жіберу; балалар арасында мүгедектік деңгейін төмендету; мүмкіндігі шектеулі балалардың дене, психикалық және

өзге де қабілеттерінің өтемі немесе оларды қалпына келтіру, олардың әлеуметтік құқықтарын іске асыру, олардың неғұрлым толық әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу болып табылады; медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерін кешенді ұсыну.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың нысаналы тобы мүмкіндігі шектеулі балалар болып табылады:

1) есту қабілеті зақымдалған (естімейтін, нашар еститін, кейіннен естімей қалғандар);

2) көру қабілеті зақымдалған (көрмейтіндер, нашар көретіндер, кейіннен көрмей қалғандар);

3) тірек-қимыл аппаратының қызметі зақымдалған;

4) сөйлеу қабілеті зақымдалған;

5) зияты зақымдалған;

6) психикалық дамуы тежелген;

7) эмоционалды-еріктік саласы мен мінез-құлқының бұзылуымен, оның ішінде аутизммен;

8) күрделі бұзылулармен, оның ішінде соқыр-керендікпен.

Бұл бұйрықта келесі ведомствоаралық өзара іс-қимыл түрлері көрсетілген:

1) Заңнамаға сәйкес, оның ішінде «Халық денсаулығы және сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 60, 61, 62, 273 – баптарына көзделген нормаларын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балалар, оның ішінде мүгедектігі бар балалар туралы ақпарат, құжаттарда электрондық немесе қағаз пішімде алмасу;

2) мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, емдеу, абилитациялау және оңалту жөніндегі бірлескен іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру.

Бұйрыққа сәйкес мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау және қызмет көрсету мақсатында денсаулық сақтау мекемелері мынадай қызметтерді көрсетеді:

1) «тәуекел» тобындағы балаларды анықтау мақсатында ерте жастағы балаларды тексеру (скрининг);

2) балалардың туа біткен, тұқым қуалаған және жүре пайда болған патологиясын диагностикалау;

3) мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалту.

Осылайша, барлық балаларға олардың ерекше қажеттіліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз ету жолында маңызды фактор ретінде білім беру саласындағы барлық мүдделі тараптар үшін мемлекеттік білім беру саясатын, оны жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерін түсінудегі бірлік болып табылады. Ең алдымен, ол үшін балалардың сапалы білім алуға құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеуде өзара іс-қимыл мен жүйелілікті қалыптастыру қажет.

Қазақстанда инклюзивті саясат дәйекті түрде әзірленуде, заңнамалық құжаттар мен заңға тәуелді актілерді жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Оның жарқын мысалы ретінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚР Заңын атауға болады, өйткені бұл Заң бекітілгеннен кейін басқа төрт келесі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы»; «Білім туралы»; «Бала құқықтары туралы»; «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» [115].

Жоғарыда аталған нормативтік құжаттар негізінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізіледі және білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы реттеледі.

Заңда мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық сараптама және консультациялар бағдарламаларын іске асыру негізінде оларды білім беру ортасына қосу арқылы әмбебап көзқарас қарастырылған. Бекітілген тәртіпке сәйкес, ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық балалардың сапалы білім алуы үшін ерекше жағдай жасамағаны үшін білім беру ұйымдары басшыларының жауапкершілігі белгіленді.

БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА жүргізген зерттеулердің нәтижелері бойынша педагогикалық қоғамдастықтың көпшілігі инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттардан хабардар еместігі туралы қорытындылар расталды. Осыған байланысты, осы құралдың мазмұнына еліміздің нормативтік құқықтық құжаттары туралы жүйеленген әртүрлі мемлекеттік органдардан шыққан, бірақ балалардың сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты контент қосылған.

Бұл жұмыс қоғамда, ең алдымен, педагогтер, оның ішінде білім беру ұйымдарының басшылары арасында инклюзивті мәдениет деңгейін арттыру мақсатында жүргізілді. Сондықтан мұғалімдердің назарына білім беру ұйымдарының елдегі басқа мүдделі тараптармен келісілген өзара әрекеттесу үшін белгілі болуы қажет қолданыстағы заңнамалық және басқа да нормативтік құжаттарға шолу ұсынылады.

1. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы [116].

Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Осы Заңда мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз

(әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала;

2) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар – бұл балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету мен материалдық көмек көрсетуді, өмірде қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар;

3) баланы әлеуметтік оңалту – бала жоғалтқан әлеуметтік байланыстар мен функцияларды қалпына келтіру, тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз ету ортасын толықтыру, оған қамқорлық жасауды күшейту жөніндегі іс-шаралар;

4) баланың әлеуметтік бейімделуі – өмірде қиын ахуалға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық қағидалары мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі;

5) баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар;

6) жетім бала – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала;

7) қамқоршылық – он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

8) қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

Қамқоршылық пен қорғаншылық жалпы көп жағдайда мүліктік құқықтарды анықтайды, алайда бұл қамқоршы немесе қорғаншы қамқорлыққа алынатынға қамқор болмауы керек дегенді білдірмейді. Асырап алудан қамқорлық пен қорғаншылықтың басты айырмашылығы оларды белгілеу қажеттілігінің туындауы, әрекет қабілеттілігін және жасын шектеу болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл өзінің жасы мен денсаулығына байланысты өздігінен өмір сүре алмайтын, өзінің құқықтарын қорғай немесе мүлікке басшылық жасай алмайтындарға көмек.

9) мүгедек бала – тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организмнің функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам;

10) өмірлік қиын жағдайда жүрген бала (балалар) – «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар).

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ [115].

Осы Заңға сәйкес келесі заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

1) «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

2) «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;

3) «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;

4) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.

3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы [117].

Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) білім алу үшін арнаулы жағдайлар – мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнаулы оқу және жеке дамыту бағдарламаларын, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

2) кемтар бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

3) «қатер» тобындағы бала (балалар) – ерте қолға алынбағандықтан, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетілмегендіктен, дене және (немесе) психикалық дамуында кенжелеп қалу ықтималдығы жоғары болатын үш жасқа дейінгі бала (балалар);

4) дене кемістігі – ағзасы (ағзалары) дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің ұзақ уақыт бойы әлеуметтік, медициналық және педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қажет ететіндей созылмалы бұзылуы;

4-1) диагностика – балалардың ауруының болу немесе болмау фактісін анықтауға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

5) психикалық кемістік – адам психикасы дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың салдары; сөйлеу бұзылыстары; эмоциялық-еркі жағынан бұзылыстары; ми зақымдануының салдары; ақыл-ой дамуының бұзылыстары, соның ішінде ақыл-ой жағынан кенжелеп қалу; психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқып-үйренудегі өзіндік қиындықтар;

6) күрделі кемістік – психикалық және дене кемістігінің кез келген ұштасуы;

7) ауыр кемістік – мемлекеттік (оның ішінде арнаулы) білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын, немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және (немесе) дене кемістігі;

8) ерте қолға алу (ерте қолдау) – психикалық-дене бұзылыстары скринингін, диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау;

9) әлеуметтік бейімдеу – нысаналы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі;

10) әлеуметтік жұмыс – жекелеген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет;

11) скрининг – «қатер» тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру;

12) мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау – мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді еңсеру және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

13) арнаулы білім беру – кемтар балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып білім беру;

14) арнаулы білім беру ұйымдары – мүмкіндігі шектеулі балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды психологиялық-педагогикалық қолдау, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар;

15) психологиялық тексеру – кемтар балалардың психикалық жағдайының ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

16) әлеуметтік тексеру – тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, дене кіріптарлығына, жинақылығы, әдеттегі қызметпен айналысу қабілеті, экономикалық дербестігі мен қоғамға кірігу қабілеті шектелуіне байланысты болуы мүмкін әлеуметтік кемістіктер дәрежесін анықтау;

17) медициналық тексеру – балалардың тіршілік-әрекетінің шектелуіне себеп болатын жекелеген ағза немесе организм функциясының (функцияларының) бұзылу (болмау) түрін, ауырлығын анықтау;

18) педагогикалық тексеру – тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алу мен қарым-қатынас жасауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

6-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) білім алу үшін арнаулы жағдайлардың бірыңғай қағидаттары мен нормативтерін айқындайды;

2) арнаулы білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін белгілейді; арнаулы білім алуға мұқтаж адамдар үшін білім беру ұйымдарында қажетті орын санын айқындайды;

3) кемтар балаларды оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтандырылуы мен қамтамасыз етілуіне қойылатын ең төменгі міндетті талаптарды белгілейді;

4) оқушыларды аттестаттау әдістемесін айқындайды;

5) азаматтардың денсаулығын сақтау, оларды әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, кемтар балаларды оқытуға арналған техникалық құралдарға қойылатын нормативтік талаптарды әзірлейді және бекітеді;

6) білім беру ұйымдарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің үйлестірілуін жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы. [118].

Осы Заң өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Арнайы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемі **«Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына** сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт болып табылады. [119].

В Осы Заңның 6-бабында адам (отбасы) өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер айқындалған:

1) жетімдік;

2) ата-ана қамқорлығының болмауы;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық;

4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;

6) дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

8) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;

10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;

12) пробация қызметінің есебінде болу.

5. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы. [120].

Осы Заң Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайды.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы жүріп-тұру құралдары – мүгедектердің белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі;

2) жеке көмекші – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедекті бірге алып жүру және объектілерге барған кезде көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметтер көрсететін адам;

3) кәсіптік бағдарлау – мүгедектің еңбек қызметі түрлерін таңдауына көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;

4) медициналық-әлеуметтік сараптама – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілей (белгілемей) отырып, куәландырылатын адамның организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін айқындау;

5) мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертiгулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемiстiктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегiз жасқа дейiнгi адам;

6) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы - мүгедекті оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

7) тіршілік-тынысының шектелуі - адамның өзін-өзі қарап-күту, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбекпен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айрылуы;

Осы Заңның 9-бабында «Білім беру саласындағы уәкілетті орган мүгедектердің білім алуын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді» деп көрсетілген.

6. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ. [121].

Осы Заң Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ардагер спортшы – спорттық мансабын аяқтаған жоғары дәрежедегі спортшы;

1-1) арнайы спорттық мүкәммал – жаттығу және жарыс әрекетінің қажетті құрамдасын білдіретін, мүгедек спортшы организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын спорттық мүкәммал;

2) әуесқой спорт – жеке адамдарға спорттық шеберлігін жетілдіруге және әртүрлі спорт түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бұқаралық спорт қозғалысы;

3) мүгедектігі бар спортшы – тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарларынан, кемістіктерден организм функциялары үнемі бұзылып, денсаулығы нашарлаған және спорттың қолжетімді түрімен (қолжетімді түрлерімен) айналысатын жеке адам;

4) Паралимпиадалық ойындар – тірек-қозғалыс аппараты, көру органдары зақымданған және интеллектуалдық дамуы бұзылған мүгедектігі бар спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;

5) Сурдлимпиадалық ойындар – есту органдары зақымданған мүгедектігі бар спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;

Дене шынықтыру мен спортты насихаттау туралы Заңның 9-бабында келесілер көрсетілген:

1) Дене шынықтыру мен спорт, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдар, дене шынықтыру-спорт ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары халықтың әртүрлі топтарының жас шамасын, кәсіби және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру мен спортты насихаттауды жүзеге асырады, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік маңызын ашуды, ұлтты сауықтырудағы, жеке адамдардың саламатты өмір салтын қалыптастырудағы олардың рөлін қамтамасыз етеді.

2) Бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдар, дене шынықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктер дене шынықтыру

мен спортты насихаттауды жүргізеді, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дене шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттырады.

7. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ. [122].

Осы Заң балалардың өз жасына сәйкес келетін ақпаратты алу және тарату құқықтарын іске асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауға бағытталады.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балаларға арналған ақпараттық өнім – бағыты, тақырыбы, мазмұны және безендірілуі бойынша жас санатына сәйкес келетін ақпараттық өнім;
- 2) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау – балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мақсатында жүргізілетін құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық және басқа да шаралар жиынтығы;
- 3) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 4) балалардың ақпаратқа қол жеткізуі – балаларға арналған ақпараттық өнімді балалардың еркін алу және тарату құқығы;
- 5) балалардың ақпараттық қауіпсіздігі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін олардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету;
- 6) жас санаты – осы Заңда айқындалған тәртіппен ақпараттық өнімге берілетін санат;

Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясат:

- 1) психологиялық жас ерекшеліктерін, ақпараттық ортаның теріс ықпалына осалдығын ескере отырып, мемлекеттің балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі;
- 2) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік шаралардың жүйелілігі мен кешенділігі;
- 3) балаларды тиісінше тәрбиелеу және толыққанды дамыту мақсатында тарихи және өзге де дәстүрлерді, қоғам мен мемлекеттің мәдени құндылықтарын ескеру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарымен балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпаратты еркін алу және тарату құқықтарын шектеуге жол беру қағидаттарына негізделеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы. [123].

Осы Заң кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік оңалту – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу (бұдан әрі – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, кәмелетке толмағандардың оларды тәрбиелеу, оқыту немесе бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдармен жеке профилактикасы шараларын қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі

3) кәмелетке толмағанды бағып-күту – кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің оның толыққанды дамуы, оның мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін және мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды қорғау үшін жағдай жасауы;

4) кәмелетке толмағанды тәрбиелеу – балаға қоғамда қалыптасқан және оның рухани, дене бітімі, имандылық, психикалық, мәдени, зияткерлік жағынан дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларын дарыту жөніндегі ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тарапынан оған әсер ететін үздіксіз процесс;

5) қадағалаусыз қалған бала - ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға

міндетті оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекеме педагогтарының, тәрбиешілерінің және басқа да қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан не оның үйден немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз бетімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған бала;

6) қадағалаусыз қалу - кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін, олардың мінез-құлқы мен тұрмыс жағдайына тиісінше бақылаудың жоқтығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс;

7) панасыз қалған бала –тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала;

8) тұрмысы қолайсыз отбасы – кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы.

«Білім беру органдарының құзыреттері туралы» Заңында 12-бабында мынадай функциялар көрсетілген:

1) арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

3) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді;

5) дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шаралары жүргізуге қатысады;

7) жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады;

7-1) пробация қызметі әзірлеген әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарға орта білім алуға көмек көрсетеді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары:

1. «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысы [124].

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім, ақпаратқа қол жеткізу салаларындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің маңызды міндеті ақпаратқа қол жеткізу, балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау; мемлекеттік жастар және отбасы саясаты; мемлекеттің, азаматтық қоғам мен қоғамдық кеңестердің өзара іс-қимылы салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру болып табылады.

Білім беру саласына қатысты функциялардың ішінде білім беру және тәрбиелеу жүйесінің ұйымдарына мемлекеттік жастар саясаты саласында қажетті консультациялық көмек көрсету жөніндегі қызметті бөліп көрсету қажет.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ мекемелері тарапынан білім беру жүйесінде қызмет көрсету нормалары мен рәсімдерін анықтайтын негізгі нормативтік құжаттарды қарастырайық.

1. «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 сәуірде № 27505 болып тіркелді [125].

Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **дәрігерлік-консультациялық комиссия** – меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, медициналық ұйымда құрылатын комиссия еңбекке уақытша қабілетсіздігін сараптау үшін пациентті жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет көрсетуге жіберу, адамның ағзаларын (ағзаларының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тіннің бөлігін) трансплантаттау, пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу, аурудың бар-жоғын анықтаған кезде баланы үйге оқытуға жіберу, бақылау, мониторинг, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау және негізділігі мәселелерін шешу.

2) **мүгедектігі бар адамды оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ)** – мүгедектігі бар адамды оңалтуды жүргізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін айқындайтын құжат.

ДКК пациентті медициналық қарап-тексеруден, оның медициналық құжаттарын, клиникалық-диагностикалық тексерулер нәтижелерін, жүргізілген емдеу және медициналық оңалту нәтижелерін, еңбек, кәсіп жағдайлары мен сипатын бағалаудан кейін шешім қабылдайды.

ДКК шешімі ДКК отырысына қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда дәрігерлік комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

ДКК функциялары:

1) «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын өткізу;

- басқа қаладан келген адамдарға (тұрақты тұратын жерінен тыс жерлерде жүргендерге, қандастарға, босқындарға және пана іздеген адамдарға, Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға уақытша еңбекке жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беруге рұқсат ету;

- **қосымшаға сәйкес баланы үйде оқыту көрсетілген аурулар тізімінде көрсетілген аурудың бар-жоғы анықталған кезде оны үйде оқытуға жіберу.**

ДКК ҚР ДСМ-175/2020 № бұйрығымен бекітілген «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» 026/е нысаны бойынша қатаң айқындалған жағдайларда, олардың арасында қорытындылары бар медициналық қорытынды береді:

- кемтар 18 жасқа дейінгі балаларды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен **психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы;**

- жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектептердің, колледждердің (техникумдардың), кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына **дене жүктемесін шектеу бойынша, денсаулық жағдайы бойынша бітіру емтихандарынан босату**, академиялық демалыс беру, ауысуға және, басқа факультетке немесе басқа оқу орнына ауысуға мүмкіндік береді;

- үйде оқыту мәселесін шешу үшін баланың денсаулық жағдайы туралы;

- денсаулық жағдайы бойынша үйде оқытылған түлектерге, ұзақ емделуге мұқтаж және балаларға, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған санаториялық үлгідегі емдеу-профилактикалық және (немесе) сауықтыру білім беру мекемелерінде болған балаларды мемлекеттік (қорытынды) аттестаттаудан өткізу туралы мәселені шешу үшін пациенттің денсаулық жағдайы туралы.

Осы бұйрыққа қосымшада үйде оқыту көрсетілген аурулардың тізімі берілген (8-кестені қараңыз).

8-кесте. Үйде оқытуды талап ететін аурулардың тізбесі

№	Аурудың коды және атауы
	C00-D48 Ісіктер

1.1.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, аплазия, дәрілік заттардың жанама әсерлері кезіндегі әртүрлі ағзалардың қатерлі ісіктері, операциялық араласудан кейінгі жай-күй және трансплантаттау, қан ұюның айқын бұзылулары, мүгедек арбада болуды және қозғалуды қиындататын, ауыр қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар
2.	<i>I00-I99 Қан айналым жүйесінің аурулары</i>
2.1.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия кезіндегі апластикалық анемиялар, сүйек кемігін трансплантаттаудан кейінгі дәрілік заттардың жанама әсері
2.2.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, дәрілік заттардың жанама әсерлері кезінде геморрагиялық пурпура және ауыр дәрежедегі басқа да геморрагиялық жағдайлар
2.3.	2 және 3-сатылы жүрек функциясының жеткіліксіздігімен жүретін жүрек аурулары
3.	E00-E90 Эндокриндік жүйе аурулары, тамақтану мен зат алмасуының бұзылуы
3.1.	Декомпенсация сатысындағы ауыр дәрежедегі I типті қант диабеті
4.	<i>F00-F99 Психикалық бұзылулар мен мінез-құлықтың бұзылуы</i>
4.1.	Шизофрения, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар фармакорезистентті шизотиптік және сандырақтық бұзылулар
4.2.	Үрейлі-фобиялық бұзылулар фармакорезистентті, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар
4.3.	Мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар ақыл-ой кемістігі (жеңіл, орташа)
4.4.	Ауыр дәрежедегі психологиялық дамудың жалпы бұзылулары, фармакорезистентті, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар
4.5.	Мінез-құлқының ауыр дәрежедегі гиперкинетикалық және басқа да бұзылулары, фармакорезистентті, мінез-құлқының тұрақты, елеулі, бақыланбайтын бұзылулары бар
4.6.	Ауыр дәрежедегі аралас вокализмдер мен көптеген моторлы тиктер (оның ішінде де ла Туретта синдромы), фармакорезистентті, тұрақты, елеулі, бақыланбайтын мінез-құлықтың бұзылулары бар
4.7.	Ауыр дәрежедегі бейорганикалық табиғаттың энкопрезі, фармакорезистентті
5.	<i>G00-G99 Нерв жүйесінің аурулары</i>
5.1.	Бұлшық еттің жұлындық атрофиясы және мүгедектер арбасында болуды және қозғалуды қиындататын ауыр қозғалу бұзылыстары бар солар тектес синдромдар
5.2.	Иммуносупрессивті терапияны ұзақ қолдану, дәрілік заттардың жанама әсері, ауыр қозғалыс бұзылыстары бар, мүгедектер арбасында болуды және қозғалуды қиындататын нерв жүйесінің нақтыланған дегенеративті аурулары

5.3.	Иммуносупрессивті терапияны ұзақ қолдану, дәрілік заттардың жанама әсері кезінде, ауыр қозғалу бұзылыстары бар, мүгедектер арбасында болуды және қозғалуды қиындататын орталық нерв жүйесінің демиелинизациялық аурулары
5.4.	Күндізгі үлкен жиі ұстамалары бар тұрақты терапиялық резистенттік, оның ішінде эпилептикалық мәртебенің даму қаупі бар эпилепсия (айына 1 реттен жиі)
5.5.	Мүгедек арбада болуды және қозғалуды қиындататын ауыр қозғалу бұзылыстары бар бұлшықет дистрофиясы
5.6.	Мүгедек арбада болуды және қозғалуды қиындататын ауыр қозғалу бұзылыстары бар туа біткен миопатиялар
5.7.	Мүгедек арбада болуды және қозғалуды қиындататын, ауыр қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар балалар церебральды сал ауруы және әртүрлі этиологиядағы салдың басқа да түрлері
6.	<i>J00-J99 Тыныс алу ағзаларының аурулары</i>
6.1.	2 және 3 ауырлық дәрежесіндегі тұрақты созылмалы респираторлық жеткіліксіздігімен қоса жүретін тыныс алу ағзаларының аурулары
7.	<i>K00-K93 Ас қорыту ағзаларының аурулары</i>
7.1.	Ауыр дәрежедегі тұрақты созылмалы бауыр жеткіліксіздігі қоса жүретін аурулар
8.	<i>L00-L99 Тері және тері асты шелмайының аурулары</i>
8.1.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, дәрілік заттардың жанама әсері кезінде ауыр дәрежедегі әртүрлі этиологиядағы дерматиттер
9.	<i>M00-M99 Сүйек-бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тінінің аурулары</i>
9.1.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, дәрілік заттардың жанама әсері кезінде ауыр дәрежелі полиартропатия
9.2.	Ұзақ иммобилизацияны талап ететін және қозғалуын шектейтін ауыр дәрежедегі әртүрлі этиологиядағы буындардың зақымдануы, хирургиялық араласудан кейінгі жай-күйлер
9.3.	Ұзақ иммуносупрессивті терапия, дәрілердің жанама әсері кезіндегі дәнекер тіндердің жүйелі зақымданулары
10.	<i>N00-N99 Несеп-жыныс жүйесінің аурулары</i>
10.1.	Ауыр дәрежедегі созылмалы бүйрек функцияларының жеткіліксіздігі бар бүйрек аурулары
11.	<i>S00-T98 Жарақаттар</i>
11.1.	Хирургиялық емдеуді талап ететін бас сүйек күмбезінің кемістігі болуымен асқынған бас жарақатының салдары
11.2.	Гипсті таңғышта ұзақ иммобилизацияны қажет ететін және өздігінен қозғалуды шектейтін мойын мен дененің, аяқ-қолдардың жарақаттарының салдары
12	<i>Q00-Q99 Туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері), деформациялар мен хромосомалық бұзылулар</i>
12.1	Ауыр дәрежедегі ағзалар мен жүйелердің зақымдануы, ауыр қозғалыс бұзылулары бар, мүгедек арбада болуды және жүруді қиындататын,

ауыр қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар, хирургиялық емдеуді және түзетуді қажет ететін, хирургиялық араласудан кейінгі жағдай
--

2. «Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 Бұйрығы. [62].

Осы бұйрықта «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1) тармақшасына сәйкес скринингті ұйымдастыру қағидалары келтірілген, балалардың туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларының алдын алуды жетілдіру, Қазақстан Республикасында балалардың аурушандығы мен мүгедектігін төмендету мақсатында жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балалардың пренаталдық, неонаталдық, аудиологиялық скринингін, ерте жастағы балалардың психофизикалық даму скринингін, шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингін ұйымдастыру тәртібі айқындалған.

Жалпы құжат одан әрі тексеру, уақытылы араласу және оңалту үшін психофизикалық дамуының бұзылу қаупі бар балаларды ерте анықтауға; психофизикалық дамуының бұзылу қаупі бар балаларды тереңдетілген педагогикалық тексеру және түзете-дамыта оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберуге бағытталған.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысты құжатта көрсетілген іс-шаралардың ішінде мыналарды келтіруге болады:

«Есту функциясының кез келген дәрежедегі (құлақ мүкістігінің халықаралық сыныптамаcына сәйкес) қайтымсыз (созылмалы) бұзылуы бар баланы сурдологиялық кабинет дәрігерінің қорытындысы бойынша «Педиатрия», «Жалпы дәрігерлік практика» немесе «Отбасылық медицина» мамандығы бойынша учаскелік дәрігер түзеу-дамыта оқыту жағдайларын айқындау үшін аумақтық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жібереді.

3. «Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-285/2020 бұйрығы [126].

Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) психикалық денсаулық – әрбір адам өзінің жеке әлеуетін іске асыра алатын, әдеттегі өмірлік күйзелістерді жеңе алатын, нәтижелі және жемісті жұмыс істей алатын, сондай-ақ өз қоғамдастығының өміріне үлес қоса алатын саламаттылықтың жай-күйі;

2) психологиялық көмек – мыналарға: психикалық және соматикалық денсаулықты қолдауға, психикалық дамуды оңтайландыруға, өмір сүруге бейімдеуге және өмір сүру сапасын арттыруға, оның ішінде адамның өз мүмкіндіктерін жандандыру арқылы арттыруға ықпал ететін, адамға

психологиялық проблемалардың алдын алуға, оларды шешуге, өмірлік қиын және дағдарысты жағдайлар мен олардың салдарын еңсеруге жәрдемдесуге; адамдарға психологиялық проблемалардың себептері, олардың алдын алу және оларды шешу тәсілдері туралы ақпарат беруге; тұлғаны дамытуға, оның өзін-өзі жетілдіруіне және өзін-өзі танытуына бағытталған іс-шаралар кешені.

3) психологиялық проблема – адамның өзіне, өзінің қызметіне көңілі толмауынан, тұлғааралық қатынастардан, отбасындағы жағдайдан және (немесе) жеке өміріндегі басқа да проблемалардан туындаған ішкі жайсыздық жай-күйі.

Емдеу-профилактикалық көмекті, сондай-ақ психикалық-әлеуметтік және заң қызметтерін қамтитын жасөспірімдер мен он сегіз жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастарға (бұдан әрі – жастар) репродуктивтік және психикалық денсаулық сақтау бойынша медициналық көмекті ұсынатын денсаулық сақтау субъектілері болып **жастар денсаулық орталықтары** (бұдан әрі – ЖДО) табылады.

Осы Қағидаларда оннан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың ұрпақты болу және психикалық денсаулығын қорғау бойынша Медициналық көмекті ұйымдастырудың бекітілген тәртібі ұсынылған.

ЖДО жасөспірімдер мен жастарға медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының жолдамасы бойынша, сондай-ақ жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау қызметтері мен құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтаудың бастапқы буыны мамандарының жолдамасы болмаса да жеке тұлғаның (пациенттің) өз бастамасы (өз бетінше жүгіну) бойынша қызмет көрсетіледі.

ЖДО басшылары **сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды**, мамандардың басқа органдармен және ұйымдармен жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтендіру институты ретінде білім беру ұйымының маңызды міндеті баланың жеке басын және тұлғааралық қарым-қатынасты дамыту, тәуелсіз өмірге дайындық, кәсіби дайындық сияқты негізгі мәселелерді шешу бойынша қызметті жүзеге асыру болып табылады. Осыған байланысты, студенттердің әртүрлі қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, осы міндеттерді жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады, өйткені инклюзияның негізгі функциялары баланы әлеуметтік бейімдеу, түзету және оналту, сондай-ақ отбасын тарту болып табылады.

Төменде **ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕКЕМЕЛЕРІ** тарапынан білім беру жүйесінде қызмет көрсету нормалары мен рәсімдері айқындалған негізгі нормативтік құжаттарды педагогтердің назарына ұсынамыз

1. «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығы. Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 наурызда № 10589 тіркелді. (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.12.2019 № 671 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) [127].

Осы бұйрықта организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тіршілік-тынысының шектелуін бағалаулар негізінде куәландырылатын адамның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілік тәртібін айқындайды.

Медициналық-әлеуметтік сараптаманы (МӘС) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері жүргізеді. Ауру мен мүгедектіктің деңгейіне, құрылымына қарай МӘС бөлімдері жалпы бейіндегі, мамандандырылған бейіндегі (кәсіптік ауруы бар, туберкулезбен ауыратын, психикалық ауытқулары бар науқастар үшін) және педиатриялық бейіндегі МӘС бөлімдері болып бөлінеді.

Көрсетілген Қағидаларда ұғымдардың анықтамалары беріледі, олардың ішінде мыналар:

1) мүгедектігі бар адам – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

2) мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

3) мүгедектерді әлеуметтік қорғау – мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуы жөніндегі шаралар кешені;

4) мүгедектерді оңалту – организм функцияларының тұрақты бұзылып денсаулықтың бұзылуынан туындаған тіршілік-тынысының шектелуін жоюға немесе мүмкіндігінше толық өтеуге бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешені;

5) мүгедектік – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;

6) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға.

Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (ДКК) жолдамасы 1) организм функциялары тұрақты бұзылған кезде алғаш куәландыру; 2) қайтадан куәландыру (қайта куәландыру) негіз болып табылады.

МӘС бөлімінің немесе МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің сараптамалық қорытындысы организмнің негізгі функциялары бұзылуының

және тіршілік-тынысы шектелуінің жіктелуі (бұдан әрі – жіктеме), сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес он сегіз жасқа дейінгі балаларға мүгедектік мерзімдерін белгілеу үшін медициналық көрсетілімдердің негізінде организмнің жай-күйі мен тіршілік-тынысының шектелу дәрежесін кешенді бағалауға байланысты шығарылады.

Организм функцияларының бұзылуы мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесіне қарай мүгедек деп танылған адамға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік, жеті жасқа дейінгі адамға «мүгедектігі бар бала» санаты, ал жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі адамға бірінші, екінші, үшінші топтағы «мүгедектігі бар бала» санаты белгіленеді.

Мүгедектік мынадай мерзімдерге:

жеті жасқа дейінгі адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға және он алты жасқа толғанға дейін;

жеті жастан он сегіз жастағы адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 5 жылға немесе он сегіз жасқа толғанға дейін;

он сегіз жастан асқан адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленеді.

2. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 маусымда № 11507 болып тіркелді [128].

Осы Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидалары «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 1) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

3. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 маусымда № 11426 тіркелді [129].

Осы Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидалары «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну тәртібін айқындайды.

Осы құжатта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік бейімдеу шаралары – «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында айқындалған мүгедектерді әлеуметтік оңалту шараларын, өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетілетін өзге де мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын іс-шаралар кешені

2) әлеуметтік бейімсіздік – жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы;

3) әлеуметтік депривация – адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айырылу;

4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант– Халықты жұмыспен қамту орталығының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға және табысы аз адамға (отбасына) оның (олардың) кедейлік шегінде болуымен байланысты жағдайдан шығуына жәрдемдесуді жүзеге асыратын жұмыскері;

5) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы – әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі, ол халықтың жекелеген санаттарына «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың олардың құнын өтеуі шарттарымен тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектісін білдіреді.

4. «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 шілдеде № 13938 болып тіркелді [130].

Осы бұйрықта халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саласында бекітілген қағидалар арасында **«Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидалары» бар**, олар «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға, № 178 Қаулыға сәйкес жұмыспен қамтылғандардың жекелген санаттарына, қандастарға, сондай-ақ студенттерге, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу тәртібін айқындайды.

Құжатта келесі ұғымдардың анықтамалары берілген:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – адамның кәсіптік білімін, дағдыларын, қызығушылықтарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіп таңдауда, кәсіп түрін ауыстыруда және біліктілігін арттыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысқан іс-шаралар кешені;

2) кәсіптік ақпараттандыру – еңбек нарығының жай-күйі, Жалпыұлттық дерекқордың мәліметтері, бар мамандық бойынша жұмысқа орналасу, қатысушының кәсіптік біліктілігіне сәйкес қайта оқытудан, біліктілік арттырудан өту немесе кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу мүмкіндігі туралы ақпарат беру;

3) кәсіби консультация – жұмыс орнын және белгілі бір мамандық таңдауда қатысушының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, қабілетін, кәсіби қызығушылығын ескере отырып, оған көмек көрсету;

4) кәсіби іріктеу – қатысушының нақты кәсіпке, мамандыққа, жұмыс орнына кәсіби бейімділігінің дәрежесін айқындау;

5) кәсіптік бейімдеу – қатысушының өндіріске, еңбек жағдайларына және нақты мамандықтың ерекшеліктеріне бейімделу процесі.

Әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар және мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өңірлік кәсіпкерлер палатасын (ӨКП) және жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерін және (немесе) өзге ұйымдарды тарта отырып, халықты жұмыспен қамту орталықтары, оның ішінде мобильді жұмыспен қамту орталықтары, білім беру ұйымдары жүргізеді.

Осы Қағидалардың 1-параграфында студенттер, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары арасында әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу тәртібі айқындалған. Жұмыспен қамту орталықтарының білім беру органдарымен өзара іс-қимылы Қағидалардың келесі тармақтарында көрсетілген:

- Халықты жұмыспен қамту орталығы студенттерге, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына еңбек нарығының жай-күйі, білікті кадрларға экономиканың болжамды қажеттіліктері туралы консультациялар береді.

- Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу үшін студенттер, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары қатарынан контингентті айқындайды және халықты жұмыспен қамту орталығына ұсынады.

- Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу жоспарын құрады, оны халықты жұмыспен қамту орталығымен және өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келіседі;

2) жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын кәсіптермен таныстыру және әлеуметтік кәсіптік бағдарлау рәсімдерін жүргізу үшін жоғары және арнайы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын айқындайды;

3) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуге жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына алдын ала даярлық жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені дамыған

халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның қандай да бір кемсітусіз білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылған.

Мемлекетіміздің білім беруді дамыту саласындағы маңызды міндеті әрбір балаға сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ балалардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты қолдау болып табылады.

Ел мектептерінің білім беру үдерісінде қолжетімділік және инклюзивтілік қағидатын іске асыру үшін түйінді маңызы бар нормативтік құқықтық құжаттарға мектеп әкімшілігі мен педагогтерге көмек ретінде шолу жасауды ұсынамыз.

Бұдан әрі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысты **ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ** бекіткен нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі ұсынылады.

1. «Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 11 шілдедегі № 324 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 тамызда № 15514 болып тіркелді [131].

Осы Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-14) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

Құжатта келесі ұғымдардың анықтамалары келтірілген:

1) білім алмаушы – білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын (тұрақты немесе уақытша) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылданбаған жасы 6-дан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған бала

2) білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағы – жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымына бекітілген аумақ

3) жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдары және орта білім беру ұйымдары 0-ден 18 жасқа дейін бірыңғай мәлімет базасының мәліметі бойынша білім беру ұйымдарында балалардың қатысуын қадағалайды.

Есепке тұрғылықты орны (мекендеу) бойынша тіркеудің барына (жоғына) қарамастан Қазақстан Республикасының аумағына келген немесе тұратын (тұрақты немесе уақытша) жасы 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар есепке алуға жатады.

Балаларды есепке алу тоқсан сайын әр ағымдағы жылғы наурыз, маусым, қыркүйек және желтоқсан айларында білім саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесінен (ББАЖ) және мемлекеттік

органдардың ақпараттық жүйесінен (МО АЖ) деректерді шығару арқылы жүзеге асырылады.

Әр жаңа оқу жылында 20 қыркүйектен кешіктірмей балалардың есепке алуы аяқталады.

Орта білім беру ұйымдары:

- білім алушылардың сабаққа қатысуын күнделікті бақылауды іске асырады (мониторинг), мінез-құлқында, білім алуында, дамуында және әлеуметтік бейімделуінде проблемалары бар білім алушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізеді;

- өмірдің қиын жағдайына тап болған, сондай-ақ, оқытылмайтын, жалпы білім беретін ұйымдарда жүйелі түрде себепсіз сабаққа қатыспаушы балалар анықталған жағдайда оларды тәрбиелеу және білім саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың орта білім алуы бойынша шараларды қабылдайды;

- өз балаларының білім алуына кедергі жасаған және (немесе) өз балаларын тәрбиелеу мен оқыту бойынша тиісінше міндеттемелерді орындамаған отбасы анықталған жағдайда орта білім беру ұйымдары:

1) кәмелетке толмағандарды оқытуды ұйымдастыру үшін ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимыл жасау бойынша шұғыл шаралар қабылдайды;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ықпал ету шараларын қабылдау үшін ол туралы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға хабарлайды;

3) анықталған балалар және көрсетілген балалар үшін оқытуды ұйымдастыру бойынша қабылданған шаралар туралы жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдарына хабарлайды;

4) профилактикалық есепке алу үшін ішкі істер органдарын еркін нысанда ақпараттандырады.

2. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді [132].

«...9. Білім беру ұйымдарында ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту:

1) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (үш баладан артық емес);

2) және (немесе) арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы сыныптарда қарастырылған.

10. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы білім беретін ұйымнан арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

11. Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ұзақ уақыт білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе тиісті үлгілік оқу жоспарларына сәйкес стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды».

3. «Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10283 тіркелді [133].

Осы Стандарт тұрақты немесе уақытша тұруға арналған, мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанындағы білім беру ұйымдарында:

- 1) жетім-балаларға;
- 2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 3) девиантты мінез-құлықты балаларға;
- 4) арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларға;
- 5) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға;
- 6) өмір сүру және тәрбиелеу жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдыру мүмкін емес қылмыс жасады деп күдік келтірілген балаларға;
- 7) жасөспірімдер үйлері тәрбиеленушілердің арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну сапасына, шарттары мен көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілерге:

1) жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары (балалар үйі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған балалар үйі, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаты, ерекше білім беру қажеттіліктері бар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаты, отбасы үлгісіндегі балалар үйі, отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, пана үйі, жасөспірімдер үйі және басқалар);

2) арнайы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, оңалту орталығы, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, арнайы мектеп-интернаты);

3) арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары, сондай-ақ баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын өзге де ұйымдар.

Білім беру және құқықтарды қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің осы тізбесі толық болып табылмайды.

4. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10283 тіркелді [134].

Осы бұйрықта келесі мемлекеттік қызметтерді көрсету Ережелері бекітілді:

- 1) «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру»
- 2) «Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру»
- 3) «Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу»
- 4) «Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы төлеуді тағайындау»
- 5) «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау»
- 6) «Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау»
- 7) «Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау»
- 8) «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру»
- 9) «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну»
- 10) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»
- 11) «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»
- 12) «Он жасқа толған баланың пікірі ескеру туралы қорғаншылық немесе қамқоршылық органының шешімін беру».

5. «Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қыркүйекте № 21172 болып тіркелді [135].

Осы Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдері «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабына сәйкес әзірленді және террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

Білім беруді басқару органдарына қатысты бұйрықта «Жергілікті атқарушы органдар ПМПК қорытындысын алғаннан кейін 20 жұмыс күні ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы органмен келісім бойынша террористік әрекеттен зардап шеккен баланы әлеуметтік оңалтудың жеке

жоспарын әзірлейді». Жергілікті атқарушы органдар ПМПК қорытындысын алғаннан кейін 20 жұмыс күні ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы органмен келісім бойынша террористік әрекеттен зардап шеккен баланы әлеуметтік оңалтудың жеке жоспарын әзірлейді.

Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға білім беру қызметтерін білім беру ұйымдары көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- 1) әлеуметтік-педагогикалық консультация беру;
- 2) педагогикалық диагностика және баланың даму деңгейін тексеру;
- 3) баланы тәрбиелеу және білім беру процесін ұйымдастыру;
- 4) орта және келісім бойынша қосымша білім алу.

Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға психологиялық қызметтерді білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының психологтары (медициналық көмекке жүгінген кезде) көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- 1) психологиялық диагностика және тұлғаны тексеру;
- 2) Әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау);
- 3) баланы (балаларды) психологиялық қолдау;
- 4) психологиялық кеңес беру;
- 5) шұғыл психологиялық көмек;
- 6) өзара қолдау топтарында және қарым-қатынас клубтарында сабақтар өткізу.

6. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 мамырда № 20695 болып тіркелді [136].

«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы қағидасы» «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қосымша білім беру ұйымдарына және жалпы орта білім беру ұйымдарына құжат қабылдаудың тәртібін анықтайды.

«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, жалпы орта білім беру ұйымдары көрсетеді.

7. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді [137].

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-

бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады және тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды.

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің өкілеттігіне ұйымдастыру және қаржы мәселелері ғана емес, сонымен қатар:

- білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдау;

- білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелесу.

8. «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 18 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6573 болып енгізілді [138].

Ережесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы», «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы», «Босқындар туралы», «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу тәртібін реттейді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында уақытша тұратын тұлғалардың (босқындар, пана іздеген адамдар, консулдық лауазымды тұлғалар, дипломатиялық мекемелердің қызметкерлері, Қазақстан Республикасында көші-қон заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін еңбек мигранттары) балалары мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу үшін білім беру ұйымдарына қабылданады және Қазақстан азаматтарымен бірдей құқықтарға ие.

Білім беру ұйымдарының басшылары шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың балаларын олардың шет елде алған білім деңгейіне, білімі туралы құжаттарына сәйкес тиісті сыныптарға қабылдайды.

Білім туралы құжаттары жоқ болған жағдайда қалалық (аудандық) білім бөлімі комиссия құрып, үміткердің білім деңгейін анықтайды. Білім алушылардың қатарына тіркеу комиссиясының шешімі негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында уақытша тұратын шетелдіктер оқу мерзіміне байланысты білімі туралы тиісті құжаттарын алады (негізгі орта білім туралы куәлік, орта білім туралы аттестат, білім алу деңгейін толық аяқтай алмаған жағдайда - оқу үлгерімі туралы табель немесе білім беру ұйымының мөрімен расталған пәндер бойынша бағалар жазылған сынып журналынан анықтама-үзінді).

9. Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10280 тіркелді [139].

Осы қағидалар жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін белгілейді.

Осы Қағидаларда мынадай анықтаулар пайдаланылады:

1) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айырылған бала (балалар);

2) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

10. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26618 болып тіркелді [114].

Осы қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 11-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және ерекше білім беру қажеттіліктерді бағалаудың тәртібін анықтайды.

Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар

2) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

4) мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

11. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді [54].

Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау

2) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

Білім беру мәселелерімен қатар мемлекеттің өзекті міндеті барлық балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады; бұл бүкіл қоғамның: мемлекеттік органдардың, педагогикалық және ата-аналар қоғамының, үкіметтік емес ұйымдардың ерекше назарын аударуға тиіс мәселе. Балалардың қауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз етпей, олардың өмірі мен білім алуы үшін қолайлы жағдай жасау туралы айту мүмкін емес.

Төменде **ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ** бекіткен балалардың құқықтарына қатысты нормативтік құқықтық құжаттарға шолу ұсынылады.

1. «Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 516 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 қыркүйекте № 9753 тіркелді [140].

Осы Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидалары

(Қағида) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде (ҚАЖ мекемелері) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Мектепке қабылдау бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімі жоқ сотталғандар арасынан жүзеге асырылады және білімі туралы құжаттардың негізінде техникалық және кәсіптік білім алуы үшін ұйымдастырылады. Білімі туралы құжаттары болмаған жағдайда мектеп директоры сотталған оқыған білім беру ұйымы қарамағына жататын облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім беру басқармаларына сұрау салу жолдайды.

2. «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 қаңтарда № 12953 болып тіркелді [141].

Осы қағидалары:

1) ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының (бұдан әрі - КТІ УПИ) қызметін ұйымдастыру тәртібін;

2) білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында құқық бұзушылықтар профилактикасын ұйымдастыруды;

3) аумақтық ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) бөлінісін кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөліністерінің жұмысын ұйымдастыруды;

4) кәмелетке толмағандармен жұмысты ұйымдастыруды;

5) КТІ УПИ-дің ПО қызметтерімен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды.

КТІ УПИ және білім беру ұйымдарына бекітілген КТІ УПИ аумақтық ПО-ның кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі өкілдері болып табылады, олар өз құзыреті шегінде міндеттерді орындайды.

Білім беру ұйымдарының оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру жөніндегі 3-тарауда мынадай тәртіп көрсетілген:

1) Білім беру ұйымына бекітілген КТІ УПИ-дің білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы жұмысы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарымен өзара іс-қимыл жасасуда және білім беру ұйымының басшысы және қалалық, аудандық орган бастығының орынбасары (не ЖПҚ бастығы) бекіткен әр оқу тоқсанына құрылған бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес құрылады.

Бірлескен жұмыс жоспарында білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу, құқықтық сауаттылықтарын арттыру, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру, рейдтік іс-шаралар, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасына бағытталған, оның ішінде каникул кезеңінде өзге де іс-шаралар өткізу қамтылады.

1) Әр оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың жай-күйі, сондай-ақ білім беру ұйымында білім алушылар арасындағы профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша білім беру ұйымының басшылығы үшін ұсыныстары бар білім беру ұйымында құқық бұзушылықтар профилактикасына бағытталған нақты іс-шаралар туралы анықтама еркін түрде жазылады.

2) Оқу жылы аяқталғаннан кейін ЖПҚ мен білім беру ұйымы басшылығының қатысуымен, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін шақыра отырып, білім беру ұйымына бекітілген КТІ УПИ мен білім беру ұйымының бірлескен жұмысының нәтижелері қаралады.

3) Білім алушылар тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде білім беру ұйымының Профилактика жөніндегі кеңесінің отырысын өткізуге дереу бастамашылық етеді. Отырыстың нәтижелері бойынша заңнамада көзделген ден қоюдың тиісті шаралары әзірленеді.

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚТАР:

1. «Мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында мамандандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде үздіксіз білім беру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-296/2020 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 533 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21864 болып тіркелді [142].

Осы бұйрықта «Медициналық ұйымдарда емдеу курсынан өтіп жатқан мүмкіндігі шектеулі балалар үшін оқу сабақтары «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығымен бекітілген психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындыларына сәйкес ұйымдастырылады» деген қағида бекітілген».

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогтар, педагог-психолог көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында мамандандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде үздіксіз білім беруді ұйымдастыру тәртібін сипаттау кезінде Қағидаларда мынадай талаптар белгіленген:

1) Медициналық ұйымдарда балаларды оқыту кезінде оқу процесін ұйымдастыру мен оқу-тәрбие жұмысына басшылықты білім беру ұйымдары директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары жүзеге асырады.

2) Сабақтар емдеуші дәрігердің қорытындысына сәйкес осы медициналық ұйымда 15 күннен астам уақыт емделуден немесе оңалтудан өтуі тиіс 1-11 (12) сыныптардың білім алушылармен өткізіледі.

3) Оқушыларды тиісті сыныпқа оқуға қабылдау олар тұрақты оқитын мектептен алынған анықтама негізінде жүзеге асырылады.

4) Оқу сабақтары білім алушының медициналық ұйымға түскен сәтінен басталады және оның денсаулық жағдайына байланысты жалғасады.

5) Күнделікті оқу сабақтарының кестесі балалардың денсаулық жағдайына байланысты жеке тәсілді ескере отырып жасалады және стационарлық науқастың медициналық картасына тиісті жазба енгізе отырып, медициналық ұйымның бөлімше меңгерушісі емдеуші дәрігермен бірлесіп айқындайды.

6) Оқу сабақтарының ұзақтығы 40 минут болып белгіленеді. Оқу сабақтарының қысқа мерзімді жоспарларын жасау кезінде педагог балалар ауруларының ауырлық дәрежесін ескереді және сараланған тапсырмаларды көздейді. Оқу сабақтарының ұзақтығы емдеуші дәрігердің нұсқауы бойынша қысқартылуы мүмкін.

7) Сабақтар білім алушылармен топтық немесе жеке оқыту нысанында өткізіледі. Топтық сабақтар бір сыныптың 3-тен 15-ке дейінгі оқушылары болған кезде ұйымдастырылады. Сыныптардың жинақталуы бір сыныпта 3 және одан да көп баланың санынан басталады. Бір сыныпта білім алушылардың саны 3-тен аз болса, сыныптар біріктірілуі мүмкін: бірінші сынып бітіруші сыныптардың білім алушыларын бірлесіп оқытуға берілмейді.

8) Педагог балалардың денсаулық жағдайы туралы деректерді ескере отырып және медициналық ұйымның емдеуші дәрігерінің келісімі бойынша кесте бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Бір білім алушыға күнделікті оқу жүктемесі сыныпқа байланысты 3-4, 6 оқу сағатынан аспайды және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5- бабының 6) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгілік оқу жоспарлары негізінде айқындалады (бұдан әрі - Үлгілік оқу жоспарлары).

9) Жұмыс оқу жоспарларында бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларының ең жоғары оқу жүктемесі көлемінің 80%-ын сақтау, сондай-ақ медициналық ұйымның ерекшелігін ескере отырып, сағаттарды 20%-ға дейін қайта бөлу көзделеді.

10) Медициналық ұйымдарда емделіп жатқан білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру үшін жұмыс Үлгілік оқу жоспарларының негізінде жасалады.

11) Туберкулезге қарсы диспансерлер мектептерінде білім алушылар оқу жылының басынан бастап және диспансерге түсуіне қарай қабылданады. Сынып пен топтың толымдылығы 12 білім алушыдан аспайды (арнайы сыныптар үшін толымдылығы бойынша).

12) Медициналық ұйымның психологиялық-неврологиялық білім алушыларды оқыту психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы негізінде ұсынылған оқыту бағдармалары бойынша жүзеге асырылады.

13) Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы және аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) негізінде жүргізіледі.

14) Білім алушылармен оқу сабақтарын есепке алу үшін "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5- бабының 23-4) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен педагогтар жүргізуге міндетті құжаттар тізбесіне сәйкес нысан мен талаптар бойынша сынып журналы жүргізіледі.

15) Медициналық ұйымдарда білім алушы контингенттер олар тұрақты білім алатын мектептердің ұлттық білім беру дерекқорында есепке алынады.

2. «Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда № 10013 тіркелді.

Осы бұйрықта Қазақстан Республикасының «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына сәйкес әзірленген және адамдарды әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудан зардап шегушілерге жатқызудың негіздерін айқындайды.

Құжатта келесі ұғымдардың анықтамалары берілген:

1) зардап шегуші – оған қатысты әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың нысанына қарамастан, ол жасалған жеке адам;

2) әлеуметтік бейімсіздік – жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы;

3) әлеуметтік депривация - адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айырылу.

**9-кесте. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселелері бойынша
ҚР министрліктері бекіткен нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі**

Министрліктер		БҒМ	ДСМ	ЕХӘҚМ	ІІМ	МСМ	ЦДИАӨМ
Мәселелер							
	Заңдар						
		Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345					
		Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056					
		Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343					
		Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000114					
		Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000114					
		Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591					
		Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228					
		Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы					

		Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169					
	ҚР ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000142					
1	Скрининг		«Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 Бұйрығы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1000006490				
2	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12					

		қаңтардағы № 4 бұйрығы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618					
3	Психологиялық-педагогикалық қолдау	«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513					
4	ДКК қорытындысы	«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»	«Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы»	«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»			

		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027505	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығы URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010589			
5	ПМПК қорытындысы	«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017657					
6	Медициналық ұйымдарда оқыту	«Мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында мамандандырылған медициналық					

		көмек, медициналық оңалту, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде үздіксіз білім беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-296/2020 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 533 бірлескен бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021864					
7	Репродуктивті және психикалық денсаулық		«Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау				

			министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-285/2020 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021846				
8	Мүгедектік			«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010589			
9	Үйде оқыту	«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік	«Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы				

		қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017657	ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027505				
10	Балаларды есепке алу	Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 11 шілдедегі № 324 бұйрығы.					

		URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015514 Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010280					
11	Әлеуметтік дезадаптация және әлеуметтік депривация	«Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26					

		қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0010013					
12	Арнайы әлеуметтік қызметтер	«Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010283					
13	Отбасы және балалар саласындағы мемлекеттік қызметтер	«Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы»	«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму				

		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020478	министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011507			
14	Террористік әрекеттен әлеуметтік оңалту	Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 382 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021172				
15	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек			«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек		

				тағайындау және төлеу және кепілдедік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011426			
16	Сотталған балаларға білім беру				«Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру		

					қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 516 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V14C0009753		
17	Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға білім беру	«Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 468 Бұйрығы.					

		URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1000006573					
18	Қамқоршылық кеңес	«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584					
19	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу				Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларыны		

					ң қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/ kaz/docs/V1500012 953		
--	--	--	--	--	--	--	--

Жоғарыда келтірілген заңнамалық және заңға тәуелді актілерге жасалған шолуды талдау балалардың сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы, оның ішінде қажетті мемлекеттік қолдауды және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы жағдайлар жасауды қамтитын нормативтік құқықтық құжаттарды одан әрі жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, нұсқаулықта мемлекеттік органдарға нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты ведомствоаралық өзара іс-қимылды жүйелеу бойынша ұсынымдар берілген.

Жергілікті атқарушы органдарға, білім басқармаларына (бөлімдеріне), білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне ұсынымдар

Төменде жергілікті атқарушы органдарға, білім басқармаларына (бөлімдеріне), еліміздің білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне мемлекеттік органдармен, сондай-ақ балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы басқа да құзыретті органдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша ұсынымдар ұсынылады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды жүйелі ұйымдастырудың мысалы ретінде 2014 жылы Ақмола облысының білім басқармасы жанынан инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі қолданыстағы үйлестіру кеңесін құрудың мысалын келтіреміз.


Үйлестіру кеңесінің жұмыс регламенті, сондай-ақ Көкшетау қаласындағы № 19 жалпы орта білім беретін мектеп базасындағы ресурстық орталықтың ережесі мен Даму бағдарламасы осы құрылымдарға Облыстың білім беру кеңістігінде қажетті институционалдылық берілді. Атауынан көрініп тұрғандай, Үйлестіру кеңесі облыстың білім беру басқармасы жанындағы алқалы-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі міндеті инклюзивті білім беруді енгізуге тартылған немесе мүдделі барлық құрылымдардың күш-жігерін біріктіру, білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары, білім беру ұйымдары үшін инклюзивті білім берудің жағдайын жақсарту және дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып айқындалған. Кеңес құрамы мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарына, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналарға мәселелер мен ұсыныстарды айту және талқылау мүмкіндігін беру қағидатында қалыптастырылды.

Ақмола облысының білім басқармасы мен инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі мектепке дейінгіден бастап техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйесіне дейінгі барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында инклюзивті практиканы енгізу және дамыту бойынша ауқымды жоспарлы жұмыс жүргізуде. Үйлестіру кеңесі жұмысының негізіне инклюзивті білім беруді енгізу бойынша түрлі құрылымдардың өзара іс-қимылының өңірлік моделі кірді.

Қызметті жүйелі ұйымдастырудың арқасында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау процесіне тартылған облыстың барлық құрылымдарының іс-қимылын реттеу мен үйлестіруде нәтижелерге қол жеткізілді, көптеген жобалар іске асырылды, облыс педагогтары инклюзивті білім беру проблемалары

бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге үнемі қатысады, сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге өз ұсыныстарын енгізеді.

Жоғарыда көрсетілген өзара іс-қимыл моделі Қазақстан Республикасында ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдау бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды жолға қоюда мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың кең ауқымы үшін пайдалы болады (13-суретті қараңыз).



13-сурет. Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің сыртқы байланыстар схемасы

Қазіргі уақытта білім алушылардың тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және өмір сүру жағдайларына қарамастан сапалы білім алу үшін тең жағдай жасау білім беру жүйесін дамытудың перспективалы бағыты болып табылады. Мұндай жағдайларды жасауда қашықтықтан оқытуды көздейтін және көп жоспарлы білім беру міндеттерін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін

қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген қашықтықтан білім беруді дамыту шешуші рөл атқарады [28] (2020-7).


Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты пандемия кезеңінде білім беру жүйесіндегі проблемалардың бірі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білім беру қызметтерін ұсыну болды. Мектептің мемлекеттік органдармен, арнайы ұйымдардың өкілдерімен және ата-аналармен жұмысы өте маңызды. Бұл жұмыс қашықтықтан оқыту жағдайында ерекше маңызға ие болады. Мысалы, күндізгі формадан айырмашылығы, қашықтықтан форматта педагог баланы тікелей ынталандыра алмайды, оны сабақ аясында толыққанды бақылай алмайды, баланың сабаққа қатысуын және педагогтің тапсырмаларын орындауын қамтамасыз ете алмайды.

Жоғарыда аталған үйлестіру кеңесінің жүйелі жұмысының арқасында өңірде барлық балаларға сапалы білім беру қызметтерін ұсыну мақсатында білім беру процесіне қатысушылардың бірлескен іс-қимыл алгоритмдері әзірленді.

Педагогтердің назарына үйлестіру кеңесінің қызметі шеңберінде әзірленген мектептің, ата-аналардың және арнайы білім беру ұйымдарының бірлескен іс-қимыл алгоритмдерінің кейбір мысалдарын ұсынамыз [144].

Қашықтықтан оқыту түрінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектепке жіберу және қабылдау бойынша ата-аналардың ПМПК мен мектептің бірлескен іс-әрекеттер алгоритмі

(Әзірлеушілер: Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы, с.ғ.к. Ибраев М.У., білім магистрі, жоғары санатты арнайы педагог Бурдинская О.В.)



1. Балаға тексеру жүргізілгеннен кейін тиісті үлгідегі қорытындыны рәсімдейді.

2. Қорытындыда көрсетілген оқу бағдарламасына сәйкес жолдаманы рәсімдейді.

3. Ата-аналармен (занды өкілдермен) бірге баланың одан әрі оқу орнын анықтайды.

4. Мектепке оқуға жіберілетін баланы қабылдау үшін бос орындардың болуын анықтайды.

5. Баланың ата-аналарына (занды өкілдеріне) қорытындыны және жолдаманы (қажет болған жағдайда) электрондық түрде береді.

6. Баланың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) электрондық түрде мектептің байланыс мәліметтері туралы деректерін (басшының Т. А. Ә., телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, сайт атауы) ұсынады.

Ата-аналар (заңды өкілдері)

1. Қорытынды мен жолдаманы (қажет болған жағдайда) ПМПК-дан электрондық түрде алады.

2. ПМПК мамандарынан мектептің байланыс мәліметтері туралы мәлімет алады (басшының аты-жөні, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, сайт атауы).

3. Мектеп әкімшілігімен қашықтықтан байланыс жасайды.

4. Мектепке өзінің байланыс мәліметтерін (аты-жөні, мекен-жайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы) көрсете отырып ақпарат береді.

5. Мектеп әкімшілігінен баланы мектепке қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпаратты электрондық түрде алады.

6. Көрсетілген тізбеге сәйкес мектепке жіберу үшін құжаттарды электрондық түрде дайындайды: қорытынды, жолдама (қажет болған жағдайда), баланы мектепке қабылдау туралы өтініш (қол қойылған және сканерленген, үлгі бойынша толтырылған).

7. Тізбеге сәйкес құжаттарды мектептің электрондық поштасына жібереді.

8. Бұрын қандай да бір мектепте оқыған білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

8.1 Мектептен электрондық түрде «келу талонын» алады;

8.2 Бала бұрын оқыған мектепке «қабылдау талонын» электрондық түрде жібереді;

8.3 Бала бұрын оқыған мектеп әкімшілігіне «шығару талонын» және білім алушының жеке ісіндегі құжаттардың көшірмелерін электронды түрде беру туралы өтініш береді;

8.4 Бала бұрын оқыған мектептен «шығару талонын» және білім алушының жеке ісін электронды түрде алады;

8.5 «Шығару талонын» және одан әрі оқу үшін белгіленген мектепке электронды түрде білім алушының жеке ісін жібереді.

9. Бұрын оқымаған баланың ата-анасы (заңды өкілдері):

9.1 Мектептен құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау туралы мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес құжаттар тізімін алады (мектеп түріне сәйкес).

9.2 Көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын электрондық түрде қалыптастырады.

9.3 Тізбеге сәйкес бұрын мектепте оқымаған баланың құжаттарын мектептің электрондық поштасына жібереді

10. Мектеп әкімшілігінен құжаттардың толықтығы мен сәйкестігі туралы ақпаратты электрондық түрде (алғаны туралы қолхат) алады.

11. Мектеп әкімшілігінен баланы мектепке қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін электронды түрде алады.

12. Мектепке электронды түрде, өзіне ыңғайлы форматта бұйрықпен танысқаны туралы растаманы (танысқаны туралы жеке қолымен куәландырылған сканерленген түрдегі бұйрықтың көшірмесін; бұйрықпен танысқаны туралы хат түрінде мектептің электрондық поштасына және т.б.) жібереді.

Мектеп

1. ПМПК маманы өтініш білдірген кезде мектепте бос орын бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлайды.

2. Бос орын болған жағдайда ПМПК-ға мектептің байланыс мәліметтері туралы мәлімет жібереді (басшының аты-жөні, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, сайт атауы).

3. Баланың ата-анасы (заңды өкілі) жүгінген кезде мектеп оның байланыс деректерін (ТАӘ, үйінің мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) электрондық түрде сұратады және баланы мектепке қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы (ПМПК жолдамасы, ПМПК қорытындысы және белгіленген үлгідегі өтініш) хабардар етеді.

4. Мектеп көрсетілген құжаттар тізбесін, оның ішінде өтініш үлгісін ата-ана (заңды өкіл) көрсеткен электрондық мекенжайға жібереді.

5. Мектеп ата-аналардан (заңды өкілдерден) тізбеге сәйкес құжаттарды электрондық түрде алады (3-тармақ).

6. Мектеп ата-анасынан (заңды өкілінен) бала бұрын басқа мектепте оқығанын анықтайды.

7. Басқа мектепте оқу фактісі расталған жағдайда мектеп «қабылдау талонын» ресімдейді.

8. Мектеп ата-аналарға (заңды өкілдеріне) «қабылдау талонын» электрондық түрде жібереді.

9. «Шығару талонын» жөнелтумен бір мезгілде мектеп ата-анасын (заңды өкілін) мектептен «шығару талонын» (бұрын басқа мектепте оқыған бала үшін) және білім алушының жеке іс қағазындағы құжаттардың көшірмелерін электронды түрде ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

10. Егер бала бұрын оқымаған жағдайда, мектеп білім алушының жеке ісін қалыптастыру үшін құжаттарды (тізбеге сәйкес, құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау туралы мемлекеттік қызметке сәйкес (мектеп түріне сәйкес).электрондық түрде жинау және ұсыну қажеттілігі туралы ата-ананы (заңды өкілін) хабардар етеді.

11. Мектеп ата-аналардан (заңды өкілдерден) тізбеге сәйкес құжаттар пакетін алады.

12. Мектеп құжаттар топтамасын толық және талаптарға сәйкестігін тексереді.

13. Құжаттардың толық болмауы немесе талаптарға сәйкес келмеуі фактісі анықталған жағдайда мектеп ата-аналарды (заңды өкілдерді) осы факт туралы хабардар етеді, сәйкессіздікті жоюды және құжаттар пакетін қайта жіберуді сұрайды.

14. Тексеру қорытындысы бойынша құжаттардың толықтығы және талаптарға сәйкестігі расталған жағдайда мектеп баланы қабылдау туралы бұйрықты ресімдейді.

15. Мектеп электрондық түрде ата-аналарға (заңды өкілдеріне) баланы мектепке қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

16. Мектеп ата-анасынан (заңды өкілінен) баланы мектепке қабылдау туралы бұйрықпен танысқаны туралы растауды электрондық түрде алады.

Ескертпе: мектеп білім алушыларының жеке мәліметтерінің құпиялылығын және сақталуын арттыру үшін мектеп басшысының бұйрығымен анықталған жауапты қызметкерлердің шектеулі шеңберіне қол жеткізе отырып, жеке электрондық пошта адресін құру ұсынылады.

Осылайша, білім беру ұйымдарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселелерінде барлық стейкхолдерлермен өзара іс-қимылын және ынтымақтастығын құруда жүйелі тәсіл қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Ақмола облысының жоғарыда көрсетілген тәжірибесі білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оларға жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруда басқа өңірлер үшін үлгі болуға тиіс.

Мектептің өзара әрекеттесу алгоритмдерін әзірлеудің тағы бір мысалы қосымшада ұсынылған.

Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, білім беру ұйымдарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылын жүйелеу бойынша мемлекеттік органдарға ұсынымдар.

Мемлекет басшысы 2022 жылды балалар жылы деп жариялай отырып, жалпыұлттық міндет ретінде белгілеген балалардың әл - ауқатын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым міндеті болып табылады. Балалар жылын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес жеті бағыт бойынша жұмыс жоспарланған: «Білімді бала», «Отбасы – қауіпсіз мекен», «Дені сау бала», «Баласын жетімсіретпеген ел», «Жайлы мекен», «Бала қорғау», «BALA_TIME.KZ». Осы іс-шараларды іске асыру орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдардың үйлестірілген іс-қимылын талап етеді.

Жоғарыда аталған іс-шаралар жоспары мен ұлттық жобаны іске асыру үшін балалардың әл-ауқатын және әртүрлі салаларда балаларға жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалауды жүргізу мақсатында ағымдағы жылы балалардың әл-ауқатының индексі бекітілді.

Индекстің қорытынды мәніне табысты қол жеткізу орталық мемлекеттік органдардың (Білім және ғылым, денсаулық сақтау, ішкі істер, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, ҚР Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросының) және жергілікті атқарушы органдардың бірлескен үйлестірілген іс-қимылын талап етеді.

Осыған байланысты жоғарыда аталған барлық құрылымдар арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту ерекше маңызға ие болып отыр. Баланың сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша елдегі қолданыстағы нормативтік құжаттардың мазмұнын, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес сектордан мемлекет саясатын іске асыру кезінде келіспеушілік фактілері туралы жиналған мәліметтерді талдау негізінде белгілі бір мемлекеттік құрылымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын жүйелеу бойынша ұсынымдар ұсынылады.

1) 2021 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оның негізінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізіліп, білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің жұмысы реттеледі.

Бекітілген тәртіпке сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының барлық балалардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, сапалы білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапкершілігі белгіленген.

Еліміздің педагогтерінің мемлекеттік инклюзивті саясатты іске асыру мәселелеріндегі құзыреттерін жетілдіру мақсатында ұлттық біліктілік тестілеуінің мазмұнына білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерін инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды білу мәселелеріне енгізу ұсынылады.

2) Педагогтерді ұлттық біліктілік тестілеуге нормативтік құқықтық құжаттарды білуге арналған мәселелерді енгізумен қатар, барлық білім алушылар үшін инклюзивті білім беру ортасын құру саласындағы барлық мәселелердің контентін жаңарту қажет, мысалы: жеке және сараланған тәсілдерді қолдану, оқытудың әмбебап дизайнының қағидаттары, мектеп қоғамдастығында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және басқалар.

3) Қазақстанның заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құжаттарында пайдаланылатын инклюзивті білім беру саласындағы терминологиялық аппаратты елдің барлық балаларының сапалы білім алуға тең құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық стандарттар мен мемлекеттік саясатқа сәйкестігіне қайта қарау және келісу қажет.

4) Әртүрлі мемлекеттік органдардан шығатын баланың білім алу құқығын қамтамасыз етуге қатысты нормативтік құқықтық құжаттарда барлық мәселелерді олардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық балалардың құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беру тұрғысынан қарау қажет.

5) өз қызметі процесінде Мемлекеттік инклюзивті саясатты іске асыру кезінде барлық білім беру ұйымдары, жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар жинақталған отандық тәжірибені де, жүйелі жоспарлы негізде барлық құрылымдардың өзара іс-қимылын құрудың халықаралық озық тәжірибесін де зерделеуі, жинақтауы және практикада пайдалануы қажет.

Осы ұсынымдарды әзірлеу барысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (адамдарға) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді іске асыру кезінде орталық мемлекеттік органдар анықтаған ведомствоаралық өзара іс-қимыл проблемаларын анықтау бойынша жұмыс жүргізілді. Осыған байланысты ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту және жетілдіру жөнінде ұсынымдар алу мақсатында орталық мемлекеттік органдарға ресми хаттар жіберілді.

Алынған ұсыныстар мен ұсынымдарды талдау негізінде балалардың сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру кезіндегі проблемалар тізбесі және оларды шешу жолдары жүйеленді, осы жұмыстың нәтижелері кестеде келтірілген (10-кестені қараңыз).

10-кесте. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді іске асыру кезінде, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (адамдарға) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл проблемаларын шешу жөніндегі ұсынымдар

№	Балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге кедергі келтіретін проблеманың атауы	Балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін нормативтік актінің атауы	Балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын шешімдер	Жауапты мемлекеттік орган
1	Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың жалпы проблемаларының тереңдігін, өзектілігін және ауқымын әлеуметтік және өндірістік салалардағы көптеген мемлекеттік органдардың басшылығы мен персоналын түсінудің жеткіліксіз деңгейі ҚР балалардың әл-ауқатын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерінде «ерекше білім беруді қажет ететін балалар (адамдар)» бірыңғай	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым	«Ерекше білім беруді қажет ететін балалар (адамдар)» бірыңғай терминологиясын пайдалануды ескере отырып, ҚР нормативтік құқықтық актілерін сәйкестікке келтіру	ҚР ағарту министрлігі ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Нормативтік құқықтық актілерді іске асыру балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әл-ауқатына әсер ететін орталық мемлекеттік органдар

	терминологиясының, сондай-ақ НҚА әзірлеу кезінде жеке мүмкіндіктер мен ерекше қажеттіліктерді есепке алудың болмауы	министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және басқа да салаларда арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары		
2	Ерекше білім беру қажет ететін балаларды есепке алу бойынша бірыңғай ақпараттық базаның болмауы Жазатайым оқиғалар және балалардың қаза болуы бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқордың болмауы Білім алушы отбасының цифрлық картасының болмауы	Балаларды есепке алуды реттейтін бейіндік орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері	1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар бойынша бірыңғай ақпараттық базаны қалыптастыру мақсатында ҚР Ағарту, Жоғары білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау министрліктерінің деректер базасын кіріктіру («Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР Заңына сәйкес «Қызмет бабында пайдалану үшін» грифімен) 2. ҚР Ағарту Жоғары білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Төтенше жағдайлар, Ішкі істер министрліктерінің, ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің жазатайым оқиғалар және балалардың қаза болуы бойынша деректер базасын ықпалдастыру («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР Заңына	ҚР ағарту министрлігі ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Қазақстан республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі ҚР Ішкі істер министрлігі ҚР Бас прокуратурасы ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

			сәйкес) «Қызмет бабында пайдалану үшін» грифімен)	
			3. Білім алушы отбасының цифрлық картасын әзірлеу (ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес «Қызмет бабында» пайдалану үшін» грифімен)	
3	Арнайы білім беру, медициналық, әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың барлық топтарын есепке алудың болмауы	«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 қазандағы № 501, ҚР ДСМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 725, ЕХӘҚМ 2021 жылғы 6 қазандағы № 369 бірлескен бұйрығы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 «Скринингті	«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 қазандағы № 501, ҚР ДСМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 725, ЕХӘҚМ 2021 жылғы 6 қазандағы № 369 бірлескен бұйрығына (бұдан әрі – бірлескен бұйрық) өзгерістер мен толықтырулар енгізу: 1. Арнайы білім беру, медициналық, әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық топтарын есепке алуды көздеу 2. Балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, балаларға мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдарының және	ҚР Ағарту министрлігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Бұйрықты іске асыруға жауаптылар тізіміне енгізілгеннен кейін басқа орталық мемлекеттік органдар

		ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығы «Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 30 қазандағы N 630 Бұйрығы	басқа да мемлекеттік органдардың іс-қимыл тетігін әзірлеу 3. Бірлескен бұйрықты іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік органдардың тізіміне мынадай орталық мемлекеттік органдар енгізілсін: ҚР Төтенше жағдайлар, Ішкі істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және қоғамдық даму, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері, ҚР Бас прокуратурасы	
4	Колледждер мен жоғары оқу орындарының ерекше білім беруді қажет ететін түлектерін жұмысқа орналастыруға көмек көрсету тетіктерінің болмауы.	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды жұмысқа орналастыруды регламенттейтін бейіндік орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері	Колледждер мен жоғары оқу орындарының ерекше білім беруді қажет ететін түлектерін жұмысқа орналастыруға көмек көрсету жөніндегі ведомствоаралық жоспар әзірлеу, оған жұмыс беруші ұйымдармен, кадр	ҚР Ағарту министрлігі ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі «Талап» КЕАҚ

			агенттіктерімен және жұмыспен қамту қызметтерімен ынтымақтастық туралы шарттық қатынастар орнату жөніндегі іс-шаралар кіреді; жұмыс берушілермен мамандарды мақсатты даярлауға, психолог-мамандарды тарта отырып, өзін-өзі таныстыру әдістеріне, жұмыспен қамту кезінде тиімді мінез-құлыққа үйрету курстарын өткізуге шарттар жасасу жұмыс берушілермен қарым-қатынас жасау; бос орындар жәрмеңкелерін, мансап күндерін, кәсіптер презентацияларын ұйымдастыру; ерекше білім беруді қажет ететін түлектерінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын бос жұмыс орындарын іздеу және таңдау	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Жергілікті атқарушы органдар
5	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды қолдау мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдар арасында ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерінің болмауы	«Білімді ұлт «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы. «Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысы.	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудың ведомствоаралық жоспарын әзірлеу (ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, ҚР ЕХӘҚМ, ҚР МСМ және т. б.)	ҚР Ағарту министрлігі ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

		«Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө Өкімі. «Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы. «Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 2020 өкімі. «2020 – 2023 жылдарға арналған Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мәселелерін шешу жөніндегі Жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 Қаулысы.		«Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі ҚР Ішкі істер министрлігі ҚР Бас прокуратурасы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
--	--	---	--	---

		«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 қазандағы № 501, ҚР ДСМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 725, ҚР ЕХӘҚМ 2021 жылғы 6 қазандағы № 369 бірлескен бұйрығы. ҚР АҚДМ-нің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 37, ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 118, ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 10 ақпандағы № 44, ҚР ЕХӘҚМ-нің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 70, ҚР ІІМ-нің 2022 жылғы 15 ақпандағы № 74 «Өмірде қиын жағдайдың туындау қатері бар отбасыларға және адамдарға көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу туралы» бірлескен бұйрығы		Қоғамдық ұйымдар Жергілікті атқарушы органдар
6	Санаториялық-курорттық емделу кезеңінде әртүрлі созылмалы аурулары бар мүгедек балалардың ата-аналарына баласының жанында болғаны үшін қосымша ақы төлеу қажеттілігі	«Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығы	«Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығына баланың ата-анасының біреуінің қосымша төлемсіз болу не соманың 50% мөлшерінде жеңілдікпен төлем жүргізу мүмкіндігі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

7	Ерте жастағы балалардың психофизикалық даму скринингі кезінде денсаулық проблемалары бар балаларды анықтаудың жеткіліксіз деңгейі	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы. «Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 Бұйрығы	1. «Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығына (25.08.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (26.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) ерте жастағы балалардың психофизикалық даму скринингі кезінде денсаулығында проблемалары бар балаларды анықтаудың бірыңғай тетігін (қағидаларын) әзірлеу бөлігінде 2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ кодексіне ерте жастағы балалардың психофизикалық дамуына уақытылы скрининг жүргізу және психологиялық-медициналық-педагогикалық	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Ағарту министрлігі Жергілікті атқарушы органдар (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, Денсаулық сақтау ұйымдары)
---	---	---	---	---

			консультациялармен мәліметтер алмасу үшін денсаулық сақтау ұйымдарының жауапкершілігін күшейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	
8	Күндізгі болу орталықтарының әдістемелік қызметін ұйымдастыру мәселесі	«Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығы	«Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығымен бекітілген жартылай стационар жағдайында халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (14.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) мамандардың әдістемелік жұмысын нақтылау, әдіскер мәртебесін айқындау, күндізгі болу орталықтары мамандарының санаттарын арттыру мүмкіндігі бөлігінде (бұдан әрі – дефектолог, логопед, еңбек мұғалімі), орталыққа келетін балалармен жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарымен	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Білім және ғылым министрлігі Жергілікті атқарушы органдар

			ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін айқындау	
9	Балаларда, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларда қалыптасудың жеткіліксіз деңгейі, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне саналы және жауапкершілікпен қарау, тұрақты практикалық дағдылар мен төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстай білу	«Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысы «Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 187-ө өкімі «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	1. Өңірлік ТЖД қызметкерлерін тарта отырып, балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарының педагогтері мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша әртүрлі төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға арналған білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу 2. «Жас құтқарушы» республикалық слетін өткізуге РБ-дан қаржы қаражатын бөлу қажеттілігі бөлігінде «Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысына ұсыныстар енгізу, сондай-ақ осы слетті жыл сайын өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Ағарту министрлігі ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі ҚР Ішкі істер министрлігі ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Жергілікті атқарушы органдар (өңірлік ТЖД, ПД, ҰҚК, білім беру ұйымдары)

		Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығы		
10	Сабақтан тыс уақытта демалысты ұйымдастыру кезінде балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін нұсқаулықтың болмауы	«2020-2023 жылдардағы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1-ө өкімі «Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022-2024	Сабақтан тыс уақытта демалысты ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін нұсқаулық әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Ағарту министрлігі ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі ҚР Ішкі істер министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі

		жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 187-ө өкімі «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығы «Жолаушылар аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 476 бұйрығы Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 114 «Еуразиялық экономикалық одақтың «аттракциондар қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті туралы» шешімі «Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 74 бұйрығы		ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
--	--	---	--	---

		«Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығы		
11	Балалардың бос уақытын ұйымдастыру, пайдалы жұмыспен қамту және тұрмыстық қызмет көрсету (балалар кафелері, шаштараздар, театрлар, студиялар, үйірмелер, спорт секциялары және т.б.) кезінде жеке мүмкіндіктер мен ерекше қажеттіліктерді ескермеу	Бейіндік орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері	Балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін есепке алу бөлігінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру, пайдалы жұмыспен қамту және тұрмыстық қызмет көрсету (балалар кафелері, шаштараздар, театрлар, студиялар, үйірмелер, спорт секциялары және т. б.) тәртібін регламенттейтін ҚР нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ҚР Ағарту министрлігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Орталық мемлекеттік органдар Жергілікті атқарушы органдар
